



ҚАЗАҚТЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІ

ПРИКЛАДНОЕ ИСКУССТВО КАЗАХОВ
THE APPLIED ART OF KAZAKES



АМАТЪКІТАП



Аманат

*Халқымыздың дәстүрлі төл өнері,
Кәсібім – атамұра қолөнері.
Жинадым әдет-ұрып, салт дәстүрін,
Елімнің көзге ыстық көнелері.*

*Жинаған талай жылғы коллекциям,
Тындаған қарттарымнан өлмес күй, ән.
Көненің көзіндегі бұл мұрағаттан,
Дер едім, келер ұрпақ көрмес зиян.*

*Сенемін келер ұрпақ көрмес зиян,
Өнерім, өлеңімді дербес қоям.
Қабылда аманатты туған елім, –
Алтын бесік алауы сөнбес ұям.*

Д. Шоқпарұлы



Дәркембай Шоқпарұлы
Дәулет Дәркембайұлы

Қазақтың қолданбалы өнері

*ПРИКЛАДНОЕ ИСКУССТВО КАЗАХОВ
THE APPLIED ART OF KAZAKHS*



АЛМАТЫКІТАП 2007

ББК 85.12

Ш-77

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жалпы білім беру салаларына оқу-тәрбие үрдісінде оқу құралы ретінде ұсынады

Ш-77

Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д.

Қазақтың қолданбалы өнері /Көпшілік-танымдық басылым/. –

Алматы: «Алматыкітап», 2007. – 272 бет, суретті.

ISBN 9965-24-806-0

Белгілі суретші-этнодизайнер, өнертану ғылымдарының доценті, профессор (ЖАК), Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәркембай Шоқпарұлы мен ұста-зергер Дәулет Дәркембайұлының бұл кітабында қазақ халқының қолданбалы өнерінің қыры мен сыры егжей-тегжейлі толық баяндалған. Қазақтың қолданбалы өнерінде қолданылатын құрал-жабдықтар, зерттеу, әзірлеу, оған қажет шикізаттар және олардың қолданылу аясы, технологиялық тәсілдері қамтылған. Автордың “Ай-Алқа” жыр жинағынан атакәсіпті насихаттаған кейбір өлеңдері енгізілді.

Иллюстрациялық материалдарға бай бұл кітап қолөнерімен айналысам деген жастарға, өнер зерттеушілеріне, этнографтарға, қазақтың дәстүрлі ұлттық қолөнерін сүйер көпшілік оқырмандарға арналған.

ББК 85.12

Ш $\frac{490400000 - 19}{481(05)-07}$

ISBN 9965-24-806-0

© Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д., 2007

© «Алматыкітап» ЖШС, 2007

Жүргенер этнодизайнері қазақ ұлттық өнер академиясы мемлекеттік мекеме
БИБЛИОТЕКА №1
Государственное учреждение
«Казахская Национальная
академия искусства им. Т.К.Жургенова»

3988



129106



I тарау

*Оюы көптің өрнегі көп,
Өрнегі көптің ермегі көп.
(Халық нақылы)*

*Қазақтың
ою-өрнек
өнері*



ОЮ-ӨРНЕК – ӨРЕЛІ ӨНЕР

Қазақ халқының қолөнерінің сала-саласында кең қолданылып келген, өнердің өте көне, әрі күрделі түрі – *ою-өрнек өнері*. Қазақтың қолтума сәндік өнерінің барлық түрлерінде де оюлар мен өрнектер алғашқы элемент ретінде қолданылады. Ою мен өрнек қолөнер бұйымдарының тұтынушылық және эстетикалық мәнін аша түседі. Сондықтан да қолөнер заттарының әрқайсысындағы оюлау мен өрнектеуге, әшекейлеуге жіті зер сала білу керек.

Ою-өрнек өнері ежелгі замандарда қалыптасқан, халқымыздың тарихымен, өмірімен бірге ілгерілей дамып отырған. Қазақтың байырғы ою-өрнек үлгілері тарихта «андронов мәдениеті» деген, атпен белгілі дәуірден басталады. Бұл дәуір біздің эрамызға дейінгі екі мыңыншы жылдарға тура келеді.

Жер жүзіндегі барлық халықтарда дерлік ою-өрнек өнері көне замандарда қалыптасып, дамып, бүгінгі күндерге дейін өз қасиетін жоғалтпай, жақсы сақталған ірі мәдениет үлгісі ретінде аталады.


Халық арасындағы шеберлер ою-өрнекпен сәулетті ғимараттар мен киім-кешектерді, қару-жарақты т.б. толып жатқан тұрмыста тұтынатын, бұйымдарды мәнерлеп, әшекейлеп отырған.

Ою-өрнек өнерінің даму барысында әрбір тарихи дәуірдің өз таңбасы бар. Ою-өрнек үлгісінде әр халықтың ерекшеліктері, халықтың келбеті айқын танылады.

Халықтың географиялық ортасына, әдет-ғұрып, салт-дәстүріне байланысты, ою-өрнек үлгілері әртүрлі жағдайда дамып, түрленіп отырады.

Мәселен, ыстық аймақтарда тұратын халықтардың ою-өрнектерінде көбіне-көп жемістер мен өсімдіктер жапырағы, хайуанаттар болса, жер шарының солтүстік полюсіне жақындаған сайын ендіктерді мекендейтін халықтардың өрнек үлгісі регионалдық өзгеріске ұшырайды.





Жиектік өрнек



Гүлді өрнек



Торлы ою-өрнек

Сонымен ОЮ-ӨРНЕК дегеніміз – геометриялық және бейнелеу элементтерінің жүйелі ырғақпен қайталанып, үйлесімді құрылуы. Ою сөзін латынның *ornamentum* (орнамент), ал өрнек сөзін орыстың *узор* сөзінің баламасы ретінде қолдануға болады.

Ою-өрнектерді композициялық құрылымына қарай бір жүйеге келтіру үшін ғалымдар үш топқа бөледі:

1. Өсімдік типтес ою-өрнек. Көкөніс өрнектерінде өсімдіктердің гүлі, жапырағы, сабағы, дәні т.б. негізгі элементтері көрінеді.

2. Зооморфтық ою-өрнек. Өрнектер негізінен жануарларды, яғни аң-құс, балық т.б. түрлі жәндіктерді және олардың мүшелерін бейнелейді.

3. Космогониялық өрнек. Өрнектер дөңгелек, ирек, шимай, торкөз т.б. құралады.

Жоғарыда аталған негізгі өрнек түрлерінен бөлек қазақ шеберлері көп қолданатын ою-өрнек элементтерінің мынандай атаулары бар:

а) Аспан әлеміндегі құбылыстарға байланысты өрнектер: *ай, күн, жұлдыз, айшық, аймүйіз, құс жолы, жұлдызша, кемпір-қосақ, т.б.*

ә) Заттардың атауына байланысты өрнектер: *балла, балта, тарақ, балдақ, күмбез, табақ, қармақ, т.б.*

б) Эпиграфиялық өрнектер – яғни жазуды өрнек тәріздендіріп, белгілі бір заттың бейнесіне келтіре әдемілеп, астарлап жазу.

в) Ру таңбалары мен ел таңбалары және малға салынатын ентаңбаларға байланысты ою-өрнек элементтері: *тұмар, айшық, босаға, абақ, тарақ, көз, шөміш, шылбыр, көсеу, ашамай, т.б.*

Халқымыздың бізге жеткен ою-өрнек үлгілері – бай мұра, сарқылмас қазына.


Ою-өрнек – тұрмыста бір бұйымның бетін әшекейлеу үшін қолданылатын нақыш, өрнек. Заттың бетін өрнектеу үшін ісмерлер әртүрлі тәсілді қолданады. Олар: *оймыштау, бедерлеу, шеку, қашау, тісеу, құрау* тәрізді әрекеттер арқылы жүзеге асады. Әр өрнек белгілі бір бөлшектен (элемент) құралады.

Қазақ халқының ою-өрнек өнерін кезінде *В.Куррер, Ф.Т.Куллер, С.В.Иванов, В.В.Стасов, В.К.Волков, С.А.Давыдов, Н.В.Сумцов, А.Н.Бернштам және қазақ ғалымдары Ә.Марғұлан, Т.Бәсенов, Е.Масанов, М.Мұқанов, С.Қасиманов, Ө.Жәнібеков, Б.Тұяқбаева, Б.Әлмұхамбетов, Б.Ибраев, К.Ибраева,*

Т.Жанысбеков, Ж.Шәйкенов, Ұ.М.Әбдіжанбарова және т.б. ғалымдар зерттеген. Дей тұрғанмен, қазақ қолөнерінің осы бір күрделі саласы ою-өрнек өнерін әлі де ғылыми тұрғыдан тереңірек зерттей түсу қажет. Өйткені ою-өрнек өнері осы уақытқа шейін белгілі бір жүйеге келтірілген жоқ. Өрнектің семантикасы, даму тарихы, жасалу әдістері, қай өрнек қандай бұйымға қолданылады, т.б. көптеген сұрақтар өз жауабын күтуде.

Қазақ қолөнерінде ою-өрнек өте кеңінен қолданылады. Халық шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдардың ою-өрнекпен безендірілмегені өте аз кездеседі. Ою-өрнек қолданбалы қолөнер бұйымдарының тұтыну және эстетикалық мән-мағынасын аша түседі. Сондықтан қолөнер шеберлері жасаған заттардың әрқайсысының қалай әшекейленіп, өрнектелгеніне жіті зер салған жөн. Ою-өрнек өнері ежелгі замандарда қалыптасып, халқымыздың тарихымен, тұрмыстағы әдет-ғұрып, салт-дәстүріне сай дамып, түрленіп жетілдіріліп отырған. Жер жүзіндегі барлық халықтарда дерлік ою-өрнек өнері көне замандарда қалыптасып, дамып, бүгінгі күндерге дейін өз қасиетін жоймай, ірі рухани мәдениет үлгісі ретінде сақталып келеді. Халық шеберлері ою-өрнекпен, сәулетті ғимараттарымен, киім-кешек, жиһаз, қару-жарақ, ат әбзелдерін, зергерлік әшекей заттарын т.б. тұрмыста тұтынатын заттарын безендіріп отырған.

Ою-өрнек өнерінің дамуы мен қалыптасуында әрбір тарихи дәуірдің салып кеткен үлгі-таңбасы бар. Ою-өрнек үлгілерінде әр халықтың келбеті айқын танылады. Халық шеберлері өрнек үлгілерін негізінен адамды қоршаған табиғат аясынан алады. Өте ерте замандарда халық ұғымында жер жалпақ әрі дөңгелек деген түсінік болған. Өйткені, мидай жазық далаға шығып, айналаға көз салсақ, дөңгеленген көкжиек сызығын ғана көреміз. Көне кезден келе жатқан наным-сенім бойынша: «Жер бейне бір табанан тәрізді жазық әрі дөңгелек. Ол алып көк өгіздің мүйізіне орналасқан. Өгіз жерді бір мүйізінен екінші мүйізіне ауыстырса, жер сілкінеді. Көк өгіз алып (наһан) балықтың жотасына орналасқан, балық толқындаған теңізде болады».




Геометриялық өрнек



Көкөніс өрнек



Зооморфтық өрнек







Ілияс Жансүгіровтың 1924 жылы жазған «Өк, көк өгіз!» атты өлеңінде жоғарыдағы халық сенімі шебер суреттеледі:

...Сыпыра алғыр тыныш тұрса нетеді,
Жер шайқалса жұрттан зәре кетеді.
Бас шайқалса қоқалақтап қара жер,
Тақиядай елпең-елпең етеді.
...Өк, көк өгіз! Қарасан келгір қышынба!
Сәйгелді ме алып тұрған қысымға?..
Дәл басып түр тұяғыңды аудармай,
Балыыңның төбесінің тұсында.

Ескі діни аңыз бойынша, жер астында үлкен көк төбенің басында алып көктерек өсіп тұр. Көктеректің негізгі жуан төрт бұтағы көк аспан күмбезін тіреп тұрады. Төрт бұтақ төрт тарапқа (шығыс, батыс, оңтүстік, солтүстік) бағыттала өскен. Көктеректің жапырақтарына жер бетіндегі барша адамзаттың аты жазылған. Егер кімде-кім қайтыс болса, аты жазылған жапырақ үзіліп түседі. Үзілген жапырақ жолай басқа бір жапыраққа жанасып кетсе, сол жапырақта аты жазылған адамның құлағы шыңылдайды. Адам баласы фәни дүниеден бақи дүниеге көшерде кеудесіндегі жаны ақтық демімен сыртқа ұшып шығады, әрі ол көк шыбынның кейпіне келеді. Шыбын жаны марқұм болған адамның қырқын, жылын өткізгенше сол үйдің ішінде ұшып жүреді. Қазақта марқұм болған адамға жыл уағы толғанша өлеңмен жоқтау айту үрдісі осы сенімге байланысты туындаған. Марқұмның жылын өткізіп, ас берілген соң шыбын-жан ұшына қара ту ілінген бақанның (найзаның) сабымен өрмелеп жеті қабат көкке көтеріліп, көк төбенің басындағы көктерекке ұшып жетіп, қайтыс болған адамның аты жазылған, үзіліп түскен жапырақтың орнына қонады. Көк шыбын сол жерде қос көк кептерге айналады. Көк теректің тамыры жеті қабат жерге жетеді. Көк кептерлер сол теректің тамыры арқылы адамдармен байланыс жасап тұрады-мыс деген наным-сенім болған ел ішінде.

Сол сияқты көк күмбездегі күлімдеген күн, жарқыраған ай, жымыңдаған жұлдыздардың сыры ашылмай тұрғанда бәрі жұмбақ болып көрінеді. Жердің сілкінуі, жаңбыр мен қардың жауып, жел соғуы, дауыл тұруы бәрі де баяғы заманда өмір сүрген бабаларымыз үшін шешуі табылмағандықтан, осы құбылыстарға аңыз шығарған. Қол өнерімен сөз өнерінде осы аталған табиғат тылсымдарын паш етуге тырысқан.





Жапанда жалғыз ағаш егіледі.

Жел соқса жапырағы төгіледі...—

деген халық өлеңінде жапанда жалғыз өскен ағашты қасиетті санайтын халық сенімінің сілемі бар. Осы күндерге дейін айдалада өскен жалғыз ағашқа әртүрлі маталар, орамал байлау, түбіне күміс теңге тастап кету жоралғысы сақталған.

Жел — стихия, яғни боран, дауыл шақыратындай дүлей күш. Жел ағаштың жапырағын ұшырады, яғни адам өміріне қауіп төнеді. Міне, қолөнер туындыларында жапырақ элементінен тұратын өрнектің көп кездесетін себебі сол. Жапырақ — өмірдің нышаны. Қобыз, асатаяқ т.б. саз аспаптарында сылдырмақ ретінде ілінетін жапырақ және бір-біріне тұмсығын түйістіріп отырған қос кептердің бейнесіне ұқсас салпыншақтар жиі кездеседі.

Әсіресе мұндай салпыншақтар ертеректе бақыслар тұтылған аспаптарда көп қолданылған.

Бөрік, тақия тәрізді баскиімдер суретте сипатталған жердің үлгісі іспеттес. Әдетте төрт қиықтан құралады. Төрт қиықты біріктірген төрт тігіс әлемнің төрт тарабына бағытталған көк теректің төрт бұтағының нышаны. Бөріктің ернеуі жер болса, оның шошақ төбесі — көк төбе, шашағы немесе үкісі — көктерек, яғни аңыздағы алып бәйтеректі меңзейді. Сол сияқты қазақтың киіз үйі, оған қадаған байрақ т.б. да толып жатқан мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Қазақ ұғымында қағылған қазық, ат байлайтын мама ағаш, ұстын, тіреу тәрізді шаншылған тік заттардың бәрі сол көк теректің символы болып саналады. Қазақтың қасиетті саз аспабы қобыздың өзі аталған әлем бейнесі іспеттес. Егер қобыздың аржасы мен шанағын бөліп алып қарасақ — көк өгіздің басы тәрізді, ал шанағы жұмыр жер болса, мойыны мен басы — көк терек. Басындағы салпыншақтары көк жапырақ пен көк кептерлер. Олай болса, жапырақ — тірі адамдар да, көк кептерлер — әруақтар.

Өрнек элементтерінің бірі «балық көз» деп аталады. Өрнектің бұл түрі көбінесе зергерлік бұйымдарда, мүйіз бен сүйекпен оймышталған заттарда жиі кездеседі. Қазақ ұғымында, бұл өрнектің мағынасы оқу, білім, ғылым дегенге саяды. Тілімізде «көзі ашық адам» деген тіркес бар. Ол оқыған, білімді, ғалым адам деген сөздің орнына жұмсалады. Сол сияқты ертеде қазақ ұсталары теріден жасалған қаттамаға металдан балықтың қабыршағы тәрізді қаңылтыр орнатып, батырлар киетін сауыт жасаған. Оны «көбелі сауыт» деп атаған.

Зергерлік өнерінде келбеті шыбынға, балыққа келетін қалыптар көп кездеседі. Балық суда болады дедік: қазақ шеберлері өрнектің өзі мен өрнек орналасқан аясын (өрісін) бөліп тұратын жіңішке сызық сызып немесе ширатылған жіп арқылы екі түстің арасына шек салады. Міне осыны су жүргізу деп атайды. Сондай-ақ теңіз толқынына ұқсайтын өрнек бөлшектерін «толқын», «ирек» деп те атайды.



Аспан шырақтарынан алынған өрнек элементтері, ай, айшық, күн, жұлдыз, темірқазық, үркер, кемпірқосақ т.б. қолөнерде өте жиі ұшырасады.


Су жүргізу

Ою-өрнекпен көп жұмыс жасайтын тәжірибелі ісмерлер қатар орналасқан екі түстің арасын асқан шеберлікпен үйлестіре білген. Ол үшін, қазақ ісмерлері сырмақ сырғанда, ою-өрнекпен түрлі бұйымдарды безендіргенде әр түсті матаның, немесе киіздің арасына есілген жіп салады. Сонда қатар жатқан әр түсті бұйым бір-бірімен әдемі астасып, жарасым, үйлесім табады. Осы тәсілді ісмерлер «су жүргізу» деп атайды. Ертеректе жер бөлгенде шекараны өзен-су, тоған-арық арқылы межелейтін үрдіс болған, сондықтан «су жүргізу» сөзінің төркіні содан алынған деп топшылаймыз. Яғни, су жүргізу сөзінің мағынасы бөлу, ажырату, анықтау, айқындау, т.с.с. болады.

Қорыта келе айтарымыз, ою-өрнек үлгілерін жинау, зерттеп зерделеу, дамытып насихаттау жұмыстары әлі де кенже қалып отыр. Кезінде ою-өрнек өнерімен тікелей айналысқан *Гани Ильев, Сәлима Абдулқызы Әзірбаева, Сапар Төленбаев* сынды шілеңгір шеберлердің де еңбектері арнайы зерттеуді және зерделеуді қажет етеді. Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер Академиясының «Сәндік өнер және дизайн» факультетінде ою-өрнек үлгілерін жинау және зерттеп зерделеу жұмыстары қолға алына бастағанын айта кетуді жөн көрдік.

Осы еңбегіміз ою-өрнек өнерімен айналысып, оның қыры мен сырын зерттеп, зерделеймін деуші жастарға септігін тигізіп жатса, нұр үстіне нұр демекпіз.









Ою ойып, өрнек салам десеңіз...

Өз бетімен ою-оюды үйрену үшін мынадай құралдарды сайлап алу қажет: қайшы, қарындаш, өшіргіш. Бір парақ шаршы қағаз алыңыз да 1-сурет, 2-суреттегідей екіге бүктеңіз.

Содан кейін 3-суретте көрсетілгендей төрт қабаттап бүктесеңіз үшбұрыш пайда болады. 3-суретте көрсетілгендей, сол үшбұрыштың бетіне болашақ өрнектің суретін салып, ақ бөлігі мен қара бөлігінің арасын қуалап қайшымен ойып алыңыз. Ойып болған соң, 4-суретте көрсетілген ретпен қағаздың бүктеуін жазсаңыз, 5-суреттегідей ою үлгісін аласыз.

5-суреттегі оюдың қара бояумен боялған бөлігін *өрнегі* деп атайды, ал 6-суреттегі көрсетілгендей қара бояумен боялғанын *өрісі* (фон) дейді. Оюдың өрнегі мен өрісін түрлі түсті бояуға үйлестіре бояп қояды. Кейде екі түсті аша түсу үшін өрнек пен өрістің арасын жіңішке етіп үшінші түспен бөледі. Оны *су жүргізу* деп атайды. Енді жаңағы қиып алынған оюдың өрнегін суретте көрсетілгендей тәртіппен ортаға орналастырып, күрделі композиция құрып көрелік. 5-суреттегі қара бояумен боялған өрнекті соңғы суреттің сол жақ бөлігіндегідей етіп ортаға орналастырамыз, оң жақтағы ақ бояумен боялған өрнектер қатар түседі. Осының екеуін де *орта гүл* деп атайды. Орта гүлді 4-суретте көрсетілгендей ортасынан бөлеміз. Мұны *қолтықша* деп атайды. Енді қолтықшаны соңғы суреттегідей екі орта гүлдің арасына бір-біріне қарама-қарсы орналастырамыз. Сонда күрделі композицияның екі варианты дайын болды. Оң жағы мен сол жағы қарама-қарсы боялған себебі, екі вариантты бірдей көрсетудің тәсілі.

Міне, осы әдіспен әртүрлі жазықтық алып, (шаршы, ромб, үшбұрыш, шеңбер, т.б.) солардың ішіне әртүрлі өрнектермен композиция құруға болады.



Ою-өрнектердің өрбуі
(Ө. Жәнібековтің мәліметі)



мүйіз



ағаш



шеңбер



сүйір




қосмүйіз



жанырақ



шімай



ірек



қыңыр мүйіз



үш жанырақ



төрткұлақ



төртүшкіл



қаз мойын



өткізбе



шұғыла



балдақ



табан



шыыршық



жұлдыз



қармақ



өркеш



гүл



айшық



тұмарша



өрмекші









жауқазын



бітпес



шыңжара



Ою-өрнектің өрбу тарихы
(Т.К. Бәсеновтың мәліметі)

Ою-өрнектің әрбу тарихы
(Б.А. Әлмұхамбетовтің мәліметі)



Ж Ш

а р о
о



Ою - өрнек элементтері
және олардың аталуы
(Ү.М.Әбдіғапбарованың
мәліметтері)



Мүйіз ою

қолтық ою



Мүйіз


қошқармүйіз

қосмүйіз



табан

қыңырмүйіз түйетабан




шеңбер

сырға теру



шимай

ирек



төрткүлақ

төртүшкіл



ҚАЗАҚ ТҰЛҒАҚ
ӘТІМІ
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ, ЕЖІМДІК ЖӘНЕ
ТҰЛҒАҚ АРХИВІ»

Ою - өрнек элементтері және олардың аталуы
(Ұ.М.Әбдіғапбарованың мәліметтері)



өткізбе



қазмойын



қарғатұяқ



шынжыра



балықкөз



күн



үш гүл




өркеш




солақ теру



таңдай



нәйзекі



дөдеге




бауырсақ



балта сабы




бота мойын



жұлдыз



өрмекші



иттабан



сыңармүйіз



солақ



келінбармақ



қос дөңгелек



жұлдызша




шұғыла



балдақ




бестаңба



жіліншік



тұмарша



орамал балдақ



жұлдыз



қармақ



балта



гүл



қайнар



Қанатты ою




түндік ою



айшық




тұмарша




бес дөңгелек



омыртқа



қаңқа



гүл ою



бітпес



шынжара



жарты сірге



балдақ тұмарша



қорасан



екі жүздеме




аштархан теру



балдақ тұмарша



сынық мүйіз



жарты қорасан



бүтін екі жүздеме



кіші қора

үлкен қора



тікмүйіз



жарты екі жүздеме




туырлыққас



қажары

жарты қажары



мүйізді қорасан



жүз теру




сырға



түркімен теру




сұлама



шытырман



балдақ тұмарша



түк



құсқанат



сірге теру



шаттық



теріс бұғақ



қос мүйіз



шаттықтағыдай




шалма



кесікбас қора теру



құсқанат



шақа гүл



кереге



теңіз



су, мал, гүлден құрастырған ою



Қос қанат

Д.Шоқпарұлы


*Бабамнан қалған мұра төс пен көрік,
Ұста әкемнің үлгісін өскем көріп.
Ұынамын осыны мол байлық деп,
Басқа байлық мен үшін бес теңгелік.*

*Қысқашы мен бабамның баласы бар,
Үзілмейтін өнердің жалғасы бар.
Әкем марқұм тұтынған әр аспапта,
Табы менен қолының таңбасы бар.*

*Мал қалмады әкемнен, тал қалмады,
Мансұқ еттім өнерді жалғазанды.
Ден қойдым қолөнерге – атамұра,
Айтшы кім, сол өнерге таңалмады?*

*Балам менен қаламым – қос қанатым,
Өлең, өнер бәйгеге қосқан атым.
Мен үшін осы екеуі болмай қалса,
Секілді мынау жалған бос қалатын.*




*Сомдадым сөз асылын қаламыммен,
Аздаған аллам берген талабыммен.
Қос қанатым – қаламым, балам барда,
Қалайша қол қусырып қаламын мен.*



II тарау

*Шеберлердің қолында
Кәсіп болған бұл ағаш.
Қашаған жырау.*

*Ағаш
өңдеу*



Ағаш – адам баласы жер бетінде пайда болған кезде ең алғаш тұтылған материалдың бірі болып саналады. Қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап өскен заманында біздің күнделікті өмірімізде ағаштың алатын орны зор, маңызды материал.

Қалтамыздағы сіріңкенің бір тал шырпысынан бастап, кең-байтақ еліміздің шартарабында жүріп жатқан алып құрылыстарда ағашсыз көп ісіміз ақсап жатқан болар еді.

Сондай-ақ қазақ жері де орман-тоғайға өте бай (Республикамыздың жалпы орман қоры 22 миллион гектар).

Бағзы замандардан-ақ адам баласы ағаштың қасиетін жоғары бағалаған.

Дүние жүзінің көптеген халықтары ағашты киелі санап, ағашқа табынған. Африка елдерінде ағашты құлатпастан (жықпастан) бұрын ағаштың түбіне пальманың майын құяды екен.

Соңғы кездерге дейін тунгустар ағашты кескенде, ағаш ауырсынып жылайды-мыс деп сеніп келген.

Белорустарда ертеректе шетен ағашын қиған адам өледі, сықырлап тұрған ағашты қиюға болмайды, себебі онда адамның қиналып тұрған жаны бар, немесе сондай ағаштан салынған үйдің тұрғындары көкжөтелмен ауырады; безі бар ағашты қиған адамға жара шығады, өсіп тұрған ағаштың қабығын аршыса мал қырылады-мыс деген сенім болған.


Поляктар жай соққан ағашты, өзегі бар қарағайды құрылысқа пайдаланбайды. Әсіресе қураған бұтағының орны қуыс болып қалған ағаш өлім шақырады деп қатты қорқады.

Орыс шаруаларында жөке ағашын қиған адам орманда ада-сып кетеді деген сенім болған.

Ежелгі Римнің тарихшысы әрі жазушысы Танит: – «Байырғы германдықтардың емен мен қарағай киелі ағаш, оларда бүкіл тіршілік иелерінің жаны мекендейді», – деп сенгендігін жазады. (Лес и человек. 1979. Ежегодник; изд. Лесная промышленность).

Сол сияқты қазақта да ағашты бейберекет кесуге тыйым салатын көптеген ырымдар бар.

Егер науқастың беті бері қарамай, қатты қиналып жатса, қиналмай тез үзіліп кетсін деп, үйдің уығын немесе тамның ары-





сын жонатын ырым бар. Тере берсек ағашты киелі санайтын осы тектес параллельдер барлық дүние жүзінің халықтарында кездеседі.



Осыдан барып ерте кезден-ақ адамзат санасында экологиялық тепе-теңдікті сақтауға ұмтылушылық, табиғатты аялау, қорғау сияқты ізгі ниет болғандығын байқаймыз.

Ағаштың қасиетін ашатын мына бір жыр жолдарын келтіре кетуді жөн көрдік.

Бір күні Қашаған жырау Есқали деген сопының үйіне келсе, сопы оның домбырасын көріп: «Шайтанның қу ағашы бұл үйге қалай келді», – деп жақтырмаған сыңай білдіреді.


Сонда Күржіманұлы Қашаған домбырасын ала сап жырды төпей жөнеледі:

...Келе салып сопыеке
Домбырамды боқтадың.
Домбырамды боқтасаң,
Өзімді басқа соққаның.
Сопылығың қай жақта
Шын тентекке ұсадың.
Қолымдағы қу ағаш,
Сайрап отыр бұл ағаш.
Асылы емен қарағай,
Шыққан жері су ағаш.
Жаның сая табатын,
Орман болған бұл ағаш.
Қорыққанда жалғызға
Қорған болған бұл ағаш.
Бұтақтары бүгіліп,
Көктен төмен үңіліп,
Қарның ашып келгенде,
Жүрегіңді жалғауға,
Нәсіп болған бұл ағаш.
Пайғамбарлар туғанда,
Бесік болған бұл ағаш.
Мұнаралы әр жерде,
Мешіт болған бұл ағаш.
Шеберлердің қолында
Кәсіп болған бұл ағаш.
Өзіңді халық сопы дейді
Боқтағаның қай ағаш?





Бұрынғы өткен заманда,
Болған екен көп ұрыс.
Көп ұрыстың кезінде,
Жәбірейіл жәннеттен
Алып келген төрт қылыш.
Төрт қылыштың атын айтатын:
Біреуінің аты – Хамхам,
Біреуінің аты Сәмсам,
Біреуінің аты – Зұлқажжа,
Біреуінің аты – Зұлпықар.
Қынабына солардың,
Қап та болған бұл ағаш.
Аруақты ерлерге
Жақ та болған бұл ағаш.
Найзасына батырдың
Сап та болған бұл ағаш.
Дариядан өткенде
Пырақ болған бұл ағаш.
Қараңғыда жарығы
Шырақ болған бұл ағаш.
Қаріп пенен қасірге,
Қуат болған бұл ағаш.
Жетім менен жесірге,
Суат болған бұл ағаш.
Өзіңді халық сопы дейді,
Боқтағаның қай ағаш?
Өздеріңдей сопыға,
Аса болған бұл ағаш.
Аңдып жүрген шайтанға,
Таса болған бұл ағаш.
Жаңа дәрет алғанда
Сәждеге басың салғанда,
Аузыңа салған мәсуек
Ағаш емей арқан ба?
Ағашты сондай боқтайсың,
Сопыеке-ау қалай айтасың
Ағузы менен алқамды?
Домбыраны күнә десеңіз,
Жиын менен тойдікі.
Ішегін күнә десеңіз,





Жұмақтан келген қойдікі.
Пернесін күнә десеңіз,
Есебі ол — пәннің он екі.
Хазіреті Біләлдің
Құлағы екен деседі.
Тиегін күнә десеңіз,
Шиеленген сырды шешеді.
Атамыз адам пайгамбар,
Жеті сазбен жерге кеп,
Күй шертіпті деген бар.
Ол күндегі о да саз,
Бұл күндегі бұ да саз.
Сазды күнә деп жүрген,
Молдеке сенің ақылың аз.
Домбыраның бізге күнәсі аз.
Үстіңе тіккен үйіңіз,
Шақырса бұған келмей ме,
Қазірет қалпе биіңіз.
Ас салып берер табағын,
Сусын ішер аяғың,
Ағаш емей немене,
Басыңда бар ма миыңыз?
Қанша сопы болсаңда,
Кеткен жоқ па сыйыңыз... — деп, сопының ит терісін

басына қаптаған екен.



Мінеки, халқымыздың ағаштың әртүрлі қасиеттерін жоғары бағалап, одан тұрмыста тұтынатын әртүрлі бұйымдар жасап, «Әкеден мал қалғанша тал қалсын», «Бабын тап та бақ өсір» деген нақыл сөздерді бекер айтпаған.


Ағаш шеберлері ағаштың ерекшеліктерін, әр ағашқа тән қасиеттерін жақсы білуі шарт. Олар ағаштың: *қаттылығы, салмағы, тығыздығы, иіліштігі, серпімділігі, түсі, дәмі, тұтқырлығы, жарылғыштығы, шайырлығы, дыбыс өткізгіштігі* т.б.

Музыка аспаптарын дыбыс өткізгіштік қасиеті жоғары ағаштардан жасайды.

Ондай ағаштарды шеберлер тілімен «шешен ағаштар» деп атайды.

Сол ағаштар туралы Қорқыт айтыпты дейтін жолдарды назарларыңызға ұсынып отырмыз. (Р. Бердібаев. Сарқылмас қазына. М., 83).






*Қарағайдың түбінен,
 Қайырып алған қобызым.
 Үйеңкінің түбінен,
 Үйіріп алған қобызым.
 Желмаяның терісін
 Шанақ қылған қобызым.
 Бесті айғырдың құйрығын
 Ішек қылған қобызым.
 Құлағыңды бұрайын,
 Осы айтқаным болмаса,
 Қайырып жерге ұрайын.
 Ақ қайыңның безінен,
 Қағып алған қобызым.
 Өзегінен қара емен
 Ойып алған қобызым.
 Қыл құйрығын тұлпардың
 Ішек қылған қобызым.
 Таутекенің мүйізін
 Тиек қылған қобызым.
 Ақ түйенің сүтіне
 Сылап алған қобызым.
 Сырыңды ашып, үніңді
 Сынап алған қобызым.
 Ақ ырайын қияның
 Құлақ қылған қобызым.
 Ортекенің терісін
 Сауыт қылған қобызым... — деп келеді.*

Осы жолдардан музыка аспаптарын жасауға ағаштың қандай түрлерінен музыка аспаптарының қандай бөліктері әзірленетінін, және ағаштан бөтен, музыка аспаптарын әзірлеуге қандай материалдар жұмсалатыны көрініп-ақ түр емес пе? Енді осы жолдарды талдап көрелік. Қарағайдың түбінен үйеңкінің түбінен, деп келетін жерлері әшейін ұйқас үшін алынып отырған жоқ. Ағаш шеберлері кез келген ағаштың түп жағы берік, әрі бұтағы аз болатынын тәжірибе жүзінде жақсы біледі.

Ақ қайыңның безінен, — дейтіні қайыңның безі (*үйілі, көзі, беріші* — деп те атайды) ағаш діңінде көбінесе түбірінде болады. Ол бүршіктердің атпай бұйығып қалу салдарынан пайда болады.

Ағаштың безінен жасалған бұйым өте әдемі әрі берік болады. Ұстала келе қызыл қоңыр, шұбар түсті әдемі табиғи өрнегі (тек-





стурасы) ашыла түседі. Одан шеберлер әртүрлі құты ыдыс-аяқ, музыка аспаптарын әзірлейді.

Заманымыздың дүлдүл ақыны Ілияс Жансүгіров «Саптаяқ» деген өлеңінде осы қайыңның безінен ойылған саптаяқты былай жырлайды:

Қабаққа біткен қайыңның
Беріші еді, безі еді.
Өтіндей-ақ аюдың
Әкемнен қалған көз еді.

«Ақ ырғайын қияның құлақ қылған қобызым», – дейтіні, музыка аспаптарының құлағын ырғай, шырғай, тобылғы т.б. қатты ағаштардан әзірлейтіні.

Осы аталған ағаштарды жеке-жеке талдасақ.

Қарағай

Домбыра қолда қарағай,
Қолға да оны алған соң,
Жүйрік туған ағаңыз,
Арыдан бері тербетер.

Шал ақын

Ағаштардың ішіндегі ең «шешені» сөйлегіші қарағай деп санайды шеберлер.

Қарағайдан домбыраны тұтас шауып та жасайды, немесе басқа ағаштан шабылған домбыраның қақпағын міндетті түрде қарағайдан салады. Шеберлер сан жылдаған тәжірибенің нәтижесінде қарағайдың тербелу арқылы дыбыс шығару (резонанс) қабілеті өте жоғары екендігін дөп басып таба білген.

Әдетте халық шеберлері домбыра жасау үшін «ұрғашы қарағайды» таңдап алады.


«Ұрғашы қарағай» дегеніміз – таудың теріскей беткейіне (қапталына) өскен қарағай діңінің солтүстік жағындағы жартысы. Ұрғашы қарағайда яғни ағаш діңінің солтүстік бағыттағы жартысында бұтақ болмайды, жылдық сақиналары жиі, әрі шайыры аз болғандықтан дыбыс шығару қасиеті жоғары болады.

Түт ағашы

Бір жыл түт еккен кісі
Жүз жыл гауһар терер.

Өзбек нақылы





Тұт еккенің – құт еккенің.

Қазақ нақылы

Тұт ағашын негізінде жібек құртын өсіруге пайдаланады. Орта Азияның шеберлері музыка аспаптарын әзірлеуге ең тиімді ағаш ретінде тұт ағашын өте жоғары бағалайды. Одан музыка аспаптарын тұтас шауып та, құрап та жасауға болады. Дыбыс жаңғырту қасиеті өте жоғары болады.

Үйеңкі – қатты әрі тығыз ағаш. Сүрегі біртекті ақ сарғыш түсті болып келеді. Домбыраны үйеңкіден тұтас шауып немесе құрап әзірлеуге де болады. Үйеңкі Кавказда, Карпат тауларында, Қазақстанның таулы аймақтарында көптеп кездеседі. Музыка аспаптарын әзірлеуге өте қолайлы ағаш.

Емен

Балтаға емен де бас иеді.

Халық нақылы

Өте қатты, тығыз, берік ағаш. Ағаш сүрегінің түсі сарғыш қоңыр болып келеді.

Емен ағашынан бұйымдар жасағанда өте абай болу керек. Себебі емен өте жарылғыш келеді, сақтықпен кептірмесе, өзегін қуалай шытынап, жарылып кетеді. Еменнен жасалған музыка аспабы өте әдемі болады, ұстала келе табиғи өрнектері ашылып, жылтырай береді.

Қайың

Атақты адамзатқа қайың едім,
Жаратса не керекке дайын едім.

Жолдекей ақын

Қайың сүрегі біркелкі ақ түсті, қатты ағаш. Қайыңның безінен жасалған бұйым әдемілігімен, беріктігімен ұтымды. Ол күнге қаңсымайды, ыстық-суыққа төзімді болады.


Қайыңның тозын музыка аспаптарына қап жасау үшін пайдаланылады.

Терек

Қолға алса терек қобыз бақсы болар,
Домбыра істеуге де жақсы болар.

Жолдекей ақын

Сүрегі ақ түсті жұмсақ ағаш. Бабымен кепкен терек көп жарылмайды, кепкен сайын киізденіп қатая түседі.





Теректі зімпарамен (наждак) өңдесе түгі шығып тұрады. Сондықтан шеберлер теректен бұйым жасағанда өткір сайманмен өңдеп қана қояды.

Тал

Бір талды кессең,
Он тал ек.

Өзбек нақылы.

Иілгіш, сүрегі ақ түсті, жұмсақ ағаш. Кебе келе қатайып кетеді, кепкен тал өте жеңіл болады. Талды көбінесе домбыраны құрап жасағанда иін болып келетін жерлеріне қолданады. Сондықтан шеберлер: «Тал шағында бүкпесең, таяқ шағында иілмес», – дейді.

Жеміс ағаштары

Ағаш жемісімен де,
Желегімен де қымбат.

Халық нақылы

Жоғарыда қазақ топырағында көп кездесетін ағаш түрлерімен таныстырып өттік.

Солармен қатар шеберлер бұйымдар жасау үшін жеміс ағаштарының барлығын жарамды деп санайды. Олар: *алма, алмұрт, алхоры, жиде, шие, долана, өрік* т.б.

Барлық жеміс ағаштарына тән қасиет: *қатты, тығыз, жылтыр* болып келеді.


ШЕБЕРАІК СЫРЫ

Шыдамы жеткен шебер болар.

Халық нақылы

Шебер ең алдымен ағашты таңдау, дайындау, сақтау сияқты шараларды дұрыс меңгеру қажет.

Су ағашты бабымен кептіру үлкен жауапкершілікті талап етеді. Ол үшін ағаштың қабығын аршып, егер ағаш діңінің диаметрі 10–15 см жуан болса, онда құрғақ лапастың астына ағаштың жуан жағын (түп жағын) жоғары қарата тігінен тұрғызып қойып кептіреді. Көлденең кесіндісіне сыр жағып, кесілген жерінен бірекі елідей шегіне сым темірмен буып, бұрап қойған дұрыс.





Күн көзі ағашқа тура түссе ағаш жарылып, іске жарамсыз болып қалады. Ертеректе халық шеберлері ылғал ағаштың қабығын аршып өн-бойын тұтас сиырдың жапасымен сылап, көлеңке жерде кептірген.

Немесе қабығы аршылған ағаш діңін көңнің арасына көміп қойып та кептіреді.

Сол сияқты ағаш дайындамаларды құрғақ құм, топырақ, ағаш үгіндісі мен құрғақ жапыраққа көміп қойып та кептіруге болады.

Байырғы шеберлер ағаш неғұрлым ұзақ кепсе (сақталса) соғұрлым сапасы жоғары болады деп есептеген.

Ағашты жармай, шірітпей, ағашжегі сияқты құрттар мен әр түрлі бактерияға шалдырмай кептіру үлкен өнер.

Қазір ағашты арнаулы ыстық ауамен немесе пештің қызуымен кептіретін арнаулы өндірістік қондырғыларды да пайдалануға болады.

АҒАШ БОЯУЛАРЫ

Ишілер ақ теріні тон қылады,

Бояу ап құба талдың қабығынан.

Жолдекей ақын

Музыка аспаптарын сырмен немесе майлы бояулармен бояуға болмайды. Бояудың құрамындағы май ағашқа сіңіп, аспап дыбысының таза шығуына елеулі нұқсан келтіреді. Сондықтан халық шеберлері музыка аспаптарын әрлеу үшін *жоса*, т.б. табиғи бояуларды пайдаланған. *Жоса* дегеніміз қызғылт-сарғыш түсті бояу топырақ.

Жосадан бояу әзірлеу үшін оны қазып алып, күн көзіне жайып кептіреді.

Әбден кепкен жосаны уатып, (ұнтақтап) жаншып елекпен елеп, суы бар ыдысқа салып араластырып бір жетідей уақыт бұқтырып қояды. Суы буланып кетпес үшін ыдыстың қақпағын қымтап жауып тастау керек.

Құйылған судың деңгейі топырақтан екі-үш елідей жоғары болуы шарт.

Суда бір жеті жатқан жоса ылғалды бойына тартып жібиді. Құрамындағы шөп, ағаш тамыры, жапырақ т.б. бөгде заттар

қалқып бетіне шығады да тас, құм сияқты ауыр заттар түбіне шөгеді.

Соңғы бір-екі күнде ыдыстың бетін ашып, судың буланып кетуіне мүмкіндік туғызу керек. Суы буланып, жоса сәл тобарсыған соң, ағаш қалақпен топырақтың бетіндегі бір елідей қабатын қалқып алып тастап, тағы сәл тобарсыған соң ыдыстың түбіне бір елідей жеткізбей жібіген жосаны еппен басқа ыдысқа қотарып алу керек.

Содан соң аздап су қосып, жаншып илеп, көлеңке жерге қойып, балшық қоюланғанша кептіріп, қолмен жентектеп күн көзіне тигізбей жайып кептіреді. Кепкен топырақ жентектерді қайта ұсатып, темір келіге салып ұнтақтап, қайтадан су қосып илеп, ұзақ араластырып, екі қабатталған дәкеден жасалған сүзгіден өткізіп алса бояу әзір болады. Ағаш бұйымдарды жосамен бояғанда қажетінше су қосып, ағашқа жосаны біркелкі жағып кептіреді. Содан соң тұзды суға таза киіз немесе шұғадан жасалған бұлғауышты батырып, сонымен жосаланған ағаш бұйымды жақсылап ысып кептірсе, бояу қолға, киімге жұқпайды.

Сол сияқты, *томар бояу, қына, рауғаш, сары ағаш, шырғанақ* т.б. сол сияқты өсімдіктердің тамырын күзде жинап, жуып кептіріп алу керек.

Емен, тал, терек ағашының қабығы, ермен мен жусанның бүрі, жеміс ағаштарының күзде түскен *жапырақтары, пияздың қабығы* да бояу әзірлеуге жарамды.


Осы аталған бояу жасалатын өсімдіктердің *тамырын, қабығын, жапырағын* кептіріп, ұсақтап алып қайнатады. Басытқы ретінде аздап ас тұзын, ашудас қосып, ұзақ қайнаған соң ірімтігін сүзіп алып, бояудың қанжылым кезінде ағашқа бұлғауышпен жағады. Бояу біркелкі сіңу үшін, боялатын ағаш бұйымды алдын-ала ылғалдап алған жөн.


Ағашты қарып әшекейлеу

Ағаш бұйымдарды қарып әшекейлеудің бірнеше тәсілі бар. Өкінішке орай, ағаш жануға, сынуға, шіруге бейім болғандықтан, ертеректегі шеберлердің ағашты қарып, күйдіріп әшекейлеген бұйымдары бұл күндері сирек кездеседі.

Ағашты күйдіріп әшекейлеу (өрнектеу) дегеніміз – ағаштан жасалған бұйымның арнаулы өңдеуден өткен бетіне қыздырылған металл қалыптармен, біздің ұшымен қарып өрнек салу, жазу т.б.

Осы әдісті домбыраның шанағын, қақпағын, мойнын





әшекейлеп, өрнектеуге де қолдануға болады. Ол үшін домбыраның әшекейленетін бетіне қарындашпен өрнектің нобайын сызып алып, әртүрлі мәнерде иілген арнаулы металл (темір) қалыптарды отқа қыздырып, өрнектің бойын қуалай, қарып шығуға болады.

Ертеректе шеберлер ру таңбаларын, адам аттарын да қарып ағаш бұйымдарға түсірген.

Қарағай, самырсын, шырша тәрізді шайырлы ағаштардан жасалған бұйымдардағы ағаштың табиғи өрнегін (текстурасын) аша (айқындай) түсу үшін, өңделген бұйымды оттың жанына шарпытып алса, ағаш талшықтарының шайырлы жерлері сақталып, шайыры жоқ тұстары күйіп, қара-қоңыр түске еніп, әсем жолақты өрнек пайда болады.

Қазір ағаш шеберлері электр тогының қуатымен қызатын трансформаторлы электроқарығышты пайдаланады. Бұл аспаппен жұмыс істеу өте қолайлы. Токтың кернеуін 12-ден 2 вольтке шейін кемітіп, реттеп отыратын арнаулы тетігі болады. Аспаптың қаритын инесі бекітілген сабын қолға ұстап, кәдімгі қаламмен жазғандай жұмыс істей береді. Жұмыс істегенде қызған иненің ұшымен жайлап сызып немесе ұсақ нүктелерді қатарлап қари отырып, сарғыш қоңырдан шымқай қара түстің арасындағы реңдерді қажетіне қарай қарып шығуға болады.

ЖЕЛІМ

Желім табиғи немесе жасанды синтетикалық заттардан тұрады. Ол әртүрлі материалдарды желімдеп, біріктіру үшін қолданылады.

Табиғи желімдер жануарлар мен өсімдіктерден, ал синтетикалық желімдер әртүрлі синтетикалық смоладан химиялық жолмен өндіріледі.

Шеберлер негізінен табиғи желім, оның ішінде жануарлардан өндірілетін желімді қолданады.

Ертеректе халық шеберлері терінің шелін, пұшпақтарын, мүйіз бен тұяқ тері-терсекті қосып, қазанға салып ұзақ қайнататын.

Ұзақ қайнаған сайын қазандағы қосынды қоюлай түседі.

Әбден қоюланған кезде үстіне үстеп су құйып, араластыра отырып, біраз уақыт қайнатып, сәл суыған соң, қапқа құйып, қаптың астына ыдыс қойып, іліп қояды.

Ыдысқа жиналған сұйық желімді қайтадан қайнатып, қоюланған кезде металл ыдысқа қотарып суытып қояды. Содан соң кептіріп желім қатайған соң, оны ылғал тимейтін жерде сақтап, шетінен опырып алып, қажетіне қарай пайдалана беруге болады.

Қазір осындай желімдер өндірісте көптеп шығарылып жатқандықтан желімді қолдан әзірлеудің қажеті бар ма?

Осындай желімді кезкелген шаруашылық бұйымдарын сататын дүкендерден кездестіруге болады. Оны глютин желімі деп атайды. Олар кесек плитка түрінде, ұсақ бытыра тәріздес болып кездеседі.

Түсі сарғыштан қоңыр түске шейін өзгеріп отырады.

Музыка аспаптарын жасауға (желімдеуге) экстра мен жоғары сорты қолайлы болады.

Бұйымдарды желімдеу үшін желімді дұрыс ерітудің маңызы зор. Егер желім өте сұйық болса, онда ағаштың желімдеген бөлшектері берік болмайды.

Желім күйіп кетсе де, сапасы төмендеп, желімдеген бөлшектер ажырап кетеді.

Сондықтан құрғақ, қатты желімді ұсақтап, таза ыдысқа салып, үстіне қайнаған жылы су құяды. Судың температурасы 18–20° С-дан аспағаны дұрыс.

Құйылған судың деңгейі желімді тұтас жауып тұратындай болу керек.

Желімді осы әдіспен 10–12 сағаттай уақыт жібіткенде, ол суды бойына тартып ісінеді. Содан соң, желімді арнаулы конус тәрізді қаңылтыр ыдысқа қотарып, одан гөрі кеңірек ыдысқа су құйып, желім салынған ыдысты соның ішіне орналастырып суды қайнату керек.

Желімді араластыра отырып, суды біраз уақыт қайнатып, іртігін кетіру керек. Желімнің температурасы 80° С ден аспауы шарт. Желім әзір болғанда, беті көбіктене бастайды, сол кезде таяқшаға желімді жағып алып, бас бармақ пен біріктіре ұстап, жазып жібергенде желім саусақты тұтып қатты жабысса онда қайнатуды тоқтатып желімдеу жұмысын жүргізе беруге болады.

Желімнің бетіндегі көбіктің арасында ауа болғандықтан, желімдеместен бұрын 6–10 минут желімді тұндырып, көбігі басылған соң пайдалану керек.





ШЕБЕРДІҢ ШЕБЕРХАНАСЫ

Бармағынан бал тамған,
Не шеберлер өтіпті,
Үлгі берген өнермен.

Ақтан Керейұлы

Ағашты өңдеп, одан әртүрлі бұйым жасайтын адамдарды *ағаш ұстасы, ағаш шебері, ағаш оюшы*, кәсібінің ыңғайына қарай, *балташы, үйші, ерші, музыка аспабын жасаушы* т.б. деп атай береді.

Шебердің жұмыс істейтін орнын – *шеберхана* деп атайды.

Шеберхана әрі кең, жарық жеткілікті түсетін бөлмеге орналасқаны жөн.

Жарық күні бойы біркелкі түсу үшін шеберхананың терезелері солтүстік жақта болғаны дұрыс.

Шеберханада ылғалды температуралық режим тұрақты болуы шарт.

Құрал-саймандар.

Құралсыз ұста – қолсыз пенде – күшің шығын.

Халық нақылы

Кез келген жұмысты бастар алдында құрал-сайманды сайлап алған жөн. Қажет құрал-жабдық болмаса, құр қолмен ешқандай жұмыс атқаруға болмайды.

Ертеректе бір әдемі бұйымды көріп біреу: «мынаны әлгі атақты найман ұста жасаған екен ғой», – депті. Сонда екінші біреу тұрып: «Бұйымды найман жасамайды, сайман жасайды» деген екен.



Сондықтан ағаш шебері алдын ала құрал-саймандар әзірлеп алу керек.

Сол жабдықтар арқылы ағаш ұсталарының атқаратын негізгі жұмыстары мыналар: *кесу, шабу, қию, жону, керту, ою, оймыштау, қырнау, қыру, тесу, сүртілеу, тілу, қару, бояу, жылтырату, сырлау, шегелеу, желімдеу* т.б.

Әр құралды жеке-жеке талдасақ.

Ара.

Қайрамай ма араны,
Өткірірек болсын деп.





Үйретеді баланы,
Ақылы өсіп толсын деп.

Орыс мақалы

Ағашты көлденең кесуге немесе ұзынынан сүрегін қуалай жа-
рып, тілуге арналған құрал. Оның бірнеше түрі болады:

Қос тұтқалы ара (7-сурет) – екі басында қос тұтқасы бар,
ағашты көлденең кесуге қолайлы құрал.

Қол ара (8-сурет). Жалғыз қолмен ағашты көлденең, қиғаш,
ұзынынан кесіп-тілуге арналған аспап.

Кермелі ара немесе садақша ара (9-сурет) ағашты
ұзынынан сүрегін қуалай тілуге арналған.

Пышқы (10-сурет) – ағашты мәнерлеп тілуге арналған ара.

Ажыратқыш (11-сурет) – араның жүзін ерсілі-қарсылы
ажыратуға арналған аспап.

Тұғыр (12-сурет) – ашасына ағашты қысып қойып, көлденең
кесуге қолайлы құрал.

Балта.

Жүніне қарай матасы,
Теміріне қарай балтасы.

Неміс нақылы

Істелетін жұмыстың ыңғайына қарай балта да бірнеше түрге
бөлінеді.

Шой балта (13-сурет) – жуан дөңбектерді жаруға арналған
балта.

«Ақ балта» (14-сурет) – шеберлер ұстайтын жүзі қылпып
тұрған өткір балта. Отын жаратын жай балтаны **қара балта**
– деп атайды.

Шот балта (15-сурет) – шеберлер тұтынатын құрал, бір
жағын шот ретінде пайдалануға болады.



Қуыс балта (16-сурет) – жүзі қобылай қуыс соғылады.
Онымен ағашты оя шабуға болады.


Жаңғырық (дөңбек, жастық ағаш деп те атайды) (17-сурет).
Балтамен шотпен ағаш шапқанда құралдың жүзі тасқа, құмға
тиіп мұқалмас үшін төсейтін ағаш кесіндісі. Оны көбінесе қайың,
қарағай, емен сияқты қатты ағаштың беріш болып біткен түбірінен
жасайды. Жарылмас үшін белін темірмен құрсаулап қояды.


Сына.


Ағашына қарай сынасы,
Атасына қарай баласы.

Халық нақылы.









Ағаш кеспелтекті жаруға, желімдеген ағаш бөліктерін қысып тұруға арналған қарапайым көмекші құрал.

Сынаны қайың, қарағай, емен сияқты қатты ағаштардан (18-сурет) темірден жасайды (19-сурет).

Ағаш сынамен дөңбекті жару үшін, алдымен балта шауып із салады да, сынаның жүзін сол ізге қадап, балтаның қапталымен ұрады.

Балтаның шүйдесімен ұрса, ағаш сына жарылып кетуі мүмкін. Кейде жарылмасын деп сынаның жүзіне қарсы жағын темірмен құрсаулап сояды. Оны сынаның мойнағы деп атайды. Темір сынаны шой балтамен немесе шой балтаның шүйде жағымен қағады.

Шот (Шаппашот).

Өткір шоттай,
Жүйрік аттай.

Халық нақылы

Ағашты тегістеп, ұңғып, қобылай шабуға арналған құрал. Шоттың да бірнеше түрі болады.

Тесе шот (бел шот деп те атайды) (20-сурет). Өңделетін ағашты жерге төсеп, түрегеп тұрып қос қолдап шабатын салмақты, жүзі қалың шот. Оның жүзі тегіс немесе қуыс құлақ болып келеді. Тесе шотпен жұмыс істегенде кетпенмен арық қазғандығыдай қос қолмен құлаштай ұрады.

Онымен істеген жұмыс өнімді болады. Ертеректе шеберлер тесе шотпен ағаштан тұтас шауып қайық, астау, науа жасаған.

Шаппашот (21-сурет). ағашты тегістей шауып, жұқартуға арналған қол құралы. Шотты жете меңгерген шебер оны өте нәзік нәрселерді шабуға пайдаланған.

Қуыс құлақ шоттың (22-сурет) жоғарыда аталған шоттан айырмашылығы жүзі ішіне қарай қуыс болып келеді. Онымен ағашты оя, қобылай шабуға болады.

Әмбебап шот (23-сурет) кейде шоттың шүйде жағынан да жүз шығарып, онымен ағаштың қабығын аршып жонуға болатындай етіп қайрап қояды. Немесе шоттың бір жағы жайдақ, екінші жағы қуысқұлақ, бір жағы шот, екінші жағы балта т.с.с. болып келсе, ондай шотты әмбебап деп атайды.

Балта, шот сияқты өткір құралдарға талдырып басқан жұқа киізден, былғарыдан немесе қалың кенептен арнаулы қап тігіп, жүзін соған жұмыс істемейтін кезде орап, байлап қояды.

Ол өткір құралдарға арандап қалудан, жүзі бөгде заттарға тиіп мұқалудан сақтайды.

Қысқы, атауыз (24-сурет). Ағаш дайындаманы қысып қойып, жонуға сүргілеуге, кесуге арналған көмекші құрал. Қысқымен жұмыс істегенде оның тепкішегін қос аяқпен шірене теуіп отырады. Шебердің қос қолы бос болады.

Аталғы (25-сурет). Қос қолмен ұстайтын сабы бар, пышақ тәрізді, ағаштың қабығын аршуға, жонуға арналған өткір құрал. Аталғының жүзі имек түрі ағашқа бедерлі, өрнек салатын, жүзінде мәнерлі ойықтары бар түрі (26-сурет) болады. Оны сарнауық деп атайды.

Ұңғыру (27-сурет) – атына заты сай, ағашты ұңғи жонуға арналған имек пышақ. Ерсілі-қарсылы жону үшін кейде ұңғырудың жүзін қанжардың жүзіндей екі жүзді етіп те жасайды. Ұңғыруды ұзындау етіп саптап, жонатын затты қысып қойып, сабын иыққа тіреп, қос қолмен алқымынан қыса ұстап, жонатындай етіп те жасайды. (28-сурет).

Пышақ (29-сурет).

Пышағыңды берсең шынымен бер,

Шынымен берсең қынымен бер.

Халық нақылы.

Пышақ сөзінің төркіні піш, яғни кес, кесу-пішу деген ұғыммен сабақтасады.

Пышақпен ағашты жонып, кесуге болады.

Тетір пышақ (30-сурет) ағашқа оймыштап өрнек салуға қолайлы, жүзі үшкір пышақ.

Пәрмі (бәрбі деп те айтады (31-сурет). Ұшына төрт қырлы болат үскі орнатылған, арнаулы кергі арқылы ерсілі-қарсылы қимылға келіп, ағашты тесуге арналған құрал.


Пәрмінің екінші түрі (32-сурет) де алғашқысындай ұшында қырлы болат үскісі болады.

Бау тағылған көлденең ағашты жоғары-төмен қозғағанда пәрмінің ұшындағы үскі ерсілі-қарсылы қозғалып, ағашты теседі.

Қолшығыр (33-сурет). Бұл да ағаш тесуге арналған құрал. Ұшына жұмыстың ыңғайына орай, әр түрлі тескіш бұрғыларды ауыстырып қондырып отырады.


Тышуыр (34-сурет) ұшы құстың қиғаш кескен қауырсыны тәрізді қуыс, ағаш тесуге арналған сайман. Тышуырды онды-солды ырғап бұрау арқылы ағаш тесуге болады.

Бұрғы (35-сурет). Бұранда тәрізді көлденең орнатылған ағаш сабы бар, сағат тілінің бағытымен (солдан оңға қарай) бұрау арқылы ағаш тесуге арналған.









Қашау. Ағашты ойып, тесуге арналған сайман. Қашаудың жадағай (36-сурет), қуыс құлақ (37-сурет), имек (38-сурет) түрлері болады.

Қашау.

Қашауым сен ағашты кеміресің,
Шайнап, тістеп ернеуін жеміресің.
Өзің болат болғанмен сабың ағаш,
Жегеніңе несіне семіресің?

Өз туысын “жейтіндер” толып жатыр,
Соны көріп өмірден жерінесің.

Д.Шоқпарұлы

Ағаш балға. Қашаумен жұмыс істегенде қашаудың дүмінен ұрып отыратын ағаш балға (39-сурет).

Оның қияңқы деген түрін қатты ағаштың бұтағынан қайың, емен, қара ағаштың безінен (көзі, үйілі, беріші) жасайды. (40-сурет).

Ұр тоқпақ (кейде қол ағаш деп те атайды. 41-сурет).

Қатты жұмыр ағаштың бір жағын жұмыр күйінде қалдырып, екінші басын қолға ұстауға ыңғайлы етіп жонып жасайды.

Қырғыш.

Ұстаның болат құрыш қырғышындай,
Қадалар қызыл тілім өңменіңе.

Көкей ақын

Асыл болаттан соғылған, жүзі қиғаш қайралған құрал (42-сурет). Онымен ағашты қырнап өңдейді. Қырғыштың жүзі тегіс, қобылап қуыстай шабылған ағашты қыратын жүзі дөңес (43-сурет), ал жұмыр ағашты қыратын қырғыштың жүзі ойыс (44-сурет) болып келеді.

Сүмсуір мүйізден, сүйектен қатты ағаштан жасалады. (45-сурет). Өңделген ағаш бұйымды ысқылап, жылтырату үшін қолданылады.

Қаламдық – төрт қырлай, немесе жұмырлай соғылған үшкір темір. Оны кейде *көзеуіш* деп те атайды (46-сурет) домбыраның құлағын тесуге қолданылады. Ол үшін, көзеуіштің ұшын отқа

қыздырып алып, алдын ала бұрғымен тесілген жерді кеңіте көзеуге (қаламдауға) қолданады.

Ақсақ темір. Асыл болаттан соғылған ұштары үшкір әрі қырлы қос сирағы бар құрал. Бір сирағы екіншісінен сәл қысқарақ болғандықтан халық шеберлері «ақсақ темір» деген ат қойып, айдар тағып, ағаш, мүйіз, сүйек, түсті металдардан жасалған бұйымдарға өрнек салуға қолданған (47-сурет).

Ақсақ темірмен тек геометриялық өрнектер жүргізуге болады. Ол үшін ұзын сирағын өрнектейтін бұйымның бетін тереңдеп тесе береді. Екінші қысқа сирағы жазықтық бетіне тірелген кезде кәдімгі дөңгелек шеңбер сызып шығады.

Ұзын сирағының орнында нүкте тәрізді шұңқыр пайда болады. Осы өрнекті халық шеберлері «балық көз» деп атайды (48-сурет). Сызылған өрнектің ретіне қарай ақсақ темірді алмастырып отырады. Қазақ шеберлері осы құралды негізінде сүйектің бетін өрнектеуге қолданған.

Сүйек бетіне ақсақ темірмен өрнек салып алып, тұт ағашының үгіндісін қаңылтыр ыдысқа салып, мүйіз үгіндісі мен біраз жоса қосып қуырып алады. Содан соң темір келіге салып ұнтақтап алып, желімге шылап, сүйек бетіндегі өрнек түскен ойық жерді толтыра жағады.

Желім кепкен соң, сүйектің бетін зімпарамен, егеумен тазалап, қырнап, киізбен, шұғамен жылтырата ысады.

Егеу, түрпі.



Секілді кескір егеу, елуім-ай,
Бола ма қайта айналып келуің-ай.
Шәйтiм ақын


Ағашты өңдеу үшін *түрпі*, *егеу*, сияқты құралдар қолданылады.


Түрпі – егеудің дөрекі түрі (49-сурет). Жонылған, шабылған ағашты алдымен түрпімен, сонан соң егеумен, зімпарамен, қырғышпен өңдейді.

Ағаштың қобылай шабылған қуыс жерлерін өңдеу үшін бүкір түрпі қолданылады. Ол үшін түрпіні сугармай тұрып, бетіне бедер шауып, иіп алып, содан соң бедері қайтпас үшін сугарады.

Егеудің бедері түрпіден гөрі жиі болады. Егеу, түрпінің жалпақ, үш қырлы, төрт қырлы жұмыр түрлері болады.









Қайрақ.

Шарға ұстаған балта едім,
Шабуын таппай кетілдім.
Қайраса тағы жетілдім.

Махамбет

Құрал-сайман өткір болу үшін әрқашан қайрап, баптап отыру керек. Ол үшін қайрақтың бірнеше түрін қолданады.

Шар қайрақ (шарық 51-сурет). Шар қайрақ – ортасында тесігі бар құйма қайрақ. Оның бедері ірі болғандықтан, ең алғаш кескіш құралдарды шарыққа салады.

Шарықты ортасындағы тесігінен көлденең бұранда білік өткізіп алып, қолмен бұрайды немесе жетек белдік арқылы аяқпен, электр двигателінің қуатымен де айналдыруға болады. Құрал саймандарды қайрағанда шарық тастың баяу айналғаны жөн. Тас жылдам айланса, құрал-сайманның жүзі қызып кетеді де суы қайтып «жасып» қалады. Жүзі жасық сайман өткір болмайды. Сондықтан шарық тас батып тұратындай етіп, астауға су құйып қойған жөн.

Шарық қайрақтың жалпақ, төрт қырлы түрлері де болады. Онымен аспаптың жүзін ерсілі-қарсылы белгілі бір бұрышты сақтай отырып, үйкей қайрауға болады.

Білеу.

Егеуге бергісіз білеу бар,
Екеуге бергісіз біреу бар.

Қырғыз нақылы


Білеуді табиғи күйінде тау беткейлерінен теріп алуға болады. Ол туралы халық аузында:

Қайрақ тас беткейде,
Асыл сөз көкейде, – деген сөз бар.

Білеуді белгілі пішінге келтіре жонып алып, ағашқа қысып қояды. (52 сурет).

Құрал-сайманның жүзін шарықпен жетілдіріп алған соң білеумен білейді. Яғни жұмсақ қайрақпен қайрайды. Жұмсақ қайрақпен қайрағанда оның бетін сулап, немесе сұйық май жағып қояды. Білеумен жетілдіре қайраған сайманның жүзінде **қылау** болмайды.

Қылау дегеніміз – өткір құралдың жүзінде болатын жұқа қабыршақ қылпық. Шеберлер тілімен айтсақ «қылауы қайтқан» құрал – оның өткір екендігін білдіреді.



Жануыш.

Жақсыға жалынсаң кешер,
Құралды жанысаң кесер.

Халық нақылы

Ағашқа керілген, жалпақтығы екі-үш елідей, ұзындығы екі сүйем қалың былғары (52-сурет). Құрал-сайманды шарық қайрақпен қайрап, білеумен білеп алған соң, соңынан жануышпен жаниды. Ол үшін жануышты сәл ылғалдап алған жөн. Пышақ ұстара тәрізді жүзі жұқа құралдарды көбіне тас қайраққа салмай-ақ, оқтын-оқтын жануышпен жанып қойған жөн.

Сүргі.

Сүргімен өңдеген соң,
Балтамен жөндемес болар.

Халық нақылы

Ағаш шеберлері үшін сүргілердің бірнеше түрі қажет.

Үлкен сүргі (фуганок) (53-сурет), жарты сүргі (полуфуганок) (54-сурет) және жай сүргі (рубанок) (55-сурет) ең кішкене сүргі.

Зімпара — ағаш бұйымдарды ысқылап, өңдеуге арналған зімпара қағаз, немесе материалға желімдеген құм, қиыршық. Зімпарамен ағашты өңдеу үшін алдымен ірі қиыршықты, содан бірте-бірте өте ұсақ қиыршықты зімпараны пайдаланады. Бір кесек тақтайды кесіп алып, зімпарамен орап (56-сурет), желімдеп немесе ұсақ шегемен шегелеп қойса, қолға ұстауға ыңғайлы болады.

Бұлауыш (тампон) дегеніміз — қабатталған дәкенің ішіне мақтаны орап, жұмырлай аузын түйіп, ағаш бетіне лак жағуға арналған көмекші құрал.

Қыл қалам — жылқының қылынан жасалады. Ол үшін іске жарамай қалған бүктемелі төсектің (раскладушка) іші қуыс алюминий түтікшелерін кесіп алып, бір шумақ қылды бүктеп қуысынан өткізіп алып, түтікшенің қыл өткізген басын жаншып, қылдың ұштарын біркелкі етіп қырықса, қылқалам дайын болады (57-сурет).

Оны ағашқа желім, лак, ерітілген балауыз, т.с.с. сұйық заттарды жағуға қолданады.




53



54



55



56




57



58



59





Шеге.

Талаптанған тасқа шеге қағар.

Орыс нақылы

Шеберлер металл, ағаш, сүйек, мүйізден жасалған әртүрлі шегелерді пайдаланады.

Металл шегелерді, мыс, жез, күмістен жасайды. Ол үшін аталған металдардан жасалған қаңылтырды шаршылап қиып алып, шаршының кез келген бұрышын ішке қарай шиыршықтап бүктеп, қуыстап бір ұшын сүйірлеп келтіріп, ұшына қарама қарсы жағын тегістеп қырқып тастайды (58-сурет). Сонда конус тәрізді шиыршықталған шеге пайда болады.

Мүйіз, сүйек ағаш шегелерді, мөлшерлеп тіліп алып, төрт қырлап, немесе жұмырлап, егеп-жонып, конус тәрізді сүйірлеп жасайды.



Бұл шегелерді домбыраны сүйекпен, мүйізбен оймыштап әшекейлеген кезде пайдаланады.


Ағаштың екі бөлігін желімдеп біріктірген кезде, мықты болу үшін конус тәрізді сүйірлеп бекітілген ағаш шегенің үш жағын жарып, соған лайық ағаш сына кигізіледі. (59-сурет).

Алдын ала тесілген тесіктің түбіне сынаның басы тірелген кезде, ол шегенің ұшын кереді де, шегеленген екі бөлшек өте берік жымдасып қалады.

Шегені қақпас бұрын шеге мен сынаға желім жағылады.


Міне осы аталған құрал-саймандардан басқа балға, кемпір-ауыз, қысқаш т.б. толып жатқан құрал-саймандар қажет. Жұмыс бастамастан бұрын құрал-сайманды сайлап алған жөн. «Құрал-сайманда қырық кісінің күші бар», — деп халық тегін айтпаған болар.
























III тарау

*Сүйектерге
жан бітсе...*





АТАУ ТӨРКІНІ

Сүйек жөнінде әңгімелеместен бұрын, осы сөздің шығу төркініне қатысты өз пікірімізді айта кетуді жөн көрдік.

Сүйек – зат. 1. Адам мен хайуанаттар денесінің қаңқасы... («Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», 8-том, «Гылым», Алматы, 1985, 404-бет).

Тілімізде «сай-сүйек», «сүйек-саяқ» деген тұрақты сөз тіркестері бар. Ауызекі тілде айтып, жазып та жүрген сүйек сөзі бәрімізге де түсінікті. Ал «сай», «саяқ» сөздері «сой» түбірінен туындаған болар деп топшылаймыз. Өйткені бұл сөз тілімізде бұрын көп қолданылған. Қалнияз ақын:

Бұралып өсер бой қайда,
Бұрынғыдай *сой* қайда?.. – десе, Бала Ораз ақын

Құлмамбетпен айтысқанда:

Падишаның *сойындай*,
Қашаннан болат сүйегің, – дейді.

Ендеше, «сай-сүйегім» деген тіркестің алғашқы тұлғасы «сой-сүйегім» болуы керек. Сонда «сай», «сой» дегеніміз «сүйек» деген ұғым береді де, «сой-сүйегім» деген қос сөздің мағынасы «сүйек-сүйегім» болып шығады.

Тіліміздегі «мал сой» деген тіркес те малдың мүшелерін жіліктеу, яғни сүйекте деген ұғымды білдіреді. Сондай-ақ «сай», «сой», «сүй» деген түбірлерден туындайтын *сайлақ*, *сайман*, *сою*, *сүйрік*, *сүймен* т.б. сөздер осы «сүйек» деген ұғыммен сабақтасып жатқандығын аңғару қиын емес.





Нанымдар мен ұғымдар

Қазақта сүйекті қастерлеу, қадірлеу салты ерте замандардан қалыптасқан. Сондықтан бақи дүниеге сапар шеккен адамның мәйітін туған жеріне, кіндік қаны тамған жерге әкеліп жерлегенді жөн көрген. Жаугершілік замандарда шейіт болған жауынгерлердің сүйегін «қорлайды» деп жат жерде қалдырмай, мәйітін сілтіге салып қайнатып, еттен ажыраған сүйекті тері қапқа салып, киізбен орап, туған жердің топырағына әкеліп қоятын рәсім болған. Төтенше жағдай туып, сүйекті түгел әкеле алмаса, бір саусағының сүйегін алып келген. Алмас Нұрмаханұлы Алматыв Арғынбай батырдың сүйегін елге қалай жеткізгенін былай жырлайды:

...Сүйегін артып ердің күзде келдік,
Тар кезең, етін сылып, киізге орап,
Қайнатып, сілтіге сап, ақсүйек қып,
Жеткердік болған менен қанша тозақ...

Сол сияқты бұрынғы қариялар жөн сұрасқанда бір-бірінен «сүйегің кім?» деп сұраған.

Көңілі жақын, жегжат адамдар кейінгі ұрпақ суысып кетпесін деп бір-бірімен қыз алысып, қыз беріп отырған. Оны «*сүйек жаңғырту*» деп атаған.

Қазақ халқы адамның мәйітін жер-бесікке тапсырар алдында жаназасын шығармай тұрып, тазалап жуындырады. Осы рәсімді «*арулау*» деп атайды. Оны марқұмның тірі кезінде бірге жүріп, біте қайнасқан жақын жолдас-жоралары, құрбы-құрдастары атқарады. Осыны «*сүйекке түсу*» деп атайды.

Кімде-кім ерсі, оғаш қылығымен көзге түсіп, жұртын ұятқа қалдырса, ондайды *сүйекке таңба салды* дейді.

Тұғырынан таймаған, қайратты, ширақ адамдарды «*сүйегі асыл екен*» дейді.

Әдет, салт, гұрып, наным-сенімдерден «Жауға қойынды қалдырсаң да *сойынды* қалдырма», «Су сүзілмейді, *сүйек* үзілмейді», «Сөз *сүйектен* өтеді, таяқ еттен өтеді» деген сөз мәйегі – мәтелдер де туған.

Өлшемдер

Қазақ үрдісінде өлшем бірлігі ретінде адамның өз сүйегі алынған:

1. *Бой* – кісі бойы;
2. *Құлаш* – әркімнің құлашы өз бойына тең;





3. *Құшақ* – периметрі кісі бойына тең шеңбер;
 4. *Жарты құшақ (құлаш)* – кісі бойының 2:1-не тең өлшем;
 5. *Адым* – жарым құлашқа тең;
 6. *Жарты адым* – бойдың 4:1-не тең өлшем;
 7. *Қолтық* – қолдың басы мен қолтықтың аралығы;
 8. *Шынтақ* – қолдың басы мен қолтықтың аралығы;
 9. *Білем* – қолдың бірінші буынының арасындағы қашықтық;
 10. *Кере қарыс* – бас бармақтың ұшы мен кішкене саусақтың ұшын кергендегі ара қашықтық;
 11. *Қарыс* – бас бармақ пен төртінші саусақты кергендегі ара қашықтық;
 12. *Сүйем* – бас бармақтың ұшы мен сұқ саусақты екінші буынынан бүгіп, кергендегі арақашықтық;
 13. *Сынық сүйем* – бас бармақтың ұшы мен сұқ саусақты екінші буынынан бүгіп, кергендегі ара қашықтық;
 14. *Елі* – бір саусақтың қалыңдығы, бір еліге тең, екі саусақ – екі елі, үш саусақ – үш елі, төрт саусақ – төрт елі;
 15. *Табан немесе табан елі* – төрт саусақ пен бас бармақты біріктіре ұстағандағы қалыңдық;
 16. *Тұтам* – жұмыр затты тұтамдап қысып ұстағандағы қалыңдық;
 17. *Табан* – аяқтың өкшесі мен бас бармағының арасы;
 18. *Шымшым* – ұсақ затты бас бармақ пен сұқ саусақтың арасына қысып алғандағы сиымдық өлшемі;
 19. *Уыс* – қолдың алақанын қобылай ұстағандағы сыйымдылық өлшемі;
 20. *Қосуыс* – қос қолдың алақанын біріктіре қобылай ұстағандағы сыйымдылық өлшемі;
- Тереңдік өлшемдері: *кісі бойы, белуар (белбуар), тізе, тобық.*

Мал түрқымен өлшенетін өлшемдер: *ат құлағы, ат сауыры, ат бауыры, аттың тізесі, ат шашасы, ат тұяғы.*

Сол сияқты қазақ ұғымында *арқан бойы, найза бойы, құрық бойы, қамшы сабы, таяқ тастам, қарға адым, ат шаптырым, иек асты т.с.с.* өлшем біріктері кездеседі.

Бұйымдар

Қож, қожы, қазбай. Ұста-зергерлер көріктің көмейіне көмір салуға, ыстық шоқты көсіп алуға, күл шығаруға арнайы малдың жауырын сүйегінен жасалған қалақты *қож* немесе *қожы, қазбай* деп те атай береді. Металл қаңылтырдан жасалса, *қалақ* деп ата-





лады. Ағаштан жасалған қалақты диірменнің шанағындағы ұнды қапқа қотару үшін қолданған. *Қожыны* әзірлеу үшін жауырынның ортасындағы ұзына бойы созылып жатқан қыр сүйекті шауып тастап, іліп қою үшін бас жағына қайыстан бұлдірге тақса болғаны. Ертеректе жауырынмен бал ашқан екен.

Аттарақ. Жылқы малын жоғары бағалаған қазақ оны баптап, күтетін құрал-жабдыққа да баса назар аударған. Бапкерлер бәйгеге қосатын сәйгүлігіне жабу жауып, әбден терлегенше желіп, ащы терін алған соң суытып, таң асырып қояды. Теріден бөлінген тұз жылқы түгіне жабысып, сор болып кеуіп қалады. Соны үгіп түсіру үшін сүйектен әзірленген арнайы тарақты пайдаланады. Оны *аттарақ* деп атайды. Ондай тарақты жасау үшін жіліншік сүйекті қақ жарып, ағаштың аша бұтағына шегелейді. Қырлы қапталына бедерлеп егеумен тіс, жүз салады. Тарақ жүзінің тереңдігі пышақ сыртындай, яғни 3-5 мм-дей болуы керек.

Шеберлер ертеректе жүзін өткір пышқымен тіліп, сүйектен шаш тарақ та жасаған, пышақ та саптаған, ожау, саптаяқ сияқты ыдыстар сабын да сүйекпен безендірген, әсіресе пілдің азу сүйегінен жасалған бұйымдар жоғары бағаланған.

Қазақта «Пышағыңның өзі қайдан болса онан болсын, сабы дандан болсын» деген сөз бар. *Дандан* – піл сүйегі.

Ескек. Теңіз, көл жағасында тұратын қазақтар ірі қараның қос жауырынынан ескек жасаған. Ол үшін үстіңгі қырын алып тастап, доғал басын жуандығы бір тұтам жеңіл, қатты ағаштың екі басына шығыршық арқылы бекітеді.

Сояу, сүйрік. Сүйектен істелген инені сояу немесе сүйрік деп атайды. Ондай инемен қап, қанардың аузын, жабағыны тігуге болады. Қамыс, қоғаның қылтиып жаңа шығып келе жатқан өркенін де қазақ *сүйрік* деп атайды. Аппақ, жұмыр сүйектен әзірленген ине-сояу сол қамыс сүйрігіне қатты ұқсайды. Тіліміздегі «саусақтары сүйріктей» немесе «тырнақтары сояудай» деген сөз тіркестері содан қалыптасса керек.

Сыдырғыш. Өрімшілер таспа тілгенде оны біркелкі етіп сыдыру үшін қатты ағаштан немесе мүйізден әзірленген сыдырғышты қолданады. Ағаштан, мүйізден істелген сыдырғыштың пышақ жүзі тиетін тұсы жұқарып, жылдам тозады. Ал ірі қараның жіліншігінен жасалған сыдырғыш өте ұзақ уақыт тұтынуға жарайды.

Тоқубіз. Тоқубіз қойдың, ешкінің кәрі жілігінің құрығынан әзірленеді. Кейде оны кәрі жіліктің «шыбығы», «қамшысы» деп те





атайды. Кәрі жіліктің жанына жабыса біткен осы жанама сүйекті таза мұжып, қырнап тазалап алған соң үшкір жағын егеумен егеп, ілдіргі жасайды. Мұндай бізбен иірілген жіптен қолғап, шұлық, шәлі, мойынорағыш т.б. киім-кешек тоқиды. Сөз орайы келгенде айта кететін бір мәселе, біз қолданып жүрген кәріжілік сөзінің кәрілікке ешқандай қатысы жоқ. Ол әу баста «қары жілік» болатын, олай дейтініміз, бұл жілік қолдың қарында орналасқан...

Батырғы. Ірі қараның жіліншік сүйегін жара тіліп, ұзындығы бір сүйем, бір ұшын сүйір әрі қайқылау етіп егеген, ұзындығы бір сүйем құралды батырғы деп атайды. Онымен былғарыға, көнек, торсық, кеукерін т.б. теріден жасалған бұйымдарға батырып өрнек салуға болады.

Инелік. Ірі қараның жіліншік сүйегін пышқымен жара тіліп, жұқартып егеп, бір басын доғалдау етіп жұмырлап, екінші ұшын тілшік қалдыра инелік жасауға болады. Инелікпен балықшылар ау тоқиды.

Шүмек. Қазақ баланы бесікке бөлегенде ағаш шүмекпен қатар сүйектен әзірленген шүмекті де пайдаланған. Ондай шүмекті қойдың, ешкінің асықты жілігінен жасаған. Ол үшін асық орналасқан басын тұйық күйінде қалдырып, қырларын егеп, жұмырлап алу керек. Содан соң екінші басын жіліктің жуандайтын тұсынан пышқымен шорт кесіп, қырларын егеп, қырнап, тазалап алған соң, біраз уақыт майға қайнатып алып пайдалана беруге болады.

Ұршықбас. Ұршықтың басын (ебелегін) әдетте ағаштан әзірлейді. Иірілетін жіптің ыңғайына қарай кейде ұршықбасты тастан да жасайды. Сол сияқты ірі қараның ортан жілігінің жамбас ұясына кіріп тұратын жұмыр басын шорт қиып алып та ұршыққа бас әзірлеуге болады.

Зымырауық. Қойдың ортан жілігінің жамбас ұясына кіретін жұмыр басын шорт қиып, ортасын теседі. Сол тесікке ұшқат, емен, тобылғы тәрізді қатты ағаштың төменгі жағын үшкірлеп, жоғарғы жағын сәл қырлай жонып өткізу керек. Тегіс тақтаның, әйнектің бетіне шиырып жіберсе, көп уақытқа шейін тоқтамай, зымырап айналып тұратын *зымырауық* деген ойыншық осы.

Зырылдауық. Қойдың бақайшық сүйегін тазалап, қырнап орта тұсынан екі жерден тесіп, оған есілген мықты жіптен тұйық бау тағады. Сол баудан екі қолмен ұстап, бау ширатылғанша бір бағытқа қарай бірнеше рет айналдырып, кері қарай тартып, босатып отырса, баудың ырғағымен бақайшық әрлі-берлі айналып,

зырылдаған дыбыс шығарады. Жас балалар қызығып ойнайтын *зырылдауық* деген ойыншық осылай жасалады.

Дойбы тасы. Бақайшық, қызасық (қызыл асық) сияқты сүйектерден дойбының, шатыраштың тастарын жасайды. Мәселен қызасық жай тас қызметін атқарса, бақайшық бидің орнына жүреді.

Жебе, сүңгі. Жаугершілік заманда металдың орнына кейде сүйектен жебенің ұшын жасап бекіткен. Батырлар жырында «қозыжауырын оқ» деген сөздер кездеседі. Жебенің адырнаға тірейтін жағына қозының жауырынын бекіткен соң солай аталды ма екен деп болжаймыз.

Балықшылар сүйекті үшкірлеп, тіс шығарып сүңгінің яки қадамьштың ұшына бекіткен.

Сойшаңғы. Жылқының жіліншік сүйегін екіге жарып жасалған шаңғы. Киізден басылған аяқкиімге таңып алып, жылтыр мұздың үстінде ұшына үшкір асыл болат шеге орнатылған таяқтың көмегімен сырғанайды. Сойшаңғыны жасау жолы да өте қарапайым: жіліншік сүйекті арамен тіліп, екі басын қайқайта егеп қояды. Алды-артынан тесік тесіледі де, алдыңғы тесіктерден ұзындығы бір құлаштай қайыс бау тағылады. Оны «мұрындық» деп атайды. Ал артқы тесігіне ұзындығы бір қарыстай қайыстан түйық бау тағылады, оны «өкшелік» деп атайды. Мұрындықты аяқкиімнің түмсығынан бір шалып, ұштарын өкшеліктен іліп, қайыра мұрындықтан өткізіп, шалып байлап қояды.

Өкінішке орай мұндай шаңғының үлгісін ешқандай музейден кездестіре алмадық. Ертеректе балаларға арналып жасалған мұндай спорт жабдығы бұл күндері мүлдем ұмыт болған. Осы айтылғандарды көнекөз қарттардың айтуы бойынша қалыпқа келтірдік...

Қылдырық. Кәрі жіліктің асығына қарсы басында ұзындығы 4-6 см жіңішке сүйек болады. Оны қазақ *қылдырық* деп атайды. Өткен жіңішке затты сипаттағанда «қылдырықтай екен» дейміз. Қылдырық сөзінің төркіні «қылдай ілдірік», «қыл ілдірік» болса керек. Қазақ осы қылдырықты тіс шұқуыш ретінде пайдаланған.

Түтік. Тазқара, көкқұтан, қарабай, тырна секілді ұзын сирақты құстардың жіліншігінен құсбегілер бүркіттің аузына су құятын түтік жасаған.

Сыбызғы және басқа да музыка аспаптары. Еркек қойдың асықты жілігінен сыбызғы жасалады. Естеріңізде болса, Алпамыс зынданда жатып сүйектен сыбызғы жасап тартады ғой.





Қазақ шеберлері музыка аспаптарын әзірлегенде, оларды әшекейлеп безендіру үшін мүйіз бен сүйекті кеңінен қолданған. Мал шаруашылығымен етене айналысқан кез келген халық үшін бұл заңды құбылыс екені даусыз.

Ол үшін үй жануарлары мен тұз тағыларының мүйізі мен сүйегі, тұяғы жарай береді. Атап айтқанда: *еліктің, бұғының, бұланның, арқардың, қарақұйрық пен бөкеннің (киіктің)* мүйіздері мен ірі қараның қабырға сүйектері мен жақ, жауырын сүйектері жарамды.

Сүйек, мүйізді өңдеуге, әрлеуге ағаш шеберлерінің құрал-саймандары жарай береді.

Мүйіз өңдеу үшін бір жетідей уақыт мүйізді суға салып, жібітіп алып, ыстық суға қайнатып немесе морға (ыстық қоламтаға) салып балқытып алса, кесіп, жонуға жеңіл болады. Мұндай жұмсап балбыраған мүйізді июге, қалыпқа қысып кез келген пішінге келтіруге болады.

Мүйізді морға саларда суға малынған киізбен орап қойса, мүйіз күймей жақсы балқиды. Осындай бабымен балқыған мүйізді шотпен, пышақпен еркін жона беруге болады.

Еліктің бұғының, бұланның мүйіздерінің арасы кемік болады. Сондықтан оларды суға қайнатып, пышақпен тіліп, кемігін қырып тазалап, сыртқы қыртысын пайдаланады.

Ірі қараның қабырға сүйектерін қайнатып, арамен (пышқымен) қақ жара тіліп, кемігін қырып алып тастап, әбден майынан арылғанша ұзақ қайнатады.

Содан соң сутек асқын тотығына салып қойса мүйіз аппақ түске енеді.


Осы тәсілдермен әзірленген мүйіз, сүйекті әртүрлі пішінде кесіп, тесіп, жонып домбыраны әшекейлеу үшін, ағашты оймыштай қиюластырып желімдеу қажет.

Мүйіз бен сүйекті ағашқа алма-кезек оймыштап қондыру арқылы әдемі, сәндік өрнек үлгілері жасалады. Ақ сүйек пен қара (немесе қоңыр) мүйіз астасып, бірінің өңін бірі аша түседі.


Шеберлер сүйекті әртүрлі түске бояп та қолданған кездері болған.

Домбыраны сүйек, мүйізбен оймыштап әшекейлегенде домбыраның дыбысына нұқсан келмейтін жағын мұқият ойластыру керек. Әрі өте алабажақтамай мәні мен өрнегі тартымды болу жағына көп көңіл бөлген жөн.

Мүйізді сорпаға қайнатып алса, жарылмайды.









IV тарау

*Аң терілері мен
мал терілерін
өңдеу*



АҢ ТЕРІЛЕРІН ӨҢДЕУ

Аң терілерін бітеудей, мес қылып сояды, ол үшін артқы шатын өткір пышақпен тіліп, теріні басына қарай айналдыра бастерісімен бірге сыпырады. Пышақ тигізбей, саусақпен, жұдырықпен іреп сыпырған дұрыс. Содан соң теріні жылы күйінде тұздап, тұз сіңген соң арнаулы кергішке керіп кептіреді.


Керіш. Бұтағы аша болып өскен ағашты өңдеп, ашасының арасына көлденең кергіш ағаш бекітіліп, кәдімгі А әрпіне ұқсатып жасалған, жануарлардың терісін кигізіп, керіп кептіру үшін қолданылатын құрал.

Жануарлар терісінің ірі немесе ұсақтығына орай кергіш те әртүрлі көлемде әзірленеді. Оған бітеу сыпырылған (мес) тұздалған аң терілерін кигізіп, арасына қағаз, киіз, сабан т.б. заттардан кепіл қойылады. Ол теріні керіп, қуысына ауа кіруін қамтамасыз етеді.

Аң терілерін илеу

Аң терілерінің (түлкі, қарсақ, қоян т.б.) төрт түлік малдың терілерінен айырмашылығы – жүқа. Терінің ішкі жағына айран немесе сарысуға үн қосып (қара бидайдың ұны) арнаулы и жағып, бір-екі тәулік жылы жерде ұстайды. Қоян, түлкі, қарсақ, бұлғын т.б. аң терілері өте жүқа болғандықтан иді жылдам қабады. Әбден иі қанған теріні тазартып, уқалап, созғылап жұмсартқан жөн. Иі қанып жұмсарған тері ақ түсті әрі жұмсақ болады. Олардан бас киім, жаға т.б. заттар тігуге болады.

Мал терілері негізінде *жондық, сауыр, бауыр, мойын, үйектік, пұшпақ* деген бөліктерге бөлінеді.





Мал терілерінің түрлері мен атаулары

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде, шаруашылық жайында қолөнер саласында тері өңдеу өнері маңызды орын алған.

Себебі негізгі тіршілік көзі мал шаруашылығы болғандықтан қазақ халқы малдың етін, сүтін азық етсе, терісі мен жүнін киім-кешек тігуге, тұяғы мен мүйізінен, сүйегінен әртүрлі қолөнер бұйымдарын әзірлеген, тіпті малдың тезегін де тастамай отын ретінде пайдаланған.

Төрт түлік малдың терісі өте қымбат шикізат. Соның ішінде ірі қараның терісін: *сиыр терісі*, *өгіз терісі*, *тайынша терісі*, *бұзау терісі* деп төртке бөліп атаған.

Жылқы терісін: *бие терісі*, *жабағы және құлын терісі* деп үшке бөледі. Түйе терілерін: *атан терісі*, *бота терісі* дейді.

Қой терілерін: *жабағы тері*, *қырықпа тері*, *күздік тері*, *соғым терісі*, *тықыр тері*, *тоқтышақ терісі*, *сеңсең тері*, *елтірі*, *мари*, *жылбысқа* деп бөледі.

Жабағы — қой-ешкінің сәуір, мамыр айларындағы жабағы жүні қопсымаған қалың түбітті терісі.

Қырықпа — жабағы жүн мен күзем жүндері қырқылғаннан кейін сойылған малдың сұйық жүнді терісі.

Күздік тері — қазан, қараша айларында сойылған малдың өңі қалың терілері. Бұл теріден тон, шалбар, ішік, бөрік тігуге болады.

Соғым терісі — жүндес, қыртысы қалың мықты терілер. Олардан киімнің барлық түрлерін тігуге болады.

Тықыр тері — жүнін қырқып алысымен сойылған немесе жүнін жидітіп алған терілер. Бұдан жарғақ шалбар, қап, тұлып, дорба т.б. заттар жасалады.

Сеңсең — үш ай мен бес ай аралығындағы қозының қырқылмаған терісі. Көбінесе ішік, тымақ, бөрік, бөстек жасауға қолданылады.

Елтірі — туганына 2-3 ай болған қозы терілері. Жүні бұйра қаракөл сияқты өте әдемі болады. Одан ішік, тымақ, бөрік, жаға жасайды.

Мари — туа салып немесе бір-екі тәулікте өлген қозы, лақ терілері. Бөрік, тымақ тігуге, әдіптеуге киім тысын көмкеруге қолайлы. Маридің жүні тықыр, жылытыр, таңдай өрнекті болып келеді.

Жылбысқа — іште жатып өлген немесе туа салып өлген қозының өте жұқа терісі.



кергіш





Тоқтышақ терісі – сеңсеңі қырқылғаннан кейін біркелкі майда жүн өскен, 4-5 айдан асқан қозы терісі. «Тоғыз қабат торқадан тоқтышақтың терісі артық» деген мәтел бар. Ол – киімнің барлық түрін тігуге жарамды, жеңіл әрі жылы, жұмсақ тері. Одан қаптама тон жасайды.

Ешкі терілерін: – жүндес тері, тықыр тері, түбітті тері, серке терісі, лақ терісі, мари терісі деп бөледі. Ешкі терілері өте төзімді, берік болады. Одан алуан түрлі киімдер тігуге болады. Әртүрлі қапшықтар, мес, шанап т.б. ыдыстар тігеді.

Терінің бітімі мен болмысы

Шешеміз *тері илейді* тон болсын деп,
Кереді пұшпақтарын мол болсын деп.
Өлеңді ақындықпен біз айтпаймыз,
Айтамыз кейінгіге жол болсын деп.

Қазақтың қара өлеңі

Мал терілері негізінде *жондық, қабырғалық, үйектік, пұшпақ, мойын* деген бөліктерге бөлінеді.

Терінің өзі негізгі үш қабаттан түзіледі.

1. *Эпидермис* – терінің сыртқы берік, жылтыр қабаты. Ол ылғалды клеткалардан түзіледі де ұсақ қан тамырлары мен тері тесіктері арқылы қорек алады. Терінің түгі (жүні) эпидермис қабатын тесіп өтіп негізгі қабатынан басталады.

2. *Терінің негізі* өте серпімді коллагенді талшықтардан түзіледі. Коллаген талшықтары әртүрлі бағытта тұтаса орналасқандықтан терінің серпімді әрі өте берік болуын қамтамасыз етеді.

3. Терінің үшінші *шел* деп аталатын қабаты көк етпен аста-сып жатады. Терінің астындағы клетчаткалардан түзіледі. Иленген терінің шелі түгел алынады.

Терінің сапасы көптеген факторларға байланысты болады. Еркек малға қарағанда ұрғашы малдың терісі биязы әрі сапалы болады.

Терінің ең сапалы тұсы малдың жоны мен сауырында, *қабырғалық* деп аталатын қос қапталында болады. *Мойын терісі* олардан сәл жұқалау келеді. Ал бауыр терісі мен пұшпақтары өте жұқа болады. Терісі ең қалың мал – сиыр, содан соң түйе терісі, ал ең жұқа тері жылқынікі.

Байырғы шеберлер жылқы терісін сыпырған кезде бауыр терісінен жалпақтығы бір қарыстай ұзын жолақты бөлек сыпырып алып таспа тілу үшін қолданатын. Міне, осыны *үйек* деп атайды.





Ұқыпты шеберлер үйектен таспа тіліп, одан қамшы өріп, теріден жасалған бұйымдарды тігу үшін қолданады. Ондай таспамен іс тігерде таспаны сәл ылғалдап алады. Кепкен кезде таспа тартылып, тігісті қатты қысып, берік ұстайды.

Таспа

Таспа сөзінің түбірі тас. Яғни, тігілген тұсты тастай берік ұстап қалатындықтан қазақ оны таспа деп атаған болар. Негізінде таспа сөзі түріктің «тәсмә» деген сөзінен шыққан. Орыстар таспаны «тесьма» дейді. Сонда таспа сөзі түркі тілдес халықтардан шыққаны ақиқат.

Таспаны ешкі терісінен де әзірлеуге болады. Елік пен киік терісі де таспаға жарамды.

Таспа әзірлеу үшін жаңа сыпырылған теріні бүктеп, жылы жерде бір-екі күн ұстаса, жүні жидіп түседі. Кейде теріні жылы суға бір-екі сағат салып қойып, сабынмен жуып, жібітіп алған соң өткір ұстарамен жүнін қырып тастайды. Содан соң көлеңкеге керіп кептіреді. Сәл тобарсыған соң арасына мата немесе қағаз салып, шиыршықтап орап, белін жіппен буып сақтаған жөн.


Керек кезінде жылы суға салып, жібітіп, қажетті мөлшерде шетінен таспа тіліп алуға болады.

Шикі (шылғи) теріден тілінген таспаны қайыс, көн, былғары т.б. жасалатын бұйымдарды тігуге, өрімдердің ұшын бекітуге, қамшының өрімін сабына бекітіп, шырмауық орауға қолданады.

Тарамыс

Тарамыс әзірлеу үшін соғымға сойылған ірі қараның жіліншік сіңірлерін ет ілестірмей сылып алған жөн. Сылынған сіңірлерді көлеңкеге іліп, бабымен кептіреді. Сіңір әбден кепкен кезде ағаш дөңбекке (жаңғырық) салып, ағаш балғамен жаныштап соқса, ол түте-түтесі шығып, бөлшектеніп, талшықтанады. Әбден иін қандыра уқалап, салалап жұмсартып алған соң, ірі еркек жүзді тарақпен тарасаң, ол біркелкі жіңішке талшықтарға айналады. Қажет болса талшықтарды есіп, ширатса тарамыс әзір болады. Тарамыс қатты кеуіп құрғап кетсе үзіле береді, сондықтан оны өсімдік майымен майлап, бүктеп, былғарыдан тігілген қапшықта сақтайды.

Тарамысты торсық, мес, саба т.б. теріден жасалған ыдыстарды тігу үшін пайдаланады. Тарамыспен іс тігерде оны сілемдеп, сәл ылғалдап алып қолданған жөн.





Көн

Көн – ірі қараның терісінен иленген қатты былғары.

(«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», «Ғылым», Алматы, 1980,162-6.)

Осы тұста түсіндірме сөздікте жаңсақ жазылған. Біріншіден, көн деп қазақ иленбеген теріні айтады, екіншіден былғары көн болуы мүмкін емес, ол арнайы иленіп, кермектеліп, боялып жасалады.

Көн – малдың (аңның) иленбей (қан, шылғи) кептіріліп, қатты күйге түскен терісі. Көннен көбінесе *тулақ, торсық, кеукерін, бұлқыншақ, талыс* т.б бұйымдар әзірленеді. Көннен әзірленетін бұйымдар екі түрге бөлінеді. Біріншісі түгін қалдырып жасайтын бұйымдар, екіншісі түгі алынған теріден жасалатын бұйымдар.

Түгін жидітіп, тазалап алған терімен қазақ ер ағашын қаптаған, әртүрлі сүт тағамдарын құятын ыдыстар тіккен, қалқан, жеңсе, дулыға тәрізді жауынгерлер жарақтарын, етіктің өкше сірісін де көннен әзірлеген.

Ертеректе көннен шарық, шәркей, т.б. аяқкиімдер де тігетін.

Көннен жасалатын бұйымдар


Тулақ – үстіне жүн сабау үшін, немесе төсеніш ретінде қолданылатын жүні алынбай, керіліп, кептірілген шикі тері.

«Ер арыса – аруақ, ат арыса – тулақ» деп тегін айтпаған халқымыз. Тулақ жасау үшін жаңа сойылған малдың (аңның) терісін ірі қаратікен тұзбен тұздап, дегдіген соң шелі мен ілескен көк етін қырып, тазалайды. Егер тері өте майлы болса, аққұс (күйдірілген әк тас, известь), ащы (сортаң топырақ, тұзды көлдің сазы) жағып майын алады.

Терінің майын алу үшін құстың ұсақталып ұнталған саңғырығын да жағады.

Содан соң терінің іш жағын қырып, тазалап алып, көлеңкеге керіп кептіреді. Тері әбден кепкен кезде қатайып, көнге айналады. Кепкен терінің үстіне көрпе, бөстек жержастық салып төсеніш ретінде пайдаланады. Жерге төселген тулақтан сыз өтпейді.

Жүн сабағанда тулақты аударып төсейді. Егер сабайтын жүн көп болса, бірнеше әйел бірігіп сабайды. Жүн сабауға көмектескен адамдарға шашу тамақ беріледі. Оны «тулақ шашу» деп атайды. Сабауды түзу өскен *жыңғылдан, тобылғыдан, тал* мен *мойыл* шыбықтарынан жасайды.





Ертеректе күйеу жігіт қайын жұртына алғаш келгенде босағаға тулақ төсеп отырғызатын дәстүр болған.

Бір жас жігіт қайын атасының үйіне келгенде, жеңгелері астына тулақ төсеп босағаға отырғызып қойыпты.

Сол үйдің үлкен қабаған иті бар екен, бөтен адамды көргенде төбет арс етіп оқыстан үріп қалғанда күйеу жігіт шошып кетіп, төрге бір-ақ секіріп шығады. Сонда бір жеңгесі бетін шымшып: «Масқара-ай, күйеу жігіт атамның төріне шығып кетті ғой», – депті.

Күйеу жігіт есік жақтағы төбетті қолымен нұсқап: «Анандай бәлекет арс етіп ұмтылса, атаңның төрі түгілі, көріне кірерсің», – депті.

Шарық – шикі теріден лекерлеп тігілген қара дүрсін аяқкиім.

«Аяқта жуан жіппен бұған шарық сүйреліп, киіз шұлғау жалпылдап тұр», – дейді І.Жансүгіров бір өлеңінде.

Бұрынғылардан: «Жаяудың аты – шарық, күші – азық», – деген сөз қалған.

Сиырдың сауыр терісін шелі мен көк етінен ажыратып, түгі өкшеге қарай жататындай етіп пішіп, арнаулы ағаш қалыпқа кигізіп бүгіп тігеді. Содан соң жиегін бүгіп, шетінен бір елі жерден қайыс баулық өткізетін тесіктер тесіп, бау тағып, тартып байлап қояды.

Тері кепкен соң ішінен киіз байпақ немесе жүннен тоқылған шұлық киіп, шарықтың табанына киіз ұлтарақ салады.

Шарықтың бауы өкше жағынан шығып тұрады. Баудың екі ұшымен қонышты (балтырды) айқыш-үйқыш байлап алады. Дайын шарықпен көк шөп тығыз өскен беткеймен сырғанаса түгіне шөптің сірісі жұғып, шарықтың табаны жылтырап әрлене түседі.

Саба – қымыз, қымыран, шұбат ашытуға арналған, қам теріден бес қиық етіп пішіліп, тігілген ыдыс. Сабаны көбінесе жылқының жон терісінен тігеді. «Іргеде еміздікті қара саба, піс-пегі шекемікті алма сағақ» (І.Жансүгіров).

Саба жасау үшін жылқы терісінің жүнін жидітіп, тазалап алған соң, арнайы үлгіге салып пішеді. Содан кейін бірнеше тәулік малмаға салып қояды.


Малма – айранның сары суына ұн, кебек қосып жасалған и. Терінің иде жату мерзімі қалыңдығына байланысты. Түйе терісі малмада жарты ай жатса, түлкі терісі бір-ақ тәулікте и қабады. Саба жасайтын теріні малмадан әбден и сіңіріп, шығарып алып



тулақ



шарық





көлеңкеге жайып кептіреді. Тобарсып кепкен теріні кермекке салады.

Кермек — емен, тал, т.б. ағаштардың қабығын томар бояу, рауғаш тәрізді өсімдіктердің тамыр-түбірін, ермен-жусанның бүрін кептіріп, талқандап түйіп, жасалған қоспа. Осы қоспаны қазанға салып, су құйып тұзын татыта салып қайнатады. Содан соң ағаш астауға қотарып, жалаңаш қолдың шынтағын батырғанда күймейтіндей шым-шым кезінде теріні салып, бірнеше тәулік ұстайды. Содан соң терінің пұшпағын өткір пышақпен тіліп көру керек. Егер кермектің қызғылт бояуы терінің өн-бойына түгел сіңсе, кермектен алып, суын сорғытып, көлеңкеге жайып кептіреді.

Кермекке салынған тері әдемі қоңыр-қызыл түске боялады. Осыны *қызылдау* деп те айта береді. Ол жөнінде І. Жансүгіровтың мына бір жыр жолдарын еске алайық:


«*Қызылдап* қымыз сабасын,
Жыртығын үйдің жамасын
Айт, апатай келінге».

Құрымдау. Кейде сабаны қара түске бояу үшін мұржаға жиналған ысты қазанға салып; тұз, су, ашудас қосып қайнатып, су сәл суыған кезде саба жасайтын теріні бірнеше күн салып қояды.

Тері қою қара түске боялып шығады. Міне, осыны *құрымдау* деп атайды. Құрымға салынған сабаны қара саба дейді. Үлкен саба бес жылқының жон терісінен тігіледі. Зор денелі етті-женді адамды «бес биенің сабасындай» екен деген сөз осыдан шықса керек.

Төрт жылқының жон терісінен сабаның төрт қапталы шығады, оны сабаның бойы деп атайды. Ол трапеция тәрізді пішіледі, арнаулы үлгіге салып, төртеуін бірдей етіп пішеді. Ал бесінші жылқының терісінен сабаның түбін шаршылап пішеді.

Пішіп алғаннан соң төрт бойы мен түбін қосып тарамыспен тігеді. Тігіп болған соң, арша, қарағай тобылғының бүрімен ыстайды. Ысталған сабаға сары су толтырып бір-екі тәулік ұстап, шикі дәмін алады. Содан соң суға тұзды қанық ерітіп, тұзды сумен шайқап жуған соң сабаны пайдалана беруге болады. Саба өңезденіп кетпесін деп, айына бір-рет ыстап, жуып, кептіріп сыртына жылқының майын жағады. Сабаның ауыз қуысын көмкеріп байлап қоятын ұзын қайыс бауы болады. Оның бір ұшы керегенің басына байланады, ал сабаға құйылған қымызды оқтын-оқтын пісіп қоятын құралды піспек деп атайды.









Піспек – сабы сабаның бойынан екі-үш тұтамдай ұзын, түбіне айқыш-үйқыш екі тақтай немесе төңкерілген тостаған тәрізді қабырғалары тесік қуыс ағаш бекітіледі. Піспектің үлкендігі сабаның көлеміне қарай жасалады. Ол туралы халық:

«Сабасына қарай піспегі

Сақалына қарай іскегі», – дейді.

Шеберлер піспектің басын өрнектеп, сүйекпен, мүйізбен оймыштап асыл тастардан көз орнатылған қақталған күміспен күптеп, алтынмен аптайды. Кейде піспектің басына ұсақ қоңырау, сылдырмақтар бекітіледі.

Сонда пісілген сабадан гүмпілдеп шыққан дыбысқа қоңырау мен сылдырмақтың үні үндесіп, құлаққа жағымды әсер қалдырады.

І.Жансүгіровтің мына бір өлең шумағы осынау сәтті көз алдымызға елестеткендей:

«Сарайым – сабам қоям пісіп-пісіп,

Қойдырман ән қымызын ой – кернетіп».

Сабаның «тай жүзген» атты өте үлкен түрі де болатынын көне көз кәріқұлақ қарттардан еститін едік.

Сабаның түбі сыз жерде жатып көгеріп кетпесін деп, шеберлер оның астына төрт емшекті ағаш тұғыр әзірлейді. Оны саба аяқ деп атайды.

Саба аяқ – сирақтары жерден бір қарыстай биік болады. Оның қаптал қабырғаларына бедерлі өрнек ойылып, мүйізбен, сүйекпен оймышталады. Күміс қапталған темірмен құрсауланып асыл тастардан көз орнатылады. Сабадағы қымызға қойдың бір білем піскен құйрық майын салып қойса, дәмді болып бабымен ашиды. Кейде бір қасық бал қосып қояды. «Көлеңке үй күрпілдетіп саба піскен, ас қандай әңгімешіл қымыз ішкен», – деп Ілияс ақын осындайды айтса керек.

Болып-толып кемеліне келген адамға «сабасына келіпті», ал ашуы басылған адамды «сабасына түсіпті» деген теңеу де бар тілімізде.

Сондай-ақ, тілімізде:


«Жалғыз ағаш пана болмас,


Жалғыз бие саба болмас».

«Бес биенің сабасы, бес күн саусаң толмайды,

Мақтағанмен жаманды, жақсылардай болмай-

ды», – деген мәтелдер болса, Бұқар жырау:





«Бәйбішеге жарасар, еміздіктеген сабасы,
Келіншекке жарасар, емшектегі баласы», —

деген екен.

Кесеқап. Қазақ шеберлерінің қолынан шыққан, *теркеш, кесе қап, шынықап* деп аталатын мүліктің тарихы өте қызық. Кесеқаптың пайда болуы XVIII ғасырда қазақ арасына Қытайдың фарфор ыдыстары кеңінен тарай бастаған мезгілге сәйкес келеді. Ертеде Қытайды Шын деп атаған. Шыны сөзі содан қалыптасқан.

Польшаның революционері Адольф Янушкевич қазақ даласына жер аударылып, ел аралағанда күнделік жазған. 1846 жылы қазақтар өзіне қымызды Қытай ыдысына құйып бергендігі туралы жазба деректер бар.

Ол кездерде Қытайдың фарфор, фаянс ыдыстары өте қымбат бағаланатын, әрі әркімнің қолына түсе бермейтін. Сондықтан осындай зәру бұйымды сындырып алмау үшін қазақтар мен Орта Азия шеберлері *ағаштан, шиден, тобыллыдан* иіп, тоқып, *теріден, көннен* кесеқаптар жасап, фарфор ыдыстарды солардың ішінде сақтап, тасымалдайтын.

Ол ыдыстарды қазақтар мен өзбектер «теркеш», түрікмендер «серкеш», қарақалпақтар «шынықап», қырғыздар «пиалақап» деп атаған.


Әуелде қазақтар теркеш деп атап, кейінірек «қалмақ бас» деп атайды. Өйткені, кесеқап теріден тігіліп, арнаулы қалыптан шыққан соң, жарты шар тәрізді доп-домалақ күйге енеді.

Төбесіндегі қарқарасы (қайыс шашағы) шашын тықырлап қырып, төбесіне айдар қалдырып қойған басқа ұқсайды.

Көшіп-қонып жүргенде шыны кеселер қирап қалмас үшін халық шеберлерінің қиялынан туған өнер туындысы — кесеқаптың көркемдік сапасы өте жоғары болған.

Кесеқаптардың «сыңар емшек», «қос емшек», «үш емшек» деген түрлері болады. Сонымен қатар теріден, киізден, қайыңның тозынан (қабығы) жасалатын цилиндр тәрізді, қалпақты түрлері де болады. Оларға бір-біріне кигізіп, он шақты кесе салып қоюға болады.

Кесеқаптарды теріден жасағанда байырғы шеберлер оны төрт немесе бес қиықтан пішіп, құрап тігетін. Оның бетін күміс сымдармен зерлеп, асыл тастан көз орнатып, күміс шытыралармен безендіретін. Осындай мүлікті бұл күндері малшы қауым қуана-қуана тұтынған болар еді. Сондықтан кесеқап жасаудың қарапайым әдісін назарларыңызға ұсынамыз. Ол үшін жаңа





сойылған ірі-қараның терісін жібітіп, түгін ұстарамен сыпырып, жарты шар тәрізді ағаш қалыпқа жайып, (қалыптың сыртына біркелкі етіп қалыңдығы 4-5 мм мұм жағып қою керек). Оған ортасында алғашқы қалыптың диаметрінен 7-8 мм кеңірек ойығы бар екінші қалыпты кигізіп, бұрандалап, қысып қою керек.

Тері сәл тобарсыған соң, сүмсуірмен терінің бетіне батыра бедерлеп өрнек салуға болады. Тері әбден кепкен соң қалыпты шығарады. Содан шикі тері қатайып көнге айналады, әрі бастапқы кейпін сақтап қалады. «Көн қатса, қалыбына тартады», деген сөз содан қалған.

Әрі қарай теріні ыстап, майлап, қайыстан шошақ тағып, кесе қапқа ағаш қақпақ бекітеді.

Жеңсе — ұрыс-шабыс кезінде жауынгер-сарбаздардың қолының қарын қарсыласының қаруынан қорғайтын жарақ.

Әдетте жеңсе металдан жасалып, киізбен, матамен астарланады. Көннен жасалған жеңсе де талдырып басқан киізбен немесе арасына жүн, қыл салынып сырылған матамен астарланады.

Көннен жасалған жеңсені жасау үшін қолдың шынтағынан білек буынына шейінгі аралықты өлшеп, сол мөлшерде ағаштан арнайы қалып әзірленеді. Қалыптың пішіні мен көлемі жеңді білектің шамасына сәйкес жасалады.

Содан соң қалып сыртына мұм жағып, оған түгінен тазарған шелі алынған шылғи тері қапталады.

Көлеңкеде тері кеуіп, тобарсыған соң оның бетіне батыра әртүрлі бедерлі өрнек салынады, металл жапсырмалармен күрсауланады.

Көн жеңсені қалыптан ажыратып, әбден кепкен кезде бояп, майлап қойған жөн. Жеңсенің ішкі жағынан екі жерден білекті айқара қысып тұратын бау тағылады.

Көзілдірік.

Ақша қарда көп жүрсен,


Көзің бір күн қарығар.

Ағайыннан бөліңсең,

Көңілің бір күн тарығар.

Халық даналығы

Малшылар, аңшылар және альпинистер қыс күндерінде түзде көп жүрсе, күн сәулесі қарға шағылысып, көз жасаурап, қызарып ауырады. Осы кеселді қазақ «көздің қарығуы» деп атаған. Байқаған боларсыздар, «қарығу» сөзі «қар» деген түбірден туындайды. Орысша оны «снежная слепота» деп атайды.





Тікелей түскен күн сәулесі ақша қарға шағылысып, ультракүлгін сәуле көздің мүйіз қабығындағы нерв талшықтарын қабындырады. Бір қызығы, ата-бабаларымыз да көз қарығуға қарсы киетін көзілдірікті өте ерте замандарда-ақ пайдаланған екен. Ертеректе қыстыгүні тыста көп жүретін адамдар жылқының қам терісін (иленбеген, шикі) жібітіп, түгін жидітіп тазартып алған соң, көздің тұсынан көлденең тілік тіліп, тері қоңыр-құрғақ кезінде тіліктердің арасындағы жолақты көлбеу бағытқа бұрып, тері көңге айналғанша көлеңкеде кептіріп, көзілдірік әзірлеген. Оған жұмсақ шүберектен (матадан) ызылған немесе биязы жарғақтан тілінген бау тағып, көзге киетін.

Мінеки, осындай әдіспен көзілдірікті жұқартып қырналған, арнаулы өңдеуден өткен жылқы тұяғынан да әзірлеп алуға болады. Ондай көзілдіріктің қызметі қазіргі терезеге тұтатын жалюздердің атқаратын қызметі тәрізді болған.



Қазіргі күндері ұмытылып, көмескіленген, кезінде бабаларымыз тұтынған көзілдіріктің жаңғыртпасын жасауымызға кезінде ақыл-кеңес берген марқұм Жәмәли Сұлтанаев деген халық шебері еді.

Тізелік – жауынгер сарбаздардың аяғын тізесінен тобығына дейін қарсыласының қаруынан қорғайтын жарақ. Жеңсе мен тізелік туралы толығырақ мәліметті Қ.Ахметжановтың «Жараған темір кигендер» атты кітабынан алуға болады. Көннен тізелік жасаудың технологиялық тәсілі жоғарыда жазылған жеңсе жасаумен бірдей. Оны Алматыдағы Мемлекеттік қыздар педагогика институтының «Ақ тұмар» атты мұражайынан көріп тамашалауға болады.

Көн қалқан – жауынгер сарбаздарды дұшпанның оғынан қаруынан қорғайтын жарақ.

Атына заты сай осы қорғаныс құралын ағаштан, металдан және теріден (көннен) жасаған. Көн қалқанның жоғарыда аталған қалқанның басқа түрлерінен артықшылығы басым болған. Себебі ағаш тақтадан жасалған қалқан ауыр әрі көлемді, ағаш шыбықтан тоқып жасалған қалқандар да солай. Ал металл қалқандар жаздыгүні күн тартып, ыстық болса, қыста қолды қаритындай суық әрі өте ауыр болады. Көн қалқан әрі жеңіл, ыстық-суыққа төзімді, өте берік болады. Сілтеген қылыш, найза т.б. қаруларды жасқауға, садақ жебелерінен қорғануға өте қолайлы.

Әдетте, көн қалқандар ықшам әрі дөңгелек түрінде жасалады. Дөңгелек шеңберінің диаметрі 45-50 см. Ондай қалқан жа-





сау үшін, ағаш тақтадан арнаулы дөңес қалып әзірлеп, оған күл, балауыз, май қосып жасалған мүмді қалыңдығы бір елідей етіп жағады. Содан соң оны шелінен, түгінен тазарған түйе немесе бұқа терісімен қаптап, көлеңкеде кептіреді.

Сәл тобарсыған кезде мүйіз батырғымен бедерлі өрнек салынады. Тері кепкен кезде қалыптан ажыратып алып, жұқа, талдырған киізбен, сырылған матамен астарлап, іш жағынан жеңді білекке және қол тұтамына туралап өрілген қайыстан немесе ызылған былғарыдан бау тағылады. Ортасына жылқының ту құйрығынан әзірленген шашақ тағылады.

Содан соң табиғи бояулармен қажет түске боялып, майланады.

Көн дулыға – жауынгер, сарбаздардың садақ оғынан т.б. қарсыласының сілтеген қаруынан қорғайтын баскиім. Ол көннен жасалып, жиектері металмен құрсауланады.

Көн дулыға өте жеңіл әрі ыстық-суық өткізбейді. Жұқа, талдырып басқан киізбен немесе сырылған матамен астарланады.

Оны жасау үшін ағаштан төрт бөліктен тұратын арнаулы қалып әзірленеді. Содан соң қалыпқа бір елідей мүм жағып, оның сыртын түгі мен шелінен тазарған шикі терімен қаптайды. Көлеңкеде бірер тәулік кептіріп, батырғымен бедерлі өрнек сызады. Әрі қарай дулығаны қалыптан ажыратып, әбден кепкен кезде металмен құрсаулап әшекейлейді. Эксперимент ретінде жасалған көн дулығаның жаңғыртпа нұсқасын Алматыдағы Мемлекеттік қыздар педагогика институтының «Ақ тұмар» атты мұражайынан көрулеріңізге болады.

Мұндай дулығаларды әйел адамдар киеді. Немесе сарбаздар, қолбасылар арнайы тапсырыспен біркиер жарақ ретінде сән-салтанат үшін киген.

Қорамсақ – сарбаздардың садақ оғын (жебе) салып сақтайтын, тасымалдайтын сауыты (қорап, қылшам) .

Қорамсақ жөнінде суретші Қ. Ахметжановтың зерттеуінде төмендегідей мәліметтер бар: Көшпелі халықтарда XII ғасырлардан бастап оқ қабының теріден, көннен, матадан (барқыт, парча т.б.) жасалған, жалпақ болып келген жаңа түрі қолданыла бастады. Оқ қабының бұл түрі «қорамсақ» деп аталады. (моңғолша «хоромсог»). Кейде қазақтар «қорамса», «қорам» деп те атайды.

Қорамсаққа қол салды,
Көк жебені қолға алды.

*«Қыдырбайұлы Қобыланды»
(Батырлар жыры. 6 т.45-6)*




жеңсе



көзілдірік



тізелік





Қорамсаны қолға алды
Атайын деп оңдалды.

*«Ақжанасұлы Ер Кеңес»
(Ақсауыт, 2-т. 234-б.)*

Қорамсақтың алдыңғы жағында екі жерде қайыстан ызылған, ілгегі болады, беттеріне ою-өрнек салынып әшекейленіп, алтын, күміс т.б. металдан жасалған жапсырмалар салынады. Матадан жасалған қорамсақтардың беттері оюланып кестеленеді. Қызметі әртүрлі жебелерді жеке-жеке салу үшін қорамсақтың кейбір үлгісінде екі қалтасы болады. Негізгі қабының сыртына қосымша қалта жасалып, немесе қорамсақтың бетінің орта тұсында қиық жасалып, кейбір жебелер сол жерден сыртынан салынуы мүмкін. Бейнелеу өнері материалдарынан осындай қорамсақтардың суреттерін көреміз. Қазақтарда мұндай екі қалталы қорамсақ үлгісінің сақталған нұсқасы жоқ болғанмен, өнер деректері ондай қорамсақтың қолданылғанын көрсетеді. Қорамсақ белге оң жақтан аузы кейде артқа, кейде алға қаратылып тағылады. Шығыс бейнелеу өнері деректері батырлардың түрлі әскери дәреже белгісі ретінде қорамсаққа шашақ, аңның (қабыланның, жолбарыстың) құйрықтарын таққанын көрсетеді. Қабыланның құйрығын қорамсаққа қолбасылар, хандар, атақты батырлар таққан. Ауыз әдебиетінде оқ қабының кейде «толай» деген (түркіше «тулуй» атауы да кездеседі).

Толайыма қалмақ қол салды,
Есепсіз қылып мол салды.

*«Мұсаған»
(Батырлар жыры, 5-т. 128-б.)*


Сол кезде Құттықия
Толайына қол салды
Азгана емес мол салды.

«Құттықия» (Сонда, 67-б.)

Бұл оқ қабының тағы бір үлгісі болуы мүмкін, бейнелеу өнері мен музей материалдарынан қазақ қорамсақтарының бірнеше үлгілерін көруге болады.

Көн қорамсақ жасау үшін арнайы үлгімен тақтайдан қалып жасалады. Қалыптың сыртына мұм жағылып, үстінен тазартылған шикі тері керіледі. Көлеңкеде кеуіп, тобарсыған соң, батырғымен бедерлі өрнек салынады.

Көнек – шикі теріден тігілген, бие саууға арналған шүмекті ыдыс. Онымен бие сауғанда бауын білекке іліп алып, түбін тізе-





ге тіреп, биенің мінер жақ санын қос қолмен қаусыра құшақтап сауады.

Көнек жеңіл болады және қаңылтырдан жасалған ыдыстардай даңғырламайды. «Көнектен шошыған бие оңбас,

Көптен бөлінген үй оңбас», – дейді халқымыз.

Көнекпен сауғанда мал мазасызданбай жақсы иіп, сүтті мол береді.

Көнекті көбінесе жылқының жон, сауыр терісінен, түйенің мойнағынан жасайды.

Мойнақ – түйенің алқымы мен бауыздауына дейінгі жармай, бітеу сыпырып алған мойын терісі.


Көнек жасау үшін жас теріні түгінен арылтып, мойнақтың кең жағын түптеп, тарамыспен тігіп, бір бүйірін арнаулы үлгімен тігілген шүмекті бекітеді. Көнектің аузына жас тобылғыдан иіп, шеңбер салып, оны сыртына қарай терімен көмкере тігіп шегендейді.

Содан соң көнектің ішіне еленген кебу құм толтырып, тері әбден кепкенше көлеңкеде ұстайды. Тері кеуіп көнге айналған соң ішіндегі құмды төгіп тастайды.

Тері кеппей сәл тобарсыған қоңыр-құрғақ кезінде қажет болса арнаулы мүйіз батырғымен сызып өрнек салуға да болады. Содан соң тобылғы, аршаның бүрімен ыстап алу керек. Ыдысты ыстаған кезде аузын төмен қаратып, ішіне түтін кіретіндей етіп ыстаған жөн. Ыс сіңген тері қоңырқай түске еніп, әрлене түседі, әрі оған құйылған тағамның исі де дәмі де жағымды болады.

Көнектің ауыз жағына металл шығыршықтар бекітіліп, оларға өрілген қайыс бау тағылады. Жақсы ысталған көнекке бір-екі тәулік қатты ашыған айран құйып, шикі дәмін алады. Содан соң қайнаған тұзды сумен жуып, кептіріп, жылқының майын жағып пайдалануға болады.

Торсық – қымыз, шұбат айран т.б сүттен әзірлейтін су-сындарды сақтап, тасымалдайтын шылғи (шикі, қам) теріден жасалған. Оны түйенің, сиырдың, жылқының жон, сауыр терісінен тігеді. Ол үшін терінің түгін жидітіп, шелін тазалап, көлеңкеге керіп кептіреді. Сәл тобарсыған кезде арнаулы үлгімен пішіп, екі жағын беттестіріп, тарамыспен итіс-тартыс әдісімен тігеді. Содан соң торсықтың ішіне жуып, кептірген таза қиыршық құмды кептеп, аузына ағаш тығын тығып, көлеңкеге қойып кептіреді. Бір-екі тәулік кептіріп, батырғының ұшымен сызып, торсық бетін





өрнектейді. Осы тұста өте мұқият болған жөн, тері дымқыл болса, немесе қаудырлап қатты кеуіп кетсе, өрнек түспейді.

Сондықтан, теріні бабына келтіріп, «қоңыр-құрғақ» кезінде өрнек салса, өрнектің бедері айқын әрі терең түседі.

Теріге бедерлеп өрнек салу әдісін халық шеберлері «батырма», «бедерлеме», «таптаурын» деп атайды.

Өрнек терең әрі бедерлі болу үшін оның өн бойын қуалай батырғышты бірте-бірте тереңірек батырып, бірнеше мәрте қайталау керек. Батырғының ұшы тері бетінде жеңіл сырғу үшін әлсін-әлсін майға батырып алған жөн. Тері ыдысқа өрнек салғанда ыдыстың қарсы қапталындағы бедерлі өрнекке нұқсан келтірмей, астына жұмсақ көпшік қояды. Өрнек бедерлеп болған соң 2-3 тәулік көлеңкеде кептірсе ыдыс қатайып, көнге айналады. Содан соң ішіндегі құмын төгіп, ыстап, жуып, майлап пайдалануға болады. Қазақ шеберлері жасаған торсықтар негізгі екі түрге бөлінеді. Біріншісі мүйізді торсық, екіншісі жанторсық. Мүйізді торсықтар әдемі әшекейленіп, үйде керегенің басында ілулі тұрады.

Ал торсықты мүйіздеп жасайтын себебі – ішіндегі қымызын сарқып құйғанның өзінде торсықтың қос мүйізінің қуысында бір-екі қасық қымыз қалып қояды. Қымызы түгесілген торсыққа жаңартып саумал қымыз құйылады.

Мүйізге қалған қымыз қалдығы келесі құйылған саумалға ашытқы болады.


Жанторсық - көбінесе малшылар мал баққанда, жауынгерлер жорыққа шыққанда ішіне сусын құйып, ердің қанжығасына байлап жүретін ыдыс. Жанторсық мүйізді торсыққа қарағанда қарапайымдау болады, мүйіз болмайды, тек мойынында бау тағатын шығыршығы, ағаш тығыны болады. Жолаушылар жол жүргенде, сапар шеккенде жанторсыққа бірнеше құрт салып, ішіне су толтырып қояды.

Қанжығада шайқалған торсықтың ішіндегі құрт езіліп, шалап сияқты сусын пайда болады. Оны қазақ *томыртқа* деп атайды. Ол туралы Ілияс Жансүгіровтің мынандай өлеңі еске түседі.

...«Томыртқы қылып торсыққа
Шөлдермін сусын су байла».

Ұзақ сапарда жүрген жолаушы торсықтағы томыртқыны сусын ретінде іше, езіліп-езіліп малта болған құртты ұртына салып сорып, азық еткен.

Бұл да бабаларымыздың көшпелі өмірге лайықтап ойлап тапқан бір кемеңгерлігі деп ұққанымыз жөн.





Қауға – малдың терісінен жасалған, құдықтан су тартып алуға арналған шелек (ыдыс).

Қауға әдетте түйенің мойнағынан жасалады. Мойнақ терінің жүнін жидітіп, шелін тазалап алған соң түйенің сауыр терісінен мойнақты түптейді. Оны тарамыспен тігеді.

Қауғанын аузын жас тобылғыдан иіп шегендеп, бау тағатын шығыршықтар бекітеді. Бауын есілген жіптен, құрдан немесе өрілген қайыстан әзірлейді.

Қауғаны тұтынбай тұрып ыстап, су сіңбеуі үшін жылқының майымен майлайды.

Бұлқыншақ – жылқының сан терісі мен тілерсек терісінен жасалған, сүттен әзірленген сұйық сусындарды сақтайтын, тасымалдайтын ыдыс.

Бұлқыншақ жасау үшін тай -құлын сойған кезде артқы санның терісін шашасына дейін бітеу сыпырып алады. Содан соң теріні айналдырып, ілескен көк етімен шелін сылып, қырып тазалайды. Терінің сан жағын арасына шүберектен ұштық салып, тарамыспен қайып тігеді. Тігіс сирақтағы жіліншікке тар жағына лайық ағаш тығын жонылады. Бұлқыншақты сыртына түгін қалдырып та, немесе өрнектеп те жасауға болады.

Нарқобыз – кепкен емен ағашынан тұтас шабылып, аржасына (қорабына) түйенің терісі керіледі. Нарқобыздың басқа қобыздардан ерекшелігі көлемінің үлкендігінде, тұрқы отырған адамның бойындай (95x41x14) әрі ішегінің әдеттегідей қылдан немесе металл сымнан тағылмай, түйенің терісінен, болмаса тарамыстан ширатылып тағылуы. Құлақ күйін келтіріп, үнін сынап көріп едік, оның дыбысын шығаруға кәдімгі ысқының (смычок) әлі жетпеді, себебі шегі жуан болғандықтан құлақ күйін келтіру үшін өте қатты бұрау керек. Сондықтан нарқобыздың өзіне арнап ерекше конструкциямен ысқы әзірлеуге тура келді.

Ол үшін аша болып біткен басбармақтан жуан ағашты садақша иіп, кергі бауын ту жылқының іріктелген құйрық қылынан жинап, әдеттегіден екі есе жуан, әрі жұмыр етіп тақтық.

Ысқының қолға ұстайтын басына арнайы аржа жасап, оған ешкінің жұқа терісін керіп, қиғақтың бір басына құлақ бекітілді. Қобыздың ішегі мен ысқының қиғағын қарағайдың шайырымен ысып (түтқырлығын арттыру үшін) ойнап көріп едік нарқобыздан боздаған ботаның даусына ұқсас, өте зор үн шықты.

Нарқобыздың алғашқы екі нұсқасы Ықылас атындағы Республикалық Халық аспаптары музейінің алтын қорында сақтаулы.





Оймақ – қалың матадан немесе теріден жасалатын, іс тіккенде иненің дүмі саусаққа батпас үшін, оң қолдың сұқ саусағына киетін ісмерлердің көмекші құралы.

Оймақ сөзінің этимологиясы көптеген түркі тілдес халықтар тілінде кездесетін ой деген түбірден тұрады. Ой сөзі қазақ, қырғыз, ноғай, алтай, хакас, тува, т.б. түркі тілдерінде *төмен, ойпан, шұңқыр, қуыс, ойыс* деген мағынада қолданылады.

Ауыспалы түрінде *қашау, тесу, қию, шымшу, өндіру, бұзу, бүлдіру* деген де мәні бар. (Э.В. Севортян. Этимологический словарь тюрских языков. Наука, М. 1974. стр. 425-435.)

Сонымен ой сөзіне «мақ» жалғауы жалғанып, оймақ сөзі құралып тұр (ой-мақ, қар-мақ, құй-мақ, бар-мақ т.с.с.). Қас ару, сұлу қызды сипаттағанда, оймақ сөзі халықта өлшем ретінде қалыптасып кеткен. Қазақ халқының талғамы бойынша, сұлу қыздың аузын немесе ернін оймаққа теңеу тілімізде жиі кездесетін құбылыс. Мысалы:

...Екі ағашта бір алма,
Мен де алмаймын, сен де алма!
Анық достым сен болсаң,
Оймақ ауыз, қиғаш қас
Мен кеткенде сен қалма...

Немесе :

...Екі ғана жирен-ай,
Жал-құйрығын түйген-ай.
Оймақ ауыз, күлім көз,
Ер жігіттің сүйгені-ай.

Ел аузында оймаққа қатысты мынадай сөздер кездеседі: «Қара суда қаймақ болмас, қас шеберде оймақ болмас», «Олақ адам оймақшыл», «Оймақтың себеі инеге тиеді, иненің себеі түймеге тиеді».

Оймақ металдан, көннен немесе тығыз былғарыдан жасалады. Металл оймақтың іші саусақ сыятындай қуыс болады. Түбі мен жан-жағына, иненің шүйдесі тайып кетпеуі үшін, арнайы ұсақ бедер салынады. Оны оймақтың *қышыры* деп атайды.

«Оймақ пішсең де ойлап піш демекші былғарыдан, көннен оймақ жасау үшін, алдымен үлгі пішеді. Ол өте шеберлікті талап етеді. Суреттегідей үзік сызықпен берілген тұсын қиып, қиылған жеріне саусақты кигізе қойса, оймақ дайын болады. Егер де оймақ көннен әзірленсе, онда көн тобарсып, кепкенше саусақтың орнына арнайы сүйірлей жонылған жұмыр ағаш сұғып кептіреді. Ол





ағашты ісмерлер *саусақ қалып* деп атайды. Қалыпта керіле келе, бабымен кепкенде саусаққа лайық кейіпке келеді. «Көн қатса қалыбына тартады» деген сөз содан қалған.

Биялай.

«Биялай кескен қолымнан,
Сұңқарым қашып кеткен соң ...

Алма Азаматқызы

Құсбегілер қыран құсты қолына қондырғанда киетін тері қолғап. Сол қолмен тізгін ұстайтын болғандықтан, биялайды оң қолға арнап тігеді. Оның бас бармағы бір бөлек, қалған төрт саусақ киілетін тұсы бір бөлек тігіледі.

Биялайдың ішіне жұқа киізден немесе мақта жүн қабылған матадан астар салынады. Ал тысын жұмсақ иленген теріден, түк жағын ішіне қарата тігеді. Оған тұз тағыларының терісі мен үй жануаларының терісі жарай береді.

Жүнді білек еркін сыйып кетуі үшін, әрі орнықты отыруу үшін биялайды кеңдеу етіп пішкен жөн.



Жеңіне іліп қоюға қолайлы болсын деп, қайыс бау немесе кішкене жез шығыршық тағылады.

Былғарыдан жасалатын бұйымдар

Шартылдауық. Қазақ халқында саз аспаптары сан алуан түрлі болып келетіндігі бәрімізге мәлім. Оның ішінде жасалуы мен құрылымы жағынан күрделі немесе өте қарапайымдылығымен көзге түсетіндері де жеткілікті. Солардың бірі – шартылдауық.

Шартылдауықтың шығу тарихы тікелей малшылардың тұрмысына байланысты болған. Ертеден кешке дейін мал соңында жүрген малшы ен даланы жаңғыртып, елін, туған жерін, астындағы жылқысын, сарғая күткен сүйіктісін әнге қосып шырқағанда, ән ырғағын сүйемелдеуге шартылдауықты қолданған. Ол үшін тізгінді немесе белдікті қос қабаттан ұстап, қолдарының арақашықтығын үнемі өзгерту арқылы шарт-шарт еткен дыбыс шығарып отырғандар. Кейін келе шартылдауық көне көз қария Ерғожаев Ахметтің айтуына қарағанда, мұндай аспапты бала күнінде ұлы бабасы Абайылда жасап берген екен.

Енді бұл жерде «белдік пен тізгін» қалайша саз аспабы болады деген сұрақ тууы мүмкін. Мысалы орыс халқында фольклорлық ансамбльдерде кәдімгі ағаш қасықты немесе кір жуатын келдек, шөп шабатын шалғы,отын кесетін ара т.б. кеңінен қолданатыны





баршамызга мәлім. Сол секілді өзбек халқында саусақтарына оймақ киіп, табақшаны тақылдатып әнге, биге қосып жататыны да бар. Келтіре берсе мұндай мысалдар көп. Соған қарағанда, шартылдауық та халықтың қолдан жасап алған қарапайым саз аспабы.

Енді шартылдауықтың жасалу технологиясына келер болсақ, алдымен ұзындығы 30-40см, жалпақтығы 5-6 см болатын екі қайыс таспа тіліп аламыз. Таспаларды бір-біріне қабаттап, екі ұшы ажырап кетпес үшін металл қапсырмалармен бекітеміз. Бұл даяр болған соң ұзындығы 12-14см, диаметрі 2-2,5 см болатын жонылған ағаш кіретіндей тілік жасаймыз. Енді қапсырманың жетесін тұтқадағы тілікке дәлдеп кигізіп, үстінен тұтқаның диаметріне сай металл түтікше кигізіп, алдын ала тесілген тесік арқылы шегелеп, тойтарып тастаймыз. Металл түтікше салу себебіміз, біріншіден, қиылысқан буынға беріктік, екіншіден, көркемдігін де арттыра түседі. Бұл сақпанның жасалуының қарапайым түрі. Енді біз эксперимент арқылы жасаған жаңғыртпаға дыбыс диапазонын арттыру үшін қоңыраулар іліп, көркемдігін арттыру үшін бірнеше әрлеу тәсілдерін қолданған едік.



Қоңырауларды жасау үшін суреттегідей етіп металл қаңылтыр қиып алып, конус тәрізді қалыпқа (конусный ригель) салып иіп, түйіскен шеттерін, төбесін дәнекерлейміз. Даяр болған соң төбесінің анық ортасынан бұрғымен тесік тесіп, тілшігі ілінген сым өткізіп, сымның ұшын домалақтап иеміз. Көркемдеп безендіру үшін металл қапсырмаларын өрнектеп, тұтқасын екі басына өрнектелген металл түтікшелер кигізіліп, қоңыраулармен қоса шашақ тағылған.

Белбеу — қазақтың ұлттық костюмінің өте ертеден келе жатқан дәстүрлі құрамы.

Халқымыздың ұлттық сырткіімдеріне жататын шапан, тон, ішік, шидем, күпі, шекпен, т.б. сырткіімдерге түйме қадамай-ақ, шалғайларын айқара қаусырынып, белге белбеу (белдік) буынып алады.

Қазіргі қолда бар деректерге сүйенсек, белбеулердің: күдері белбеу, былғары белбеу, кісе белбеу, қаралы белбеу, дөңбет белбеу, өрмелі белбеу т.с. көптеген түрлері бар.

Осылардың ішінде халық арасына кең тарағандары ерлер буынатын кісе белбеу және қыздар мен әйел адамдар буынатын кемер белбеу.





Кісе белбеудің буынғанда оң жақ мықынының тұсында әшекейлі салпыншақ қапшығы, кісесі болады. Кісенің ішіне бұрынғы кезде шақпақ, қу, іскек, тіс шұқығыш қандауыр тәрізді ұсақ заттар салып қоятын. Кісе белбеудің құрамына кісемен қатар қынды пышақ, мүйіз шақша мылтықтың дәрісін сақтайтын дойдақу кіреді.

Кісе белбеу малшылар мен аңшылар, жол жүрген жолаушылар мен жорыққа шыққан батырлар үшін өте қолайлы болған.

Кісе белбеулердің ұзындығы бір құлашқа жуық, ені екі-үш елідей, бетінде қақталған бедерлі жапсырмалары болады. Оң жақ ұшындағы ілгек, жапсырмалардың ортасындағы ойық ұяларға еркін енетіндей есеппен жасалып буынған адам өз беліне ықшамдап ұзартып, қысқартып отыруына болады.

Ал кемер белбеу кісе белбеуге қарағанда анағұрлым жалпақ әрі әшекейлеп нақышталуы күрделірек болып келеді. Кемер белбеуге бағдарлап қарала салу, лажы жүргізу, жапсырмаларына асыл тастардан көз салу, күмбездеп ширата жүргізу сияқты күрделі техникалық тәсілдер қолданатындықтан, олардың көркемдік сапасы әрдайым жоғары болады. Сондықтан халық:

«Кемер белбеу белге сән,

Кемелді жігіт елге сән», — деп текке айтпаған. Кемер белбеулердің екі ұшында қақталып күміс жалатылған жалпақ, топсалы қапсырмасы болады.

Сол жақ ұшындағы қапсырманың астынан бекітілген тұйық ілгек әдісімен танысалық. Мыс, жез, күміс тәрізді металды отқа қызартып алып дереу суға салса, металл жұмсақ күйге түсіп, жасиды.



Төстің бетіне төселген түсті металды балғамен соға отырып, арасында жасытып алып, қамыр илегендей екі-үш қабаттап қақтап, қағаздың қалыңдығындай қаңылтыр кейпіне келтірсе, қалыпқа салуға әзір болады.

Қалыпты болаттан соғып, егеп, белгілі кейіпке келтіре нақыштай бедерлеп алған соң, отқа не суға, майға салып, суырып алу керек, ол еркек қалып.

Томаға.

Өлең айта алмаймын былтырғыдай,
Ақ көйлек ары тартсаң жылтырғыдай.
Өлең айт тәуір сайлап бері отырып,
Бүркіттей томағасыз ұмтылдырмай.

Қазақтың қара өлеңі





Нанымдық-сенімдік тағылым, қазақ қыран құстарды, оның ішінде бүркітті ерекше қастерлеген. Әсіресе, құстың томағасына айрықша мән, көңіл бөлген. Өйткені, томаға құстың басына киіледі. Ал баскиім қазақ ұғымында ерекше қасиетті, киелі саналады. Сондықтан да баскиімді жерге тастамай, төрге, жоғарыға іледі. Аяққа баспайды. Еш нәрсеге айырбастамайды, ауыстырмайды. Біреудің алдында кінәлі болған жағдайда баскиімін алдына тастап, кешірім сұрайды. Баскиімнің сәні мен салтанатын және қасиетін арттыру үшін төбесіне үкі, қарқара, қырғауыл т.б. секілді аса қасиетті құстардың қауырсынын қадайтыны да сондықтан. Баскиімді ердің қасына ілмейді. Өлген адамның атын тұлдап, ердің басына баскиімін іліп қояды.

Осылайша баскиімді айрықша қасиеттеген қазақ ер жолдасы – бүркіттің томағасына да ерекше мән бере қараған.

Этнографиялық барлау. Әдетте қыран құстың көзі көлденең затқа түсіп, көңілі бөлінбесін деп томаға тағады. Томаға киген құс момақан күйге түседі. Құсбегілер құстың томағасын түз тағыларына салар алдында ғана сыпырады. Осы құбылысты Абай:

... Томағасын тартқанда бір қырынан,
Қыран құс көзі көріп самғағанда... — деп, әдемі



суреттейді.


Лингвистикалық шолу. Томаға — қыран құстардың басына кигізілетін қап. Сөз төркінінің шығуы әу баста «тұм» деген сөзден өрбісе керек. Олай дейтін себебіміз — тіліміздегі тұқмақ, тұман, тұмса, тұмша т.б. сөздерінің түбірінен туындап, бүркеу, сақтау сияқты ұғым беріп тұр. Яғни, тіл заңдылығына байланысты ауызекі тілде «ү» әрпі «о» әрпіне ауысуы әбден мүмкін. «Тұмаға» деген сөздің «томаға» болып айтылуы сондықтан ба дейміз. Тіліміздегі «томаға-тұйық» деген сөз тіркесінің пайда болуы да тегіннен болмаса керек. Томағадай сөзін қазақ қысым көру, тізгіндеу, тежеу мағыналарында қолдана береді. Оны Илиястың мына бір жырынан айқын аңғаруға болады:

... Салт-сана, әдет-ғұрып томағалап,
Тозғындай қымтырылған ел қылығы...

Технологиялық тәлім. Қыран құстың томағасын ертеректе асыл тастан көз орнатып, күміс шытыралармен әшекейлеп, өте әдемі, сәнді етіп тігіп, оны кәдімгі өнер туындысының деңгейіне дейін көтерген шеберлер болған дейді көнекөз қариялар.

Томаға тігу үшін қыран құстың бас сүйегіне лайық пішілген арнаулы үлгі қажет. Үлгіде томағасының айдары (кейде оны қарқарасы





деп те атай береді) мен тамақбауы бірге пішілген. Осы үлгі арқылы, жұмсақ қайыс немесе былғарыдан суреттегі үзік сызықтармен берілген тұстарын біріктіре тіксе, томаға әзір болады.

Томаға тігер алдында өткір пышақтың ұшымен алдын-ала сәл-пәл сызат түсіре тіліп алған жөн. Тіккен жіп немесе тарамыс сол тіліктің ішімен жымдасып, томағаның оң жағынан көрінбей тұрады. Тігісті томағаның астарына өткізбей, былғарының бір-бірімен беттесетін тұстарындағы қиықтарының жартысынан, ортасынан өткізу шарт. Сонда ғана тігіс құстың денесіне батпайтын болады.

Ал, күміс шытыралар, асыл тастар мен мәймөккелер суреттегі жұлдызшалар арқылы белгіленген тұстарына томаға тігілмей тұрып бекітіледі. Томаға құсқа салынбаса айдарындағы көзі арқылы жібек жіптен бау тағылып, керегенің басына ілінеді.

Томаға тігу үшін үлкен шеберлік керек.


Балақбау. Қыран құстардың жіліншіктеріне тағылатын арнаулы бауы болады. Оны балақбау немесе аяқбау деп айтады. Қазақ тілінде «бау» сөзі бір нәрсені буып, бекітіп тұратын, байлауға келетін не бунай кигізіп қоюға қолайлы жұмсақ заттан істелген ілгек деген ұғым береді. Тонның ішкі бауы, тұмақтың бауы, тамақбау, құлақбау, уықбау т.с.с. кете береді.

Бау сөзіне қатысты ел аузында мынадай бір күлдіргі әңгіме бар. Баяғыда бір салақтау әйел күйеуіне шалбар тігіп бермек болады. Жұмысты қолға алғанына бір апта өтеді. Күйеуі: «Шалбар дайын болды ма?» – деп сұраса, «Әлі тігіп жатырмын», – деп жауап қатады. Екі апта өтеді, үш апта, бір ай, екі ай уақыт өткенде күйеуі:


«Шалбардың тағдыры не болды?» – десе, әйелі: «Шалбар бітуге жақын. Әлі ауы мен бауы ғана қалды», – деп жауап берген екен.

Балақбау қыран құстың аяғында үнемі бірге жүреді. Ол тұғырдан ұшып кетпес үшін қажет. Іргебау қыран ұшарда ұзап кетпес үшін аяғына тұсау ретінде пайдаланады. Құсты жаңадан аң аулауға үйретерде, баулу кезінде, шырға салу шағында құс қайта көтеріліп ұшып кетпес үшін ұзындығы оншақты құлаш шыжым балақбаудың шығыршығына байланады.

Технологиялық тәлім. Әдетте қыран құстарға тағылатын бау жұмсақ иленген тері, былғары, жарғақ немесе қыжымнан құстың жіліншігіне лайық тігіледі. Жіліншікті орап, бунақтап тұратын тұсы алақан деп аталады. Алақанға жұмсақ қайыстан




томаға үлгісі




балақбау

іргебау



жемқалта



өрілген жіңішке *бау* тігіледі. Балақбаудың ұзындығы құстың дене бітіміне, тұлғасына сай, бір қарыс, бір қарыс, төрт елідей 20-25см болады. Алақанның жалпақтығы екі елідей, астар жағы жіліншікке батпайтындай жұмсақ болуы әрі жіліншікті қыспауы шарт. Шолақ балақбау немесе *аяқбау* үнемі қыран құстың аяғында болады. Оның ұшындағы шығыршықтар арқылы ұзындығы бір құлаштан астам жіңішке әрі жұмыр етіп өрілген бау өткізіледі. Оны *іргебау* деп атайды. Іргебау төрт не алты таспадан өріледі. Оның бір ұшына сүйектен, мүйізден немесе ұшқат, ырғай, емен, тобылғы тәрізді қатты ағаштан жонылған көлденең тиек тігіледі. Оны *тобыршық* деп атайды. Іргебаудың жез шығыршықтан суып шығып кетпеуін тобыршық қамтамасыз етеді. Іргебау қыран құстарды тұғырға, үйдің іргесіне т.б. байлап қоюға қолайлы. Іргебау аталуы да сол себепті болса керек. Суреттегі шолақбау байлаудағы күс емін-еркін жүруіне қолайлы. Құсты тұз тағысына саларда іргебауды тобыршығынан тартып, шығыршықтан оңай әрі жылдам суырып алуға болады.



Бау қатты кеуіп, жарылып кетпеуі үшін оқтын-оқтын майлап қойған жөн.


Жем қалта — аңға шыққанда құстың жемін салып жүретін қалта. Жем қалтаның ұзындығы 25-30см, көлденеңі 20см мөлшерінде болады. Жем қалтаның бір жақ қырында түтік қыстыратын орны болады. Қалтаны белбеуге ілетін, ердің қанжығасына байлайтын өрілген бауы болады. Жем қалтаның жасалу жолы өте қарапайым болып келеді.

Ол үшін алдымен болашақ қалтаның өлшемін алып, былғарыны пішуді бастаймыз. Қалтаны үш бөліктен тігуге болады. Алдыңғы жақтауы, артқы жақтауы осы екі жақтауды біріктіріп тұратын жолақтан тұрады. Осыларды әдемілеп пішкен соң, қалыңдығы 3-5мм етіп таспа тіліп алып, үскі бізбен тесіп отырып тігеміз. Қалтаны тігіп болған соң, металл шығыршықтарды пайдалана отырып өрілген бауды қалтаның артқы жақтауына шегелейіз. Әдемілеп, сәндік талғамды ескере отырып, шеберлер қалтаның сыртына оюлап, металл қалыптардан жасалған шегелермен безендіруге болады. Қалтаның бауын, сырт жақ түбін шашақтап қояды.

Иленген теріден жасалатын бұйымдар

Аба. Аба деген сөзді ешқандай энциклопедиядан кездестіре алмадық. Ал, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «Аба-





сыртқы жамылғыш» – деп қана келте қайырып, С.Шариповтың шығармасынан осы сөз кездесетін бір сөйлем берген де қойған. С.Қасимановтың «Қазақ халқының қолөнері» деген кітабында: «Өбістірме – көктеп, тікпей-ақ тек пұшпақтарын байластырып алып, үстіге жамылып жүретін тері киім» деген мәлімет бар. («Қазақстан». 1969, 232-б.). Аба дегеніміз жауын-шашыннан қорғайтын жамылғыш, қарапайым әдіспен тігілген тыс киім, сулық.

Тілімізде араб-парсы тілінен енген «аб» сөзі су деген мағына береді (абжылан, абдыра, мұрап т.б.). Яғни, қазіргі қолданыста бар *сулықты* сөзінің түп-төркіні осы аба сөзімен астарлас. Орыс тіліндегі *бурка*, *сутан* деген ұғымға да жақын.

Осы іспеттес мәліметтермен көне көз, кәрі құлақ қарттардың айтқандарын жинақтап, саралай келе абаның алғашқы жаңғыртпа (реконструкция) нұсқасын беріп отырмыз. Аба немесе өбістірме көбінесе жылқы терісі түгін өзінде қалдырып илеп, тұтас тігілген сулық, яғни жамылғыш.

Аба жасау үшін теріні малмаға салып, жүнін жидітпей жұмсарта илеп, иден шыққан теріні кептіріп, сәл тобарсыған соң талқыға салып, созғылап, бұрап, әбден жұмсартады. Содан соң арнаулы үлгімен пішіп, күләпарасы ішіне қарай әдіптеліп, көмкере тігіледі.

Екі шынтақ тұсынан ұзындығы бір қарыстай мөлшерде жырық тілінеді. Сол жырыққа жеңді білек емін-еркін сыятындай болуы шарт.

Қаусырылғанда алқымның тұсына келетін қос пұшпаққа ілгек немесе шүберектен ызылған бау тағылады.



Белбуар тұсынан бір өңіріне ілгек бекітіп, немесе екі өңіріне де ішінен бау тағып қояды. Оны *ішкі бау* деп атайды.

Тіліміздегі: «Тонның ішкі бауындай жақын екен», – деген сөз тіркесі осыдан шықса керек.

Абаны желді күні, әсіресе жауын-шашында сулық ретінде жамылады. Оның түгі сыртында, әрі жоғарыдан төмен қарай жығылып жатқандықтан, су өткізбейді, әрі желдің ызғарынан қорғайды. Күннің аптап ыстығында күн өтуден сақтайды. Жүрсең-жамылғы, жатсаң – төсеніш.

Салт атпен шауып келе жатқанда абаның етегі желдің екпінімен желбіреп өте сәнді көрінеді. Ұзақ жолдан терлеп келген аттың сауырына абаны жауып суытуға да болады.


Абаны шиыршықтап, бүктеп қанжығаға бөктереді. Ол – жа-



аба



мес









уынгерлер мен малшыларға аса қажет киім.

Мес дегеніміз — бітеу сыпырылған, иленген ешкі терісінен жасалған, сүттен әзірленген сұйық тағамдарды тасымалдап, сақтайтын ыдыс.


Әдетте мес семіз серке терісінен жасалады. Бітеу сыпырылған теріні шелдеп, тазалап алған соң ағаш күбідегі малмаға бірнеше тәулік ұстап и сіңген соң жайып, кептіреді.

Суы сорғып, тері тобарсыған кезде түгін ішіне қарата айналдырып теріге үн жағып, жұмыр білікке төсеп, сүреді, қырнайды.

Содан соң теріні керіп, созып, талқыға салып жұмсартып әбден иін қандырады. Тері жұмсарған кезде түгін сыртына қаратып айналдырып, алдыңғы екі пұшпағын қалдырып, артқы пұшпақтарын бөксе тұсынан түзетіп кесіп тастап, тарамыспен местің түбін тұйықтап тігеді. Содан соң месті ыстап, бір тәуліктей сарысу немесе айран, іркіт құйып дәмін алған соң, тұзды сумен жуып, пайдалана беруе болады. Алдыңғы пұшпағы местің ішіндегі сұйықтықты құятын шүмек орнына жүреді. Оған бау тағылады.

Теріден жасалған ыдыстарды ыстау

Теріден жасалған ыдыстарды дүркін-дүркін ыстап отырудың гигиеналық маңызы өте үлкен. Баппен ысталған ыдыс әдемі қоңыр-қызыл түске енеді, әрі ысталған ыдыста әртүрлі микроорганизмдер болмайды. Ыс сіңген ыдыста сақталған сүт тағамдарының иісі мен дәмі де ерекше жағымды болады әрі ұзақ уақыт бұзылмай сақталады.



Уақыт пен отынды үнемдеу мақсатымен тері ыдыстарды арнаулы күркеге аузын төмен қаратып іледі де, *тобылғы, арша,*





қарағайдың бүрін, ермен, жусанның түбірін жалындатпай жағып, 8-10 сағаттай ыстайды.

Жақсы ыс сіңген ыдысқа бір-екі күн айран, сарысу, іркіт құйып, дәмін алып, тұзды сумен жуып, кептіріп, жылқының майымен майлап, пайдалана беруге болады.

Ыдыстар өңезденіп кетпес үшін екі аптада бір тазалап жуып, ыстап майлап отырған жөн.

Теріні бояу тәсілдері

Иі қанып, керіліп, созылған, талқымен созғыдан өтіп, сүргіленген тері аппақ әрі жұмсақ болады. Бірақ ақ тері кіршең келеді. Сондықтан, теріні табиғи бояулармен бояуды халық шеберлері өте ерте замандарда-ақ меңгерген.

Семіз малдың терісі майлы болады. Майлы теріні бояу қиынға түседі. Сондықтан терінің майын сорғыту үшін бор, сор, күл, т.б. сеуіп бірнеше тәулік ұстаған жөн.

Тері бояу үшін көп қолданылатын шикізат – ағаштардың қабығы болып табылады. Ол үшін тал, емен, сары ағаш т.б. қабықтары қолайлы.



Әлдебір қажеттілік үшін жығылған ағаш болмаса, тері бояу үшін өсіп тұрған ағаштың қабығын ешқашан сыдыруға болмайды.

Ағаш қабығын жуып, көлеңкеде кептіреді. Кепкен соң темір келіге түйіп, немесе қол диірменге тартып, ұнтақтап алған жөн.

Сол сияқты тері бояу үшін рауғаштың тамыры, томар бояу, қына т.б. көптеген өсімдіктердің тамыры мен бүрлері жарамды. Өсімдік тамыры мен жапырағын күз айларында жинап, жуып, тазалап кептіреді де ұнтақтап алған соң әрқайсысын жеке-жеке ыдысқа салып қояды. Ұнтақ қандай өсімдіктен алынғанын жазып қойған жөн. Өйткені әр өсімдік әртүрлі реңді береді. Қына қызыл болса, еменнің қабығы қоңыр, сары ағаштың тамыры – сары болады, ермен, жусанның бүрінен жасыл түс шығады.

Боялатын терінің түсін бояу ұнтақтарын бір-біріне қосып, қажетті реңді алуға болады. Аталған табиғи бояулардан ашық сары түстен бастап қызыл-қоңыр, қызыл-күрең, шымқай қызыл, қою қоңыр түске шейін алуға болады.

Ұнтақталған бояудың бір өлшеміне екі өлшем су қосып қайнатады. Суга тұзды тататындай мөлшерде қосып, басытқы ретінде бір қасық сірке суын, мүсәтір немесе ашудас қосуға болады.





144

Су әбден қайнап ұнтақтың бояуы шыққан соң ұнтақ қалдығын екі-үш қабат дәкеден өткізіп сүзіп алады. Тері күймейтіндей қанжылым кезінде бояуды таза киізбен немесе қылқаламмен жағып бояй беруге болады.

Бояудың қоюлығын су қосу арқылы, түсін басқа түсті ұнтақ қосу арқылы реттеуге болады.

Боялған теріні көлеңкеде кептіріп, әбден кепкен кезде уқалап, керіп, созып, пайдалануға қажет бұйым тігеді.

Қара дүкен

Айналдым қара дүкен – қасиеттім,
Қастерлеп, алдыңда мен бас иетін.
Жасындай от шашатын төсті құрып,
Жасымнан ұсталықты кәсіп еттім.

Балғаның төске тиген шыңылымен,
Шыңдалып балғын денем, шынығып ем.
Бой ұрып бала кезден бұл өнерге,
Атамнан өрнек сырын ұғынып ем.

Тәу етіп, төске сүйкеп маңдайларын,
Кәріптік атама айтып жағдайларын.
Түрлі бұйым соқтырып ақ әжелер,
Таңғалып қағушы еді таңдайларын.


Төстегі темір қағын жиып алып,
Шетіне жаулығының түйіп алып.
“Өртүрлі кеселге ем”деп, шайып суга,
Ішкізетін құманға құйып алып.

Дүкеннің пірі – Дәуіт пайгамбарым,
Атқарған көңілі мен ойға алғанын.
Қолдай гөр! Я, пірім! деп сиынамын,
Қолымда сақадай сай саймандарым.

Д.Шоқнарұлы.








V тарау

Металл өңдеу





ҰСТААЛЫҚ – ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕРІ

Сүйел қолды қара ұста
Сайманды сал талысқа.
Бүгінгі бәйгі сенікі,
Шылбырынан ал ұста!..

І.Жансүгіров

Елдің жайын ел баққан,
Ерлер білер деген сөз.
Зердің жайын зер соққан,
Зергер білер деген сөз.

Жамбыл


Қазіргі қазақ тіліндегі «ұста» сөзінің қалыптасуы жөнінде екі түрлі пікір бар. К.Юдахин «ұста», «шебер» мағынасындағы иран сөзі (оста) десе, А.Будаков ұстаның мағынасы парсы тіліндегі «остад», «устанд», «ұстаз» – бен байланысты деп қарайды. (Н.Оңдасынов. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. Қазақстан. А. 1974.25-б.)

Сол сияқты, сөзге шешен адамды сөз ұстасы, сөз зергері; ағашшыны ағаш шебері, ағаш ұстасы; үйшіні – үй қосушы ұста деп, ұста сөзін қосып айта береді.

Ұста – әртүрлі металдан, темірден тұрмыста тұтынатын түрлі бұйымдар мен шаруашылыққа қажет құрал-саймандар, қару-жарақ, т.б. жасайтын адам.

Кейде ұстаны «темірші», «темір ұстасы» деп те атайды. Ерте-ректе ұсталарды *қара ұста*, *ақ ұста* деп екі топқа бөлген.

Қара ұста деп – темір, мыс, жез, т.б. металдарды өңдейтін он саусағынан өнер тамған, темірден түйін түйген адамдарды атаған. Ал *ақ ұста* болса, қара ұстаның істейтін жұмыстарын түгел меңгерген, әртүрлі қымбат бағалы (алтын, күміс, т.б.) металдар





мен асыл тастардан сан алуан нәзік, көркем бұйымдар жасайтын қолы қарықты, шебер адам.

Ұсталарды «ақ ұста» немесе «қара ұста» деп бөлу бурят халқында осы уақытқа дейін бар. Бурят, моңғол тілінде ұстаны «дархан» (тархан) дейді. «Дархан» сөзі ру басы, көсем, ел ағасы, ел игілігін қорғаушы, қамқоршы, тіпті бақсы (шаман) деген ұғымды да білдіреді.

Сонымен қатар «дархан» сөзі орта ғасырда Орталық және Орта Азияны мекендеген түркі, моңғол халықтарында да кең тараған.

Буряттарда Дархан – тәңір, Якуттерде Қыдай бақсы – ұсталардың пірі болып саналады (Доломаистские верования бурят. Новосибирск. Изд. «Наука». 1987. С. 98).

Тіліміздегі «дархан» сөзі әуелгі мағынасын жойып (ұста, темірші) қазір адам мінез-құлқына қарай, «кең пейіл», «жомарт», «қолы ашық», ал табиғат кеңістігіне қарай «кең», «жазира», «ашық», «берекелі» т.с.с. мәнінде қолданып жүр. Дарқан, Дәркен түрінде адам аттары да кездеседі.

Буряттарда Дархан тәңір, Якуттерде Қыдай бақсы дейтіні сияқты, Қазақстан мен Орта Азия елдері ұсталардың пірін Дәуіт деп атайды. Қазақ ұсталарының Дәуітті пірім деп санағандығын ақын *Мұсабек Байзақұлының* (Молда Мұса) мына өлеңдері айғақтайды:

...Қылғаның ұсташылық адал кәсіп,
Атаңның кәсібінен таптың нәсіп.
Бұл жұмыс ер Дәуіттен қалған өрнек,
Илеген суық темір жіптей есіп ...

(Молда Мұса. Өткен күндер. Жазушы. А., 1987. 41-6.).

Сол сияқты «Қобыланды батыр» жырындағы:

«Үстіңдегі ақ сауыт,
Бұйырып соққан ер Дәуіт»

«Балғаң тиген ақ сауыт

Беркішіп соққан ақ Дәуіт»,... – деп келетін жерлері

де осы ойымызды орнықтыра түседі.

Ұсталар іс бастарда: «Я, сәт, менің қолым емес, Дәуіт бабамның қолы», – дейді.

Темірші, ұсталарды ел ішінде ерекше қадірлеп, олардың тұтынатын төс, көрік, балға, қысқыш, т.с.с. саймандарын қасиетті деп санаған.





Соңғы кездерге шейін ант бергенде кеудесіне төс ұру, төске тәу ету (алақанымен төсті басып, қолын ерніне тигізіп, маңдайын сипау) салты сақталып келеді.

Аузы уылған (немесе ойылған стоматит, стоматомикоз) жас баланы, ересек адамды төстің бетіне жиналып қалған темірдің қағын (окалина) уатып, аузына сеуіп емдейтін. Қазақ ұсталары «ит тиген» (шошынып ауырған) баланы ұста дүкеніне алып келіп, ішіне су құйған жез легенді баланың басынан сәл жоғары ұстап тұрып, қорыған қорғасынды легендегі суға шар еткізіп құйып жіберіп емдегенін өз көзімізбен көрдік. «Қорықтықпен» емдеу деген осы.

Сүлеймен (тауратта – Соломон) діни хикаялардың айтуы бойынша жаһуттердің атышулы данасы, патшасы болған. (Біздің дәуірімізге дейінгі X – XI ғасырлар). Құстардың тілін білген «Су перісі Сүлеймен» атанған, аты аңызға айналған өте көп байлық (алтын) жиган.

Ислам діні бойынша, ол – пайғамбар. (Сөз атасы. А., Жазушы. 1987. 72-бет). *Ел аузында:*

«Қолда жүзік барында,
Сүлеймен де, Сүлеймен.
Қолдан жүзік кеткен соң,
Сілейген де сілейген», – деген сөз бар.

Алтын Орда мемлекетінің ақыны Саиф-Сарайдің «Сүлеймендей қолыңда қуат болса да қылдырықтай құмырсқаға қиянат қылма», – деген нақылы бар. (Сөз атасы. А., Жазушы. 1987. 72-бет). (Сүлеймен көне Еврей тілінде Шелемох. Д.Ш.)

Сол Сүлеймен патша Иерусалим ғибадатханасын салғызды. Құрылыс жұмыстары аяқталған соң, құрылысқа қатысқан шеберлерді мадақтау мақсатымен олардың барлығын өз ордасына шақырып, ұлан-ғайыр той жасайды.

Ғимаратты орнату барысында көп еңбегі сіңген адамның патша тағына отыруға еркі бар деп жариялайды Сүлеймен.

Шақырылған қонақтар түгел жиналған кезде топтан бір адам суырылып шығып, баспалдақпен көтеріледі де, патшаның алтын тағына жайғасады. Жиналған жұрт оның бұл қылығына қайран қалады. Сонда Сүлеймен тұрып:

- Сен кімсің, патша тағына отыратындай не бітірдің? – деп қаһарына мінеді. Әлгі адам тас қалаушыға қарап:
- Сенің саймандарыңды жасаған кім? – дейді.
- Ұста, – деп жауап қайтарады тас қалаушы.

Тақта отырған адам тағы да ағаш шеберіне қадалып:

— Саған құрал-саймандарды кім әзірлеп берді? — деп сауал қояды.

— Ұста, — дейді ол да.

Сонымен әлгі кісі жиналған ісмерлерге түгел сондай сұрақ береді. Барлығы бір ауыздан ғимарат құрылысына қажет құрал-жабдықты ұста жасап бергендігін құптайды.

Алтын тақта отырған адам Сүлейменге қарап: «Осылардың барлығының саймандарын сайлап берген ұста мен едім, мен болмасам, бұлардың ешқайсысы өз жұмыстарын атқара алмас еді. Сондықтан, осы орынға отыруға хақым бар», — депті. Ұста сөзінің дұрыс екенін патша да қуаттап, сарай салушылардың ішіндегі ең құрметтісі деп ұйғарыпты. (Н.А.Мезенин. Занимательно о железе. Москва., Металлургия. 1972, стр. 46).

Осы аңызды ақын *С.Сарайидің*:

«Бек алдында иіліп, көкірегін басқан қолдан,

Темір илеген білек мың есе артық», — деген нақыл сөзі толықтыра түседі.


Аңыздың аты аңыз ғой, ал шын мәнінде тұңғыш металл қорытушылар, қазіргі металлургияның негізін қалаушылар да алғашқы ұсталар емес пе? Ежелгі ұсталар сұрықсыз сұрғылт тасты балқытып, одан темір айырып алып, алтыннан да қымбат мүліктер соғып шығарып жатса, оларды сиқырлы тылсым күштің иесі деп санамасқа не шара!

Жер жүзінің көптеген елдерінде ұстаны құрмет тұтып қана қоймай, олардан қорқып, сескенген де. Финдер ұстаға «сен» деп сөйлеуге болмайды деп сенген.

Көп елдің ұсталық өнері тек атадан балаға ауысып отыратын мұра ретінде дамыды.

Батыс Африкадағы Дегон тайпасында темір өңдеу ең басты кәсіп болып саналады. Неміс этнографы Ю.Липс Африка мемлекетінде, Сахараның оңтүстігінде ел басқарған патшаның өзі ұсталықтың қыры мен сырын толық меңгеруге тиіс болған, — дейді.

Орта ғасырда Конгоның территориясындағы ірі мемлекеттерде патша сайлау үшін зиялы қауым мәжіліс өткізеді екен. Әрине, патша қарадан емес, феодалдардан сайланған. Сөйте тұра патша болғысы келген әр феодал өзінің шебер ұста екендігіне сайлаушылардың көзін жеткізуі шарт. (Бұл да осы жоғарыда аталған кітаптың 47-бетінде). (Н.А.Мезенин. Занимательно о железе. Москва, Металлургия. 1972. стр.47).





Буряттарда ұсталар қоғамның жоғарғы кастасына жататын.

Ал моңғол дархандары (тархан) ертеде хан ордасына еркін кіріп-шығуға хақылы болған. 9 түрлі кінәдан босатылып, еркіндік, кеңшілік берілген, әрі бұл мүмкіндік үрім-бұтағының 9 тармағына дейін күшін жоймаған. (Т.Жанұзақов. «Қазақстан». Алматы,. 1974. 47-бет).

Африканың шығысындағы джагга тайпасының адамдары ұстаны сыйлап, құрметтеумен қатар, одан қорқады екен. Әйелдер ұстаға тұрмысқа шығуға қорықса, ерлер ұстаның қызына үйленуден қашатын көрінеді.

Ұстаның құрал-жабдықтарына қол тигізуге болмайды. Оларда сиқырлы күш бар деген сенім болған.

Темір бұйымдары, темір түйірлерін бойтұмар ретінде тағып, ол әртүрлі бәле-жаладан сақтайды деп сенген. Көмірдің қорып қалған қалдығына (шлак) қарап бал ашатын. (Н.А.Мезенин. Занимательно о железе. Москва, Металлургия. 1972. стр.51). Ұсталардың сескенудің сарқыншағы орыс халқының да сөздік қорына әсерін тигізгенін байқауға болады. Мысалы: «коварный» (жауыз, зұлым), ковы (қастандық) сөздерінің этимологиясы ко-вать, коваль сөздерімен ал козни (қастық, жаза) сөзі – кузнец (ұста) сөзімен астарласып жатыр.

Орыстарда Кузнецов, Ковалев, украиндарда Коваленко т.с.с. фамилиялар олардың арғы тегінің кім екендігін айқындап тұр.

Осылай тере берсек, ұсталар бейтабиғи күштің иесі деген сенім дүние жүзінің көптеген елдерінде кездесетіндігіне көзіміз жете түсетіндігі белгілі.

Бір қызық жері, әртүрлі діндегі көптеген құдайлардың ішіндегі ең еңбекқоры ұсталардың құдайы (пірі) болып табылады.


Олар: гректерде – Гефест, Рим елінде – Вулкан, Словяндарда – Сварог, Черкастарда – Трепша, финдерде – Ильмаринен, кельттерде – Суццел, этруссктерде – Сафран, германдықтарда – Вилен деп атаған.

Солардың ішіндегі от құдайы, ұсталардың пірі – Гефест туралы мынадай аңыз бар:

Гефест – гректердің ұлы құдайлары. Зевс пен Гераның ұлы. Олимптің басқа құдайларынан оның ерекшелігі – ол ойнап-күліп, уақытын зая жібергенді жаратпайды екен.

Ол көбінесе, барлық уақытын өзінің ұста дүкенінде жұмыс істеумен өткізіпті. Дүкеннің дәл ортасында орасан зор төсі,





көмейінде от-жалын толастамай жел үрлеп тұратын көрігі болыпты. Көмір тозаңы мен шаңға көміліп, қап-қара болған ұста, көзі ғана жылтырап, терге малынып, ешкіммен шаруасы жоқ, өз жұмысын істей беріпті.

Бір күні алып Прометей оның дүкеніне жасырынып келіп, көріктің көмейінен от ұрлап алып, ұсталық өнерді адамзатқа үйретіпті-мыс.

Содан бері адамзат отты ауыздықтап, темір құралдар тұтынып, тұрмыс жағдайы жақсарған екен. Ал отты ұрлағаны үшін Прометейді басқа құдайлар жазғырып, жазалаған екен.

Мінеки, қара ұсталар жайлы естіп-білгенімізді, көргенімізді біраз әңгімелеген сияқтымыз.

Ал ақ ұста дегеніміз кімдер? Кезінде «ақ ұста», кейін «зергер» деп аталып кеткен ұсталар тобы көбінесе алтын, күміс сияқты қымбат бағалы металдар мен тастарды қолданып, өте нәзік зергерлік бұйымдарын әзірлеген.

«Зергер» парсы тілінен ауысқан «зэргэр» сөзі.

Парсы тілінде алтыннан, күмістен суырып, созған жіңішке сымды «зэр» дейді.

Халық арасында зергерлер өте жоғары құрметке ие болып, елдің сүйікті адамы саналған:

«Зердің жайын зергер білер,
Аңның жайын мерген білер.

немесе

Алтын менен күмісті
зергер үшін жаратқан
Бұғы менен маралды
мерген үшін жаратқан.

Әрі қарай: Зергерсіз болса зер мұңлық,
Жолдассыз болса ер мұңлық.

Содан соң: Қорқақ ер болмайды,

Қола зер болмайды», – деген халық арасында айтылып жүрген сөздерге қарап, елдің зергерлер мен зергерлік өнеріне немқұрайды қарамағандығын аңғарамыз.

Ертеректе ұста зергерлерді қолдан-қолға тигізбей, қолқа салып, керек бұйымдарын жасатқызып алатын.

Ауқатты адамдар ұл-қыздарына арнап ер-тұрман, ат әбзелдері, музыка аспаптары, үй жиһаздары т.б. көптеген зергерлік бұйымдарын жасатарда ауызша шарт жасасып, қол алысып, келіседі.

Ұста-зергерлерге жұмыс істейтін үй тігіп беріп, жұмыс істеуге қажетті шикізаттармен, азық-түліктермен қамтамасыз етіп, олардың еңбегін, қолақысын малмен өтеп отырған. (Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Қазатком селосының тұрғыны Ахмет Ерғожаұлынан жазылып алынған).

Әр шебер өз өнерін балаларына, жақын туыстарына олар болмаған жағдайда шәкірттікке бала алып үйрететін. Шеберлер тілімен айтқанда, үйретуші-ұстаз деп аталады. Әр шебер ұсталығына қарай ұстаздық етеді.

Металмен жұмыс істейтін шеберлерді ұста, зергер, темірші, темір ұстасы деп атайды.

Ал қаңылтырдан әртүрлі пеш, керней, қалақ, қолжұғыш т.б. бұйымдар жасайтын, қаңылтырмен үйдің төбесін жабатын шеберлерді қаңылтыршы (жестянщик) дейді.

Қаңылтыр, мыс, жез т.с.с. жұқа металдардан жасалған бұйымдарды дәнекерлеп жамайтын, әртүрлі металл ыдысқа қалайы жалататын, дәнекерлеу әдісімен әртүрлі тұрмыста тұтынатын мүлік әзірлейтін шеберді – дәнекерші (паяльщик, лудильщик) деп атайды.

Дүкен (ұстахана)

Дүкенім құрған шеберім,
Шеберле шеге шегеле.

І.Жансүгіров


Күпілдеген көрік пен,
Төм темірі қайда екен?
Өсіп ем ғой көріп мен,
Шеберхана бай мекен.

Н.Оразов

Ұста-зергерлердің жұмыс істейтін орнын ертеректе дүкен деп атаған.

Қазір металмен жұмыс істейтін шеберлердің жұмыс орнын шеберхана деп атайды. Бұдан бұрынырақ дүкенді кәдімгі киіз үйге, шыбықтан тоқылып, іші-сырты сыланған шошалаға, шикі кірпіштен соғылған там үйлерге құра беретін.

Ұста ең алғаш дүкен құрған күні мал сойып, көрші-қолаңды, ағайын-туғандарын шақырып, арнаулы ас беретін. Осы ырымды «дүкен майлау» деп атаған. Себебі, көрікті тұтатқанда оның оттығына май құйып, төстің бетіне, көріктің терісіне май жағатын.





Әр істі бастағанда: «Дәуіт бабам қолдай гөр», – деп әруақтарға сыйыну соңғы кездерге дейін сақталып келеді.

Дүкеннің ішіне шеберлердің құрал-саймандары орналасады. Ұсталар дүкенде жұмыс істеген кезде түрлі бұйымдар соқтырып алу үшін адамдар кіріп-шығып жатады. Немесе, дүкенге ақсақалдар жиналып, мәжіліс құрады. Түрлі аңыз-әңгімелер айтылады.

Ұстаның құрал-саймандары

Көрік.

Көмір жинап, көрік жағып,
Ұсталар ойдаы іс соқты.

І.Жансүгіров

Ұста, зергерлердің түрлі металдарды балқытып, қыздырып өңдеу үшін қолданылатын оттыққа жел беріп тұру үшін қажет.

Көріктің «қос көрік», «қол көрік», «мес көрік», «аяқ көрік» қазіргі шеберлер пайдаланып жүрген электр тоғының қуатымен жұмыс істейтін электрөкірік деген түрлері бар.


Қос көрік. Бір-біріне қарама-қарсы орналастырылған екі көрік. Екеуінің көмейі де бір оттыққа, яғни көріктің аузындағы от жағатын жеріне келіп тіреледі. Жеңіл-желпі жұмысты жалғыз көрікпен-ақ атқара беруге болады. Егер жалқы көріктің әлі келмейтін үлкен бұйым соққанда, қос көрікті бірдей іске қосады.

Қол көрік. Екі тақтайдың арасына иленген тері керіп жасалынған көрік. Оның астыңғы шанағына қайыстан бау тағылып, баудың бір ұшы көріктің бастырығына (бастырғысына) байланады. Көріктің астыңғы тақтайының ортасындағы тесікте киіз желбезегі болады, бастырықты төмен басқанда астыңғы тақтай жоғары көтеріледі.

Сол кезде желбезегі жабылып, астыңғы шанақтағы жиналған ауаның жартысы көріктің көмейіне, жартысы ортаңғы тақтайдағы (көріктің арысы немесе бел ағаш деп атайды) ашылған желбезек арқылы үстіңгі шанаққа толады.


Астыңғы тақтай төмен түскен кезде, бел ағаштағы желбезек жабылады да, үстіңгі шанақтағы ауа үстіңгі шанақтың төмен түскендегі қысымымен көріктің көмейіне қарай бет алады.

Осы жолмен көріктің екі шанағы да ауаны кезек-кезек үрлеп тұрғандықтан, көріктің көмейінен үздіксіз үілдеп жел ұрып тұрады. Осындай сәтті І.Жансүгіров былай суреттейді:






қос көрік



ол көрік



электрокөрік



...Көк қалтырап, дірілдеп,
Жел көріктей күрілдеп...

Төрт өгіздің терісінен жасалған осындай көрікті Алдамберді ұста (Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Қазатком селосы) жасаған екен. Осы көрікті Алдекең дүние салғаннан соң Нұрқожаұлы Ержұма ұстап, ол кісі құрметті демалысқа шыққанда шәкірті Алдамбердиев Темірбай 1960 жылдарға дейін ұстады. Осы кітаптың авторы сол жылдары Темірбай ұстаның балғашысы болып, осы көрікті басқан еді.

Ол кездерде қазіргідей электрокөріктер жоқ. Ауыр көрікті екі қолдап басқан балғашы темір қызған кезде көрікті қоя салып, салмағы 8 кг келетін балғамен қос қлдап темір соғатын.

Көріктің көлемі неғұрлым үлкен болса, оның көмейінен оттыққа берілетін ауаның қысымы да соғұрлым жоғары болады. Ел аузында «Көрігің желді болсын, көлігің жемді болсын, көйлегің жеңді болсын» деген сөз бар.

Сондай-ақ, «Тесік көрік желге толмас,

Топасқа білім қонбас» деген мәтел де бар.

Мес көрік. Бұл көріктің ең қарапайым әрі ең байырғы түрі. Мұндай көрікті бітеудей, жармай сыпырылған екі ешкінің терісінен әзірлейді. Ешкі терісін осы әдіспен сыпыруды «мес қылып сою» деп атайды.

Теріні сыпырып жатқанда, пышақ тигізбей жұдырықпен іреп алу шарт. Содан соң теріні тұздап, бірнеше күн малмаға салып, уқалап, керіп, созып, әбден жұмсартады.

Содан соң терінің бөксе жағын тегістеп қырқып, оған екі жұқа ағаш шегелеп, ішкі жағын жұқа киізбен астарлайды. Ағаштың біреуіне бас бармақ, екіншісіне қалған төрт саусақ еркін сыятындай қайыс бүлдіргі тағылады.

Осы жолмен әзірленген ешкінің екі терісінің алдыңғы пұшпақтарына ағаштан тығын кигізіп, сыртынан қайыспен мықтап байлап, қайыстың артылған ұшын қазық бау ретінде бос қалдырады.

Содан соң кепкен аша ағашты алып, әр ашасының өзегін қуалай қызған темірмен теседі де, ол тесіктер ағаш діңіндегі одан гөрі үлкенірек тесікпен жалғасып жатады. Ағаш діңіндегі тесікке темірден, қаңылтырдан жасалған көмей бекітіледі.

Көрікті орнату үшін бар болғаны үш темір қазық қағылады. Оның бірі көріктің аша тұсына қағылса, екеуі екі местің пұшпағының тұсына қағылады да, пұшпақтарындағы қайыс баулармен байланады.

Мұндай көрікті орнату мен жинап ал үшін бірер минут қана уақыт кетеді. Көшпелі өмірде, жорықта мұндай көрік өте ыңғайлы және жеңіл, қарапайым, көп орын да алмайды.

Бұл көрікті басатын адам екі местің арасына отырып, көріктің бүлдіргесін саусақтарына қыстырып алып, алақанын ашып, месті жоғары көтеріп тұрып, дереу жұма қойып, төмен басса, местің ішіне толған жел астындағы қуыс арқылы көріктің көмейіне, сол арқылы әрі қарай оттыққа беріледі.

Осы әдіспен екі месті алма-кезек желге толтырып басып отырса, көрік толассыз жұмыс істейді.

Аяқ көрік. Бұл көріктің алдыңғы көріктерден айырмашылығы—оны қолмен емес, аяқпен іске қосады.

Ол үшін дөңгелек маховиктің иінді білігіне жалғасқан педальді басып отырса болғаны. Жұмыс істеу принципі аяқ машинасынікіндей.

Маховиктің жетек құры көріктің сыртқы қаңылтырмен қоршалған желдеткіш ебелегін айналдырады. Ебелекті қоршауымен қосып «Ұлу» деп атайды.

Электрөкөрік. Бұл көріктің де құрылысы аяқ көрік сияқты. Одан айырмашылығы, маховик электр тогының қуатымен айналады. Электр көрігіне тас көмір, кокс жағады.

Көмір
Жолдасың темірші болса,
Өзің көмірші бол.

Мақал


Ертеректе көрікке жағатын көмірді қолдан әзірлейтін. Оны ұсталар өздері жағып дайындаған немесе көміршіге жақтыратын. «Темірші көміршіге үйір» деген сөз содан қалған.


Көмір әзірлеу үшін тоғайдағы айналасы ашық алаң таңдалып алынады. Содан соң алаңды су шашып сыпырып, көмір жағатын құбұтақтарды алаңның ортасына үйіп өртейді. Ағаш әбден жанған кезде, сабы ұзын тырмамен отты жаймалап, сыпырғышпен су сеуіп сөндіреді. Шоқ шала болмай түгел жанғаны дұрыс, арасында ішінара шала болса, іріктеп алып қайта өртейді. Шала жанған көмірді жаққанда одан түтін шығып, бықсып, көзді ашытып әуреге салады.

І.Жансүгіровтың мына өлеңі осыны меңзеп тұрған сияқты:

«Қазан соқты күл болдық,
Көмір болдық бір шала».

Содан соң көмірді алаңға жаймалап, күн көзіне, жел өтіне





кептіріп жинап, қаптап алады. Діні қатты әрі тығыз ағаштың көмірі «өткір», яғни қызуы жоғары болады. Ондай көмірмен темірді қыздырып соға беруге болады.

...«Көрік ғаріп емес пе,

Салған темір қызбаса», – деп Жамбыл айтқандай, көрік желді, көмір қызулы болса, жұмыс істеу де жеңіл болады.

Қазір темір соғуға коксты пайдаланады. Оның қызуы өте жоғары болады. *Ғ.Мұстафиннің:*

Асыл деме көмірді,
Бұрқылдатар темірді...

Қазыбектің:

Сен темір де мен көмір,
Еріткелі келемін.
Екі еліктің баласын,
Теліткелі келемін, – деген өлеңдері мен ел аузындағы:

«Сусыз өмір жоқ, отсыз темір жоқ», «Темір сырын отта танытады» деген нақыл сөздерден темірді өңдеу үшін оттың маңызы зор екендігін аңғарамыз.

Көрікті дүкеннің ортасына орналастырып, отты шаңырақтың астына түтін шығатын тұсын дәл келтіру керек. Көріктің оттығына жақын жерде су толтырылған ағаш немесе темір кеспек орнатылады. Көрікке таскөмір жаққанда ыс тимеу жағын көздеген абзал. Ыстың құрамында улы газ болады, ол адамның тынысын тарылтып, басын айналдырады. Қатты ыс тигенде адам есінен танып, кейде өліп кетуі де мүмкін. Темір соғып болған соң, беті-қолды сабындап жуып, душ қабылдаған дұрыс.


Төс

Ұстаның өрісі
Көрігінен төсіне дейін.


Мәтел

Ұстаның түрлі металды қыздырып немесе құрғақтай өңдейтін негізгі құралы. Төстің алдыңғы сүйірлене біткен жағы тұмсығы, оған қарсы жағы – дүмі, үстіңгі жағы – беті, екі жақтауы – қапталы деп аталады. Төстің беті суғарылған асыл болып келеді. Тұмсығының түбінде, яғни төстің желке тұсында ғана темір кесуге арналған жасық жері болады.


Дүм жағындағы бетінде бір дөңгелек, екіншісі төрт бұрышты тесігі болады. Дөңгелек тесігіне салып әртүрлі кесу жұмыстарын атқаруға болады. Төрт бұрышты тесікке түрлі көмекші құралдар сұғылады.




төс




қостұмсық



құстұмсық төс



шың төс





Қос түмсық төс. Бұл төстің екі жағында қарама-қарсы орналасқан қос түмсығы болады. Оның біреуі сүйір, конус тәрізді болса, екіншісінің беті жалпақ әрі сүйірлене барып, шорт бітеді. Бұл бастапқы төске қарағанда кішкене, жеңіл болады.

Құстүмсық төс. Зергерлер тұтынатын жалқы түмсықты шағын төс. Оның түмсығы сүйір әрі ұзын болады.

Шың төс. Кетпен, күрек, шалғы орақ шыңдауға арналған, беті дөңгелек немесе төрт бұрышты болып келетін төс. Оны кейде «тоқал төс», «домалақ төс» деп те атайды. Мұндай төстің түмсығы болады.

Жоғарыда аталған төстердің барлығы да қайың, қарағаш, емен сияқты қатты ағаштардан көлденең кесіліп алынған дөңбекке бекітіледі. Оны төстұғыр немесе «мықан» деп атайды. Тіліміздегі Мұқан деген адам аты, мықты, мық шеге сөздеріндегі мық түбірі берік, қатты деген мағынаны береді.

Мықан ағашты айналдырып, құрсаулап қояды. Темір ұстасы көбіне жұмысты тұрып істейді. Сондықтан жұмыс кезінде белі ауырмау үшін әрі балға соғуға қолайлы болу үшін төс бетінің биіктігі ұста тік тұрып, қолын жанына қойып, жұдырығын түйгенде төстің бетіне тиіп тұратындай деңгейде орнатылады.

Төстің беті әр уақытта таза, жылтырап тұруы керек. Оның бетінде соғылған балғаның, шапқының дағы түспеуі керек. Бетіне әртүрлі соққыдан дақ түсіп, бедерленіп, ойылып, соғылып қалса, ол төстің иесін салақ адам екен деп, төстің өзін «шұбартөс» деп атайды.


«Төстің беті шұбар болса,
Бұйымның өрнегі мұнар болар» деген сөз бар.

Сол сияқты ел аузында:

«Жақсы ұстаның белгісі,
Балға мен төсін ұрмайды,
Әділ бидің белгісі,

Туғанына бұрмайды», – деген сөз бар. (Алматы облысы, Нарынқол ауданы, Қарасаз ауылының тұрғыны Жәмәли Сұлтанаев деген зергерден жазылып алынды).

Зергерлердің төсі темір ұстасына қарағанда әлдеқайда жеңіл әрі көлемі де кіші болады. Оның астында да ағаштан төс тұғыр орнатылады. Олар жұмысты отырып істейді. Сондықтан төстің беті кіндік тұсына келетін деңгейде болуы шарт.



Балға

...Балға дәулет ұстаға,
Етікшіге біз дәулет.
Үйшілерге тез дәулет.

Кенен Әзірбаев

Төстен кейінгі темір ұстасына қажетті құралдың бірі — балға. Балғаның адам өмірінде атқаратын қызметі зор. Оның атқаратын жұмысына қарай атаулары да өзгеріп отырады.

Шой балға. ...«Балғалар сом темірді соққан қатты,
Төс шойын қорып отқа қайнап ақты».


«Балғалы бауыр баста тұр,
Күйелі дене күс білек» ...


І. Жансүгіров

Темір ұстасының көрік басып, балға соғып тұратын көмекшісін балғашы деп атайды. Оның тұтынатын балғасының салмағы 2 килограмнан 16 килограмға дейін болады. Салмағы 8,16 кг келетін балғаны ұсталар шой балға деп атайды.

Отқа қызған темірді ұста сол қолындағы қысқышпен қысып ұстайды да, төстің бетіне төсеп, қолындағы орта салмақты балғамен темірді ұрып, балғашыға жөн сілтеп отырады. Балғашы ұстаның соққан жеріне шой балғаны дәлдеп ұрады. Ұстаның қолындағы балғаны қол балға деп атайды. Оның салмағы жарты килограмнан екі килограмға дейін болады. Егер ұста қол балғаны төстің бетіне жантайта жатқызса, балғашы деген соғуды тоқтатуы керек. Шой балғаның сабы кепкен қайың, қарағаш, емен т.с.с. қатты ағаштан сапталады. Сабының ұзындығы созған қолының алақаны мен қолының арасына сәйкес келуі керек.

Балғашы шой балғаны үш түрлі әдіспен соғады. Біріншісі — балғаның сабынан қос қолдап ұстап, шынтағын бүгіп-жазып соғу; екіншісі — қос қолмен құлашын кере, балғаны басынан асырып көтеріп соғу; үшіншісі — балғаны қос қолдап ұстап, құлашын барынша жазып, балғаны айналдыра соғу. Үшінші әдіспен соққанда балға төстің бетіндегі дайындамаған темірге жойқын күшпен тиеді. Сондықтан балғашы ұстаға сәл қырындап тұруы керек. Әр жұмыс алдында балғаның басы сабына мықты отырғандығын тексеріп алу шарт. Шой балғаға ілдіргілі темір сына қағылады. Жұмыс істеп болған соң міндетті түрде суға батырып тұру керек. Сонда ағаш ісініп, балғаның басының берік болуына себепін тигізеді.





Төс тәрізді балғаның жүзі де кіршіксіз таза, жылтырап тұрғаны дұрыс. Істелетін жұмыстың ыңғайына қарай балғаның жүзі тегіс немесе дөңес, шаршы немесе дөңгелек пішінді болып келеді. Балға соға білу үлкен өнер, оны қажырлы, жігерлі адам ғана меңгереді. Ол туралы Кенен ақын былай деп жырлайды:

«Ұстаға төсеп ұрған балға да оңай
Үйшіге талмай ұрған балта да оңай».

Қысқаш

Қызыл темір қылмаңдап,
Біргиды абжыландай.
Жұмышының жылмаңдап,
Қысқашы қысады жыландай.


І. Жансүгіров

Ұсталардың қозған металды көріктің оттығынан алып, қысып тұрып төске төсеп, аударып-төңкеру үшін тұтынатын құралы.

Қысқаштың көмегімен металды қысып ұстап, июге болады. Қысқаштың сабы қолға ұстауға ыңғайлы әрі серпімді болғаны дұрыс. Үлкен, ауыр металды қысқанда қысқаштың сабына шығырық кигізіп қояды. Істелетін жұмыстың ыңғайына қарай қысқаштың түмсығы, яғни металды қысатын аузы да әртүрлі болады. Олар: «жалпақ түмсық», «күс түмсық», «біз түмсық», «имек түмсық» т.с.с. атала береді.

Қысқаштың қалай пайда болғаны жөнінде ел аузында мынандай аңыз бар: «Ұсталардың пірі саналатын Дәуіт пайғамбар өнердің қырық түрін меңгерген екен. Соның ішінде ұсталық өнерді де жақсы біліпті. Көріктің оттығындағы қып-қызыл темірді жалаңаш қолымен ұстай береді екен. Оның қырық шәкірті болыпты. Шәкіртінің біреуі «Мен де Дәуіт сияқты қызған темірді жалаңаш қолыммен ұстай аламын», — деп мақтанып, қолын күйдіріп алыпты. Ертеңінде қолын таңып алған шәкіртін ұстазы байқап қалып, болған оқиғаны сезеді. Ол шәкіртіне: «Сен бекер мақтанғанша, бар да байлаулы жатқан иттен өнер үйреніп кел», — деп шәкіртін ұстаханадан қуып жібереді.

Лажы таусылған шәкірт иттің күркесінің қасына барып, оның іс-әрекетін бақылайды. Бір кезде итке сүйек береді. Тастаған сүйекті қағып алған ит алдыңғы екі аяғын айқастыра сүйекті қысып алып, мүжи бастайды. Оны көрген шәкірт дереу дүкенге келіп, екі темірді айқастыра шегелеп, ауыз жағын темір қысуға ыңғайлы





етіп соғып, қысқышты ойлап тапқан екен». Темір ұстаның негізгі құрал-саймандары көрік, төс, балға, қысқаш болып табылады. Осы құралдар түгел болса, ұста өзіне қажет басқа аспаптарды соғып алуына болады.

«Алпамыс батыр» жырында кездесетін:

...«Келтіріп берші темірші
Ұстаның балға аспабы
Кішкене төспен қаңылтыр
Зынданға әкеп тастағын» ...

... «Балға, қысқаш, темірмен,
Келтіріп берді керегін», – деген жерлерінен қысқаштың қаншалықты ұсталық өнерінде маңызы барын байқаймыз.

Шымшуыр – ұста, зергердің ұсақ металл түйіршіктерін, т.б. заттарды қысып ұстауға қолайлы, темірден соғылған серпімді аспап.

Дәнекерлеген кезде зергерлер шымшуырмен жіңішке металл сымды иіп, бүршікті қажет орнына орналастырады. Кепсерді шымшуырмен қысып, керек жеріне дәлдеп қояды.

Шымшуырмен тарыдан да ұсақ металл түйірлерін оп-оңай қысып ұстауға болады.


Үгіндірік – көріктің оттығына көмірді қомақтап жинауға, күлін ысыруға арналған құрал. Ол пештің күлін ысырып, шоғын қағыстыратын, көсеуге қажет аспап. Үгіндірік жұмыр темірден соғылып, сабына қарсы басы жалпақ әрі имек болады. Қол күймесін деп үгіндірікті ағашпен саптайды.

Ел аузында «Көсеу ұзын болса қол күймейді», «Сабы алтын болса да, көсеудің көсеу аты қалмайды» деген сөз бар.

Көзеуіш. Көріктің оттығындағы тас көмір «қорып қалады» да үстіне салған көмірге ауа жібермей қояды. Қорыған көмірді (шлак) түртіп, қағыстырып көзін ашу үшін қолданылатын темірден соғылған үшкір көсеуді ұсталар көзеуіш деп атайды. Көзеу сөзі ауаның көзін ашу дегеннен пайда болса керек. Көзеуішті қыздырып алып, ағашқа қарып, тесік теседі, шаңырақтың көзін көзейді. Оның үшкір жағын жұмыр не төрт қырлы етіп соғады.

Жер ошаққа отынды ысырып отыратын таяқты да көсеу деп атайды.

Қалақ – көмірді көріктің оттығына салуға, күл шығаруға арналған сабына қарсы жағы, яғни басы жалпақ, жұқалау келген құрал. Тіліміздегі әлжуаз, кішкене арық адамды «қалақтай екен» деген теңеу бар.



Қож — ірі қараның жауырын сүйегінен жасалған қалақ. Жауырынның басындағы қыр сүйегін шауып тастап, сап орнатып немесе тесіп, ілдіргі тағып жасаған осындай қалақты қож деп атайды.

Жауырын сүйегін ұзын таяқтың басына бекітіп, кішкене жеңіл ескек те жасауға болады.

Сол сияқты қант, ұн, тары-талқан т.с.с. көсіп алуға арналған ағаштан жұқа етіп шабылған қалақ та болады. Шығыс Қазақстанда қазақтар ағаш қасықты қалақ дейді.

Обақыр — зергерлер металл қорыту үшін қолданатын басы шөміш тәрізді қобылау келген сол жағында суағар шүмегі бар темір немесе қыш құралы.

Қамыстың буынын балшықпен сылап, әзірлеп алып, оқбақырға қорыған қорғасынды қамыстың қуысына құйып, суыған соң қамысты жарып, қорғасын таяқшаны алады. Содан кейін қорғасын шыбықты біркелкі етіп кесіп, сол кесінділерді екі шойын табаның арасына салып, әрлі-берлі уқаласа, қорғасын жұмырланып, шар тәрізді кейіпке келеді.

Оқтың (оқ, бытыра) ірілігі қорғасын құйылатын қамыс буынының жуандығына байланысты. Осы әдіспен оқ жасауды Алдамберді ұстадан көрген едік. Металл қорытатын осы құралдың оқбақыр аталу себебі, ең басында қорғасын қорытып, оқ әзірлегендіктен болуы керек.

Қазақ зергерлері жамбас сүйектің, ортан жіліктің басына кіріп тұратын шұңқырын да оқбақыр ретінде металл қорытуға пайдаланған.

Оқбақырдың сабы үш қарыстай болады, қол күймес үшін сабының басының қарсы ұшына ағаш, мүйіз, сүйек орнатады.

Сүйекті күйдіріп, күлін ұнтақтап оған иленген саз балшық қосып илеп, кептіріп те оқбақыр жасауға болады. Оған темірден ұзын сап бекітеді. Қыштан жасалған оқбақыр тез сынып қалады.

Қауашақ — қаңылтырдан қобылай соғылған қалып. Оған зергерлер оқбақырға қорыған металды құйып, суыған соң шығарып алып, әрі қарай өңдейді.

Қауашақ қалыптан шыққан металл қорытпа жұмыр болады, жуандығы саусақтай, ұзындығы 3-4 елі болады. Қауашақтың қыштан, графиттен, фарфордан жасаған түрлері де болады.

Шапқы — түрлі металды қыздырып не құрғақ күйінде кесуге, шабуға, жаруға арналған асыл аспап. Шапқының да бірнеше түрі болады.





Қолшапқы. Бұл аспаптың сабы болмайды. Оны сол қолмен ұстап, оң қолдағы балғамен шүйдесінен (кежегесі) ұрып, металды құрғақтай кесуге, шабуға болады.

Металды қыздырып кесетін шапқыға қатты ағаштан сап орнатады. Бірақ сабына сына қағылмайды. Металды шауып, кесіп бола салысымен шапқының жүзін суға немес майға батырып алу керек. Өйтпесе жүзі жасып, шапқы істен шығып қалады. Әртүрлі мәнермен қызып тұрған металл бетіне өрнек салуға арналған шапқыны «қуыс құлақ» деп атайды. Оның жүзі жарты ай тәрізді доғаша имек болады.

Қадаубас. Қадаубастың ұшы үшкір әрі асыл, тұрқы жұмыр не қырлы болады. Онымен металды тесетін жердің орнын белгілейді. Жұқа қаңылтырды ұрып теседі.

Тескіш ұшы қиық конус тәрізді асыл әрі сап орнататын ұңғысы мен шүйдесі болады. Ағашпен саптап, металды қыздырып кесуге арналған құрал. Жұмысты бітірген соң қадаубастың асыл ұшын суға малып алу керек.

Бүркеншік — шегенің, бұранданың бүркеншігін шығаруға (мәймөңкелеуге) арналған аспап. Ұзына бойында диаметрі әр түрлі тескіштері бар, үстіңгі бетінде бүркеншік шығаратын ұялары болады.

Бұранданы шегені әзірлегенде бір ұшын сол ұяларға сыятындай етіп соғып, қыздырып алып, тесіктен өткізіп, бүркеншік түсетін басын қалыптың ұясына кептей ұрса, бүркеншік әзір болады.


Ашатемір. Бұл аспапты төстің бетіндегі төрт қырлы ұяға қондырып немесе атауызға қысып, қызған металды екі ашаның арасына салып июге, бұрауға қолданады.

Нақыш салғыш (ат салғыш, таңба салғыш, мөр қалып деп те атайды).


Нақыш салғыштың сабы ағаштан жасалады. Шүйдесіне қарсы басына әртүрлі мәнермен өрнек салынады, әрі осы басы асыл болады. Қызған темірді төске төсеп, үстіне нақыш салғышты қатарлай ұрып, түрлі бедерлі өрнек салуға болады.

Ат салғыш деп аталатын себебі, ұсталар осындай құралдың бетіне өз аттарын ойып жазады. Бұйымның бетіне соққан кезде жазу бедерленіп түседі. Кейде осындай құралмен ру таңбасын да салады. Біздің коллекциямызда Мейірбек ұстаның соққан орағы бар. Оның алқымында ап-анық болып түскен «Мейірбек» деген жазу бар.

Сызбар (айналсоқ) — жылжымалы екі аяғы, темірден



қаушақ



бүркеншік



егеулер





соғылған циркуль тәрізді аспап. Оның көмегімен металл бетіне шеңбер сызуға, қызған металды өлшеуге болады. Ыстық металдың қалыңдығын өлшейтін екі аяғы ішіне қарай майыса біткен сызбарды ұсталар қалжыңдап «маймақ сызбар» деп атайды.

Сызғыш. Ұзындығы бір сүйем, жуандығы қарындаштың жуандығындай, бір ұшы үшкір асыл аспап. Сызғышпен металл бетіне сызба сызып, түрлі белгі салуға болады. Жұмыс істеген кезде саусақ таймасын деп, сызғыштың орта тұсына бұрап қояды. (Кейде сызғышты дақ салғыш деп атайды.)

Атауыз. Металды құрғақ күйінде немесе қыздырып өңдегенде қысып қоятын құрал. Атауызға қысып металды өңдеуге, егеуге, тесуге, кесуге, бұрауға, июге, ширатуға болады.

Атауыздың үлкені, орташасы, қолға ұстап істейтін кішкене түрлері де болады. Оны *іскенже* деп атайды.

Егеу. Егеу асыл болаттан жасалып, «өткізе» сугарылады. Онымен металл бұйымдарды егеп, тегістеп, әрлейді.

Егеудің төрт қырлы, жалпақ, үш қырлы, жұмыр т.с.с. түрлері болады. Істелетін жұмыстың түрлеріне қарай егеудің жүзі дөрекі (қышыры) өте ірі, ірі, майда жүзді болып бірнеше топқа бөлінеді.

Егеуді ағашқа саптайды. Егеудің жүзін қолмен ұстауға болмайды. Қолдың майы жұғып, тайғақ болады. Егер майланып қалса оған күл, топырақ, бор жағып егей беруге болады. Ұсталар егеуді өздері жасап ала береді.

Темір ұстасының, яғни қара ұстаның негізгі құрал-саймандары осылар. Аталған аспаптар түгел болса, басқаларын осылармен жасап алуға болады.

Сондықтан зергер болам деген адам темір ұстасының кәсібін жетік меңгеріп алғаны жөн. Әрі өзіне қажет құрал-саймандарды жасап алу да жеңіл болады.

Металды меңгерген ұста-зергерлер

...Алтай – алтын қорғасын,

Цинкі, қола, күмісі...

...Мыс толғатып, жез туып,

Қарсақбайлар айғайлап...

...Арасан дәрі, асыл тас,

Алатаудың жырасы...

І. Жансүгіров

Қазақ жерінде Менделеев таблицасындағы металдың барлығы



бар десек қателеспейміз. Сонау ерте замандарда-ақ бабаларымыз металдарды меңгеріп, одан әртүрлі бұйымдар жасаған әрі әр металдың өзіне тән қасиеттерін, ерекшеліктерін жақсы білген. Қашаған жырау:

«Менің сөзім – сары алтын,
Сенің сөзің қола, мыс.
Өтірік десең беремін,
Сарасына сыншының», – десе, ел аузындағы:

«Жақсы жастан шығады,


Темір тастан шығады», – деген сөздерден қай металдың қымбат екенін, тастан металл ажыратылатынын халық жақсы білген. Оны мынадай халық даналығы да дәлелдей түседі:


«Алтын да тас, тас та тас,

Алтындай болмас басқа тас...».

Осылай тере берсек, әртүрлі металдардың қасиеттерін аша түсетін өлеңдер, нақыл сөздер, мақал-мәтелдер толып жатыр. Біз осы тарауда металдың қасиеттерін қысқаша әңгімелемекпіз. Орайы келгенде айта кететін бір әңгіме бар. (Бұл әңгімені 1972 жылы Ахмет атамның аузынан жазып алған едім.) «Арғы атамыз Бимәмбет деген кісі ұста-зергер әрі он саусағынан өнері тамған кісі болған екен. Ол кісі шеберлігімен қатар құралайды көзге артқан мерген де болыпты. Бір жылдары Ақ-Қия-Байсауыр тауының жайлауында ел жайлап, күздеуге көшуге асықпай отыра беріпті. Бимәмбеттің ауылы он шақты түтін екен. Сол жылы қыс ерте түсіп, қар қалың жауғандықтан, қар көшкіні күздеуге көшетін жолды бекітіп қалады. Аз үйлі ауыл жайлауда қыстап қалуға мәжбүр болады. Қыс қатты болып жұт келеді де, ауылдың малы қырылып, біраз уақыт өткенде азық та таусылады. Бимәмбет мерген өзі соққан білтелі мылтығымен тау-тасты кезіп жүріп аң-құс аулап, соның етімен аш отырған ауылды біраз асырайды. Мергеннің оқ-дәрісі таусылады. Тұзақпен арқар, бұғы сияқты ірі аңдарды аулауға болмайды.

Бір күні мерген ауылдың бас көтерер азаматтарын жинап, бір жерден бірнеше қап тас жинап келеді. Содан соң жерден шұңқыр қазып, оған қарағайдың қу бұтақтарын қалап, оның үстіне алып келген тастарды қояды да, үстіне мол етіп ағаш отын салып, от жағады. Құраған қарағай жанып болған соң, тастар суыған кезде алып тастап, күлдің арасынан қорып қалған қорғасын кесектерін теріп алып, оқ жасайды. Сонымен оқ табылды, енді дәріні қайдан алады дейсіз ғой?





Жігіттерге көп жыл мал жатқан ескі қораның орнын қардан тазалатып, үстіңгі тоқын еріту үшін мол етіп от жағып, көңді қазып, әр жылғы малдың тезегінің қабаттарының арасынан өңезделіп жиылып қалған «ақжол» деген ақ ұнтақты жинап алады. Ақжолды қазанға салып қайнатады да, судың бетіне шиді ұсақтап турап салады. Су қайнаған сайын шиге аппақ ұнтақ жабысып, ол бірте-бірте қалыңдай түседі. Әрі қарай сол ұнтақты қырып алып кептіріп, оған аюдың кепкен өтін, ағаштың көмірін ұнтақтап қосып, күкірт араластырып мылтықтың дәрісін жасапты.

Сонымен, Бимәмбет мерген аң-құс аулап тұз тағысының етімен бір ауылды бір қыс асырап шыққан екен».

Енді металдар жөнінде әңгімемізді жалғастырайық.

Металл бір-бірімен тығыз байланысқан көптеген ұсақ түйіршіктерден тұрады. Олар бір-бірімен ішкі тартылыс күші арқылы жабысып тұрады. Әр бөлшек тура құрылған куб, призма тәрізді кристалдар. Металл балқып, қата бастаған кезде кристалданады. Металл кристалданған кезде көптеген кристалдану орталықтары пайда болады да, олар бір-бірін соғып, кристалдардың қырлары мыжылып, түйіршіктерге айналады, оларды кристалиттер деп атайды.

Құйма металдың түйіршіктері ірірек болады да, соғудан, сығылудан металдың структурасы өзгеріп, түйіршіктер ұсақтанып кетеді.

Сондықтан ұзақ уақыт соғылған металл қатайып кетеді. Егер оны отқа салып жасытып алса, қайтадан түйіршіктері іріленіп, металл жұмсарады.

Барлық металдар әртүрлі қоспадан тұрады. Қоспасыз таза металл алу өте қиын. Мысалы, таза темірді күкірт пен көміртегінен бөліп алуға осы күнге дейін мүмкіндік тумай келеді.

Кейде әр металды бір-біріне қосып қорытып, арнайы қоспа әзірлейді. Мысалы, мыс пен қалайыны қосып қорытса, қола пайда болады. Кейде екі-үш металды да қосып әзірлейді.

Металдың физикалық қасиеттеріне түсі мен жылтырлығы, тығыздығы, балқығыштығы жатады. Ұста-зергерлер металдан әр түрлі бұйым жасағанда осы ерекшеліктерін ескеруі шарт. Сондай-ақ, сонымен қатар металдың механикалық ерекшеліктерін де есте ұстаған жөн. Оларға металдың беріктігі, мықтылығы, иілгіштігі, серпімділігі, қаттылығы, төзімділігі, морттылығы жатады.

Тәжірибе жүзінде оттегінің әсерінен барлық металл тотығады,

кейбір металдар қышқылда ериді. Ал темірді тот басып, біраз уақыт өткенде ол мүлдем істен шығып қалуы да мүмкін.

Сондықтан металмен жұмыс істегенде оларды қалай сақтау керек, қай металдың қандай қасиеті, ерекшелігі бар, осыларды жетік біліп алған жөн. (Жоғарыда аталғандар А.В.Флеровтың «Материаловедение и технология художественной обработки металлов» М., «Высшая школа», 1981г. деген кітабынан алынды.)

Ұсталық өнеріндегі қолданылатын негізгі әдістер

Әңгіме темір ұстасының атқаратын негізгі жұмыстары жайлы болғандықтан, темірдің түрлерін ажыратып алайық. Ежелгі ұсталар темірді асыл және жасық деп екіге бөлген. Асыл темір дегеніміз әртүрлі өткір құралдар соғуға жарамды, сугарған соң жүзі мойырылмайтын болатты айтады.

Оның құрамында көміртегі көп болады. Ал қанша шыңдап, қақтағанмен, сугарғанмен өтпейтін темірді теміртек деп атайды. Ол туралы С.Сараидің мына сөздері дәл айтылған:


Алмас қылыш шыға ма,
Негізі жасық темірден...
...Тегі жаман теміртек,
Қанша егесең өтпейді...

Мысалы үйдің шатырына жабатын қаңылтыр теміртекке жатады. Қазіргі өндірістен шығатын болаттардың барлығының құрамында көміртегі бар. Солардың ішінде түрлі тұрмыста тұтынатын бұйымдар соғуға қолайлы. Маркасы Ст әрпімен белгіленеді де, жанына 0-ден бастап 7-ге дейін цифрлар ұрылады.

Құрамында 0,23% көміртегі бар болатта Ст 0 деген белгі болады. Ст 1 деген белгі болса, онда оның құрамындағы көміртегі 0,09 – 0,15. Міне, болаттың осы түрлері жұмсақ болады.

Кесу, тесу, жону, қыру үшін қолданылатын құрал-жабдықтар соғуға У7, У8, У9 маркалы болаттар жарамды. Олар жақсы сугарылады. Міне, осыларды асыл деп атауға болады. (Деректер А.В.Флеровтың «Материаловедение и технология художественной обработки металлов» М., «Высшая школа», 1981г. деген кітабынан іріктелініп алынды.) М., «Высшая школа», 1981г. Стр. 37, 92.

Сомдау – темірдің белгілі бір жерін жуандату. Ол үшін темірдің сомдайтын тұсын жақсылап көрікке қыздырып алып, төстің бетіне тігінен қойып, балғамен төбесінен қою керек. Егер сомдалатын темір ауыр болса қыздырып, қысқашпен қос қолдап





қысып, темірдің өзін төстің бетіне қадай ұруға да болады. Сонда темірдің қызған тұсы жұмырлана жуандап сомдана түседі.

Тіліміздегі сом темір деген сөз тіркесі осыдан қалған.

Созу. Қысқа темірді ұзарта соғуды созу деп атайды. Ол үшін темірді түгел қыздырып, төрт қырлай соғып, шаптап ұрып шығу керек. Жұмыс үстінде темірді екі бүйірінен кезек-кезек ауната соғып, қажетті жуандыққа жеткенде жұмысты доғарады. Егер оны жұмырлау қажет болса, қайта қыздырып, бір бетін төстің бетіне төсеп, қарсы қырынан балғамен ұрып шығады.

Шабу. Дайындаманы отқа әбден қыздыртып алып, шапқымен көлденең шауып, бөлуге болады. Сол сияқты ұзындығынан жарып шығуға да болады. Бір ескертетін жай шапқымен жұмыс істегенде металды бірден шауып түссе, шапқының жүзі төстің асыл бетіне тиіп, майырылып қалады. Сондықтан шабу жұмысы жақындап қалған кезде дайындаманы төстің қырынан сәл асыра ұстау керек. Тәжірибесі аз ұсталар шапқымен жұмыс істегенде шабатын металдың астына жасық темір немесе мыс төсеп қойып шабады. Шауып болған соң шапқының жүзін суға батырып алу керек.

Тесу. Темірді тесу үшін тесілетін тұсын қыздырып алып, қысқашпен қыса ұстап, төстің сауырындағы дөңгелек тесікке дәлдеп тұрып үстіне тескірді қадап, балғамен тесілгенше соғады. Содан соң тесілген темірді аударып, қарсы жағынан тескірді қадап және соғу керек. Тесікті кеңіту үшін осылай алма кезек аударып, бірнеше рет қайталайды.


Ию. Қызған темірді ию үшін оны төстің тұмсығына салып майыстыра балғамен соғады немесе аша темірдің арасына қыздырып қойып, өзіне қарай майыстыра тартады. Темірді осы әдіспен ию үшін ұста оны тек қана өзіне қарай тартуы шарт. Алға итеруге әсте болмайды. Иілетін темірдің ұшы аша темірден тайып кетсе, жұмыс істеп жатқан адам етбетінен құлап, жарақаттануы мүмкін.

Егер темірді тік бұрышқа келтіре ию қажет болса, онда төстің артқы қырына салып, балғамен бүйіріне ұрады. Үстіңгі жағынан шой балға төсеп демеп тұру керек.

Бұрау. Кейде төрт қырлай соғылған темірді әдемі көрінуі үшін бұрап қоюға да болады. Ол үшін темірдің бұрайтын тұсын қыздырып, бір ұшын атауызға қысып, екінші ұшын қысқашпен бұраса, қызған темір ширатыла бұралады. Осы әдіспен екі-үш қабат темір шыбықты қыздырып бұрауға, есуге болады.

Әрлеу. Темір мүліктің бетін шапқымен, қадаубаспен, нақыш салғышпен түрлі сызық, ою, бедер салып кейде егеумен де өрнек





салады. Ол үшін дайындаманы жақсы қыздырып алып нақыш салғышпен қатарлай ұрып, өрнекпен шығу керек. Шапқы, қадаубас егеумен құрғақтай өрнектесе де болады.

Шұбарлау. Темірден соғылған бұйымды әрлеудің және бір әдісі – шұбарлау. Ол үшін дөңес жүзді балғамен бұйымның бетін тегіс ұрып шығу керек. Шұбарлауды құрғақтай атқара беруге болады. Балғаның дөңес жүзінен түскен дақ сәулені әртүрлі бұрышта шағылыстырып, сән беріп тұрады.

Пісіру. Ұсталар темірдің екі ұшын бір-біріне жалғау үшін екі бөліктен тұратын бұйымды біріктіру үшін пісіру әдісін жиі қолданады. (Мыс: шығыршық, үзеңгі, дөңгелектің шен темірін т.б. жасағанда.)

Темірді пісіріп жалғау үшін жалғанатын бетін бір-біріне дәлдеп қиюластырып алу керек. Содан соң қиюласқан жерін егеп, мұқият тазалап алу керек. Әрі қарай суға езілген ақ дәнекерді жалғанатын жағына жағып, көріктің оттығына сол тұсын қатты қыздыру керек. Қызған темірдің тұсы ақшыл тарта бастаған кезде одан ұшқын шыға бастайды. Ұсталар осыны «жылт» деп атайды. Сол кезде дереу бұйымды оттан суырып алып, пісірілген тұсын балғамен жайлап соғып-соғып қою керек.

Темірді пісіру үшін өте жоғары температура қажет (1300-1350°С). Көрікке тас көмір немесе кокс жақса, темір тез піседі.

Ағаш көмірмен темірді пісіру өте қиын. Ахмет ұстаның аузынан жазылып алынған мына әңгімені келтіре кетуді жөн көрдік.

«Ертеректе, ұсталық өнерін жаңа қолға алған кезім еді. Тәжірибем аз болатын. Бір танысым ат әбзелдерін жасап бер деп қолқа салды. Жарайды, келесі жұмада базарға кел, дайындап қояйын деп уәде бердім. Ертең базар болады деген күні жұмысты аяқтамақ болып көрік жағып іске кірістім. Сол кезде бір шығыршық керек болып темірден соғып алдым да, түйіскен жерін пісірмек болып көп әурелендім. Шығыршықты пісіруге ағаш көмірдің қызуы жетпеді ме көрігім кішірек болды ма, әлде өзімнің тәжірибемнің аздығы ма, қара терге түсіп түк өндіре алмадым. Лажым құрып, қатты шаршаған соң көлеңкеге көрпе төсеп, қисайып жатыр едім, көзім ілініп кетіпті...

Түсімде бір ақсақал келіп:

– Әй, балам-ай, оп-оңай шешетін шаруаға сонша әуреленіпсің, былай істемейсің бе, – деп, темірді отқа қыздырып, ортасын шалқымен тесті де тесікті қадаубаспен кеңітіп, темірдің бұрыштарын шапқымен шауып, дөңгелек пішінге келтірді. Содан

соң төстің түмсығына темірді кигізіп, айналдыра ұра бастады. Қырларын жұмырлай соғып еді, ешқандай пісірмей-ақ шығыршық дайын болды...

Ояна кетсем түсім екен. Сол түсімде көргенді қайталап, шығыршықты жылдам жасап ала қойдым. Осы әдісті кейін де тәжірибемде көп қолдандым, – деп күліп еді қарт ұста. Ахмет атам егер темірді пісіруге болмаса, дәнекерлеуге болады деп, дәнекерлеу әдісін үйреткен еді.

Дәнекерлеу. Ол үшін темірдің жалғанатын беттерін егеп, тазалап алып, сол тұсына суға езіп, ақ дәнекер жағып, отқа салып қыздыру керек. Темір шиедей боп қызарған кезде мыс немесе жез сымының ұшын ақ дәнекерге малып алып темірдің дәнекерленетін тұсына басып алса, ол еріп кетеді. Яғни темірдің жалғанатын екі бөлігінің арасына мыс толып, берік орнап қалады. Қаңылтыр ыдысты да осы тәсілмен дәнекерлеуге болады.


Қобылау. Осы әдіспен жұмыс істеу үшін жұмсақ жасық темірді пайдаланады. Жұмысты бастаудың алдында темірді жасытып алу керек.

Жасыту дегеніміз – металды отқа қызарғанша қыздырып, өз еркімен салқындату. Жасыған металл жұмсақ әрі өңдеуге жеңіл болады. Темірді жасытқан соң, көріктің оттығында қалдырып, көмірмен бірге суытады. Ал мыс, жез, қола т.б. түсті металдарды қызарта қыздырып алған соң суға батырып суыта беруге болады. Жасыған темірді балғамен ұрып, шұңғылдап қобылауға, дөңес кейіпке келтіруге болады. Балғамен көп ұрғандықтан темір қатай түседі. Сол кезде қайтадан жасытып алып, қобылау жұмысын әрі қарай жалғастыра беруге болады.

Қобылау әдісімен қалқан, дулыға, шаңдауыл т.с.с. қуыс, шұңғыл, дөңес бұйымдарды жасайды. Осы әдіспен жұмыс жасағанда дайындаманың астына кепкен емен, қарағаш, қайың ағаштарының безінен (үйілі, беріші, көз деп те атайды) жасалған жаңғырықты (дөңбек) пайдаланады. Оның беті істелінетін жұмыстың ыңғайына орай ойық, дөңес немесе сайлы болып келеді.

Дүркін-дүркін балғамен ұрудың салдарынан темір жұқара созылып, қажетті кейіпке келеді. Темір балғаның орнына қатты ағаштың безінен жасалған балғаны да пайдалануға болады.

Шыңдау. Шалғы, орақ, күрек кетпен, тесе сияқты саймандардың жүзін шың төске салып, балғаның сүйір қырлы жүзімен ұрып, таптауды шыңдау деп атайды. Аталған саймандар-





ды отқа қыздырмай-ақ құрғақ күйінде шыңдайды. Ол үшін шың балға мен шың төсті қолданады. Төсті арнаулы ағашпен дөңбекке немесе қазыққа қағады. Кейде шың төсті қондыруға арналып тұғыр жасап, оған шыңдаушы отыратын ыңғайлы орындықты қоса бекітеді. Шалғы, орақ шыңдаған кезде жүзін 2-3мм-ден асырмай ұру керек. Егер одан көбірек жер ұрылып кетсе, оны «қарпытып» қойыпты дейді ұсталар. Қарпыта шыңдаған шалғының жүзі толқып, иір-иір болып тұрады.

Ұсталардың тілімен айтқанда «қалталанып» қалады. Ондай шалғы өтпейді. Жүзі жанығанда жұқарып, жарылып кетеді. Пышақ, балта, шот т.с.с. өткір құралдарды суғарардың алдында құрғақтай шыңдап алады. Шыңдау кезінде металдың структурасы қатайды. Өткірлігі арта түседі. Шыңдау сөзінің түп-төркіні шың деген түбірден тұрады. Шаң-шұң, шың сөзі сол дыбысқа еліктегеннен шыққан болуы керек. Көптеген металл бұйымдардың түбірі шаң, шың сөзінен басталуы тегін емес. Мысалы, шың, шыңдауыл, шаңқобыз, шәңгек, шынжыр т.б.

...Ерініне қарасаң

Қақтап шапқан күректей...

Қалнияз ақын

Қақтау. Қақтау дегеніміз металды төске салып, балғамен ұрып-таптау арқылы жұқарту. Отқа оқтын-оқтын салып, көп ұрғандықтан темір жұқара созылып, қаңылтақ қалпына келеді. Отқа әр салған сайын темірдің қағы үгіліп түсіп отырады. Сол сияқты отқа бір нәрсені қыздыруды да қақтау деп атайды. Қақтау сөзінің түп төркіні сонда жатса керек.


Суғару. Құрамында көміртегі көп темірді отта қызарта қыздырып алып, дереу суға батырса ол дереу қатайды. Міне, осыны болатты суғару деп атайды. Суы бабымен табылса, ондай құрал-сайман өткір болады. Сондықтан, кесетін, шабатын, қыратын, жонатын құрал-саймандардың барлығын әзірлеп болған соң міндетті түрде суғару керек.

Кейде суғару сөзі суару болып жазылып жүр. Біздіңше суғару сөзі ыстық темірді суға қару, яғни суғақару – суға – ру суғару қа-дыбысы түсіп қалғандықтан пайда болса керек.

Кез келген кескір құрал-сайманның өткір болуы еңбек өнімділігін арттырады. Ал өтпейтін аспап жүйкені тоздырып, адамның өмірін өксітеді.

Өтпес пышақ, шабан ат, жаман қатын,

Осы үшеуі жігітті қартайтатын.



Халық аузында: Орағың өткір болса,

Қарың талмайды, — деген сөз бар.

Сондықтан ұсталық өнеріндегі ең күрделі шаруа, темірдің (болаттың) суын дөп басып тауып, бабымен сугару болып табылады. Суы жетпеген құрал жасық болады. Ал суы өтіп кетсе, онда морт сынғыш болады.

Қазақ ұсталары сугаруға иленген саз балшықты, малдың қанын, тіпті жылқының зәрін де қолданған. Қобыланды батыр жырында:

«Заһарға салып сугарған,

Балдағы алтын шар болат», — деген жері бар.

Сугару туралы бірталай мағлұматтарды Ержұма, Мейірбек, Сәрсенбек, Темірбай, Жәмәли, Мизам, Биман т.б. ұсталардан жинаған едік. Кейбір елдерде ертеректе семсерді тұтқынға түскен адамның денесіне сұғып сугарған екен. Кавказ елінің ұсталары семсерді отқа қыздырып алып, қысқашпен қысып, жүйрік атпен семсердің ұшын желге қарсы ұстап шаба жөнеледі екен. Сугарылған сайманның суы дұрыс табылғандығын тексеру үшін жасық темірге салып, жүзін сынайды. Егер жасық темірді жосып түссе, онда суының дұрыс табылғаны. Немесе сугарылған сайманның жүзін егеумен егеп байқау керек. Егер егеудің қышыры тайып, ала алмаса, онда суының өтіп кеткені. Ондай сайман морт сынғыш болады. Ел аузында жүрген «Болат үгілмес, морт сынар» деген сөз осыдан шыққан.

Еегенде егеудің қышыры сугарылған сайын сайманның жүзін жеңіл егесе, онда суының жетпегені. Осы екі жағдайда да қайта сугару қажет. Ал егеудің қышыры сәл тұтылып қалса, онда суының дұрыс табылғаны. Айта кететін бір жайт, сайманның суын сынайтын егеу жақсы болуы керек, әрі қышырына таза май, кір, шаң-тозаң жұқпағаны жөн.

Әртүрлі болатты сугарғанда қыздырудың да мәні болады. Ол үшін көп тәжірибе қажет.

Жаман пышақ өтер ме жаныса да,

Жаман сәлем берер ме таныса да.



Мақал

Шаштараз сөйлей қалса,

Ұстарасын жаныған қайрағын айтар.

Мақал

Қайрай. Кесетін құрал-саймандарды өткір болуы үшін дұрыс қайрай білудің маңызы зор. Сайманды алдымен қышыры ірі





тұтқыр қайрақпен қайрайды. Оны шарық деп атайды. Шарықтың қолмен немесе аяқпен қолданатын түрлері болады. Электр тогының көмегімен айналатын шарықты пайдалануға да болады.

Кескір құралдарды шарықпен қайрағанда шарық өте жылдам айналса, жүзі қарайып күйеді де жасып қалады. Сондықтан шарық тасын қайрардың алдында ылғалдап алған дұрыс. Содан соң жүзі майдарақ құм қайрақпен жетілдіре қайрап, құралдың жүзінде пайда болған қылпық (оны қылау деп атайды) кеткенше қайрауды тоқтатпау керек. Осыны қылауын қайтару деп атайды. Жақсы жетілдіре қайралған құралды «қылауы қайтып қылпып түр екен» деп мақтайды.

Өткірлігін сынау үшін темір құралдың жүзіне көлбеу салып (шамамен 45 градус) жылжытқанда таймай тұрып қалса, онда жақсы қайралғаны.

Көңілді құры өрге айдағанмен,
Кездіктей жанымаған жасып қалады.

Кенен Әзірбаев

Жану. Пышақ, ұстара т.б. жүзі жұқа аспаптарды қайрақпен көп қайрағандықтан жүзі жұқарып, жылдам тозады. Сондықтан оларды көп қайрай бермей, жұмыс үстінде жиі-жиі жанып отырған абзал. Ол үшін қисық ағашқа керілген былғары немесе қайыстың ені екі елідей жолағы жарамды. Осы аспапты жануыш деп атайды. Жануышқа жанылатын аспаптың жүзінің ығына қарай үйкеп жаниды.

Ертеректе жас келіндер қайын жұртындағы үлкен-кішінің барлығына өзі ат қойып алып, олардың атын тура атамаған.

Бір күні өзеннің арғы бетіндегі шоқ қамыстың түбінде қойды қасқыр талап, өлгелі жатқанын көрген бір келіншек қайнысына: «Тетелес! Сылдырманың бергі жағында, сарқыраманың арғы жағында маңыраманы ұлыма талап кетті. Жаныманы білемеге білеп-білеп ал да маңыраманы бауыздап келші», – депті. Сөйтсе қайын жұртында Қасқырбай, Қойшыбай, Қамысбай, Өзенбай, Пышақбай, Қайрақбай есімді адамдар бар екен.

Тапқыр келіншек біреуінің де атын атамай, қайнысына айтар ойын жеткізген екен.

Тот темірдің соры,
Шер көңілдің соры.

Мақал

Қарайту. Кез келген темірді қоршаған атмосфераның әсерінен, ылғал сіңгендіктен тот басады. Тоттанған темір бірте-бірте

мүжіліп шірі бастайды. Темірді тот басудан сақтау үшін ұсталар соққан бұйымын отқа қарайғанша қыздырып алып, дереу майға батырады. Сонда темірдің сырты қарайып тотығады да майдың күйігімен араласып, қара көк түске енеді. Әрі темірдің сыртына жұқа тоттан қорғайтын қабық пайда болады. Ол бұйымды әдемі етіп көрсетеді. Міне, осы әдісті қарайту деп атайды.

Темірді шымқай қара түске келтіру мақсатымен қазақ ұсталары пештің ысын, қазанның түп күйесін қырып алып, майға қосып қайнатып араластырып, қызған темірді соған батырып алады.

Тот басқан темірді күммен, науысқымен немесе болат щеткамен ысқылап тазалап жуып, кептіріп осындай әдіспен әзірленген маймен (кез келген май жарай береді) майлайды.

Ер тұрман туралы трактат



Ер-тұрман ат әбзелін күмістеп ем,
Күрделі іс, көп-ақ мұнда жұмыс деген.
Қақталған жамбы күміс жалт-жұлт етіп,
Япыр-ай, дегізгендей, кім істеген?!

Шаужайы, ауыздығы, сулығымен,
Кекілдік, сағалдырық баулығымен.
Шылбыры шығыршықты тізгінімен,
Сымбатты, салтанатты, құнды жүген.

Айтайын айыл тұрман мән-жайын мен,
Ауыздық бірге біткен шаужайымен.
Шаужайсыз бұра тартсаң тізгініңді,
Ауыздық тіл зақымдар таңдайымен.

Шашақты, жылжымалы желкелігі,
Жабы емес, жүрдек жылқы ер серігі.
Сәні мен мәні сәйкес ер қосумен,
Бүгінмен ұластырам ертеңімді.

Тартпасын құйысқан мен өмілдірік,
Үзбелеп, әшекейлеп, төгілдіріп.
Дәркембай деген ұста даярлаған,
Сізге деп көздің майын төгіп жүріп.





Айылын сэндеп өрдiм ноқыралап,
Өсу бар, өнерде жоқ тоқырамақ.
Сезiмдi себезiлеп өрнегiме
Әсемдеп, әлпештеймiн отыра ғап.

Қосымша қамшысы мен ноқтасы бар,
Осынша әбзел сiзде жоқ та шығар?
Кiсенi, өресi мен шiдерi бар,
Қомсынсаң Самарқанның көк тасы бар.

Қамшы сап сары жезбен шырматылған,
Ақық көз алақанға орнатылған.
Серкенiң терiсiнен тiлген таспа,
Қам қайыс, “қырғыз өрiм” құргатылған.

Оқпанға бет тақасаң мұрын тимес,
Атыңа жалпақ өрген жырым тимес.
Жақсы ердi жасай алмас ешбiр адам,
Қыры мен көкейiне сырын түймес.

Жүйрiк ат жадыратар жаныңызды,
Келтiрер күмiс тұрман сәнiңiздi.
Салт жүрсеңiз сергидi көңiлiңiз,
Сақтайсыз сау-саламат тәнiңiздi.

Тоқымын қайып тiктiм желдiгiмен,
Көз тартар кiсiлiгi кеңдiгiмен.
Таралғы, үзеңгiсi, қанжығасы
тағылды, түгелдендi ендi мiне!

Тысталған былғарымен ер ағашы,
Кең оқпан, көтерiңкi бел ағашы.
Абзалы тарту етсең мұндай ердi,
Досыңа, жиенiңе, я нағашы.

Сүйегiн сомдап шаптым талды қиып,
Аласа артқы қасы, алды биiк.
Атқа да, адамға да жайлы бұл ер,
Алсаңыз өкiнбейсiз малды қиып.

Д.Шоқпарұлы.








VI тарау

*Үй іші қарсақ, түлкі, құндыз, жанат,
Зер тоқып, күміс шауып, ойған манат...*

І.Жансүгіров

Зергерлік өнер





ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕР

Зергер адам – зерделі адам.

Мақал


Сан ғасырдың сарабынан өтіп, біздерге қаймағы бұзылмай жеткен халқымыздың қастерлі де дәстүрлі қолөнері көптеген салаға бөлінеді. Солардың ішінде түрі жағынан да, мән-мазмұны жағынан да аса бай, шоқтығы биік тұрғаны – зергерлік өнері туындыларын зерттей келе, оның өте күрделі, қиын да қызық екеніне көз жеткізуге болады.

Қас шеберлердің қолынан шыққан қару-жарақ, ер-тұрман, ат әбзелдері, т.с.с. тұрмыста тұтынатын әртүрлі мүліктер мен сәндік әшекей бұйымдар шынайы өнер туындысына айналған.

Қазақ зергерлері әсіресе, әйелдердің әшекейлі сәндік бұйымдарын асқан шеберлікпен, зор талғаммен жасай білген. Олар: сырға, білезік, сақина, жүзік, шолпы, шашбау, ілгек, қапсырма (қаптырма), алқа, өңіржиек, түйме, шеттік, т.б.

Темір ұсталарына қарағанда зергерлердің тұтынатын құрал-сайманы да, атқаратын қызметі де, әдіс-тәсілі де көбірек болады.

Темір ұстасы сияқты зергер де дүкенде жұмыс істейді. Көрік, төс, балғаның түрлері әртүрлі, қысқаш т.б. саймандардың көлемі темір ұстасынікіне қарағанда әлдеқайда шағын әрі жеңіл, ықшамды болады.





Іскенже – ағаштан немесе мүйізден жасалатын кішкене тістеуік, атауыз. Онымен қысып зергерлер ұсақ зергерлік бұйымдарды өңдейді, кепсерді егейді. Аузына (тұмсығына) қарсы жағына қатты ағаштан жасалған сына қағу арқылы әр нәрсені қысып қоюға болады. Іскенженің бұранданың көмегімен қысатын да түрлері болады.

Саусақ қалып. Әртүрлі диаметрдегі шығыршықтарды, сақина-жүзіктердің бауырын иіп, шеңбер кейпіне келтіре түзетуге, өңдеуге, әрлеп, жылтыратуға арналған зергерлердің құралы. Саусақ қалыптың ұзындығы 25-30 см. Болаттан соғылған қиық конус тәрізді бір ұшы сүйірлене бітеді. Жуан жағы 25-30 мм, ал сүйір ұшы 5-8 мм-дей болады. Бауыры тегіс келеді. Оған жүзіктің көзін төсеп өңдейді.

Қайшы – зергерлердің қайшысы көлемі кішілеу, әрі жеңіл, қолға ықшамды болады. Онымен қақталған металды қияды. Сол сияқты зергерлер жүзі майыса біткен (қисық тұмсық) қайшыны да қолданады.

Оны металды мәнерлей қиюға пайдаланады. Зергерлер қайшының ұшы өз бетімен ашылып тұрсын деп сабының арасына жұқа серіппе орнатып қояды. Ондай қайшымен жұмыс істеу жеңіл.


Таразы – түрлі металл қорытпаларды, кепсер, химикаттарды өлшеу үшін зергерлер кішкентай аспалы, күйентелі таразыны қолданады. Оның иықты күйінтелерінің екі ұшына кішкене қобыланған металл құты байланады.

Бір басына өлшенетін зат, екінші басына гир тастары салынады. Таразының тілі ортадағы горизонталь бағытта белгіленген сызыққа тура келгенде, өлшенетін зат пен гир тасы теңеледі. Мұндай таразыны зергерлер өздері жасап алады. Егер гир тасы жоқ болса, онда бір түйір қорғасынды пайдаланады. Қорғасын «бір өлшем» мәніне жүреді де, өлшенетін заттың мәнін (салмағын) сол арқылы бір өлшем, екі өлшем т.с.с. шығарады. Бұл тәсілді байырғы зергерлер көп қолданған.

Біздің коллекциямызда Ахмет зергер жасаған осындай күйентелі таразысы сақтаулы. Ертеректе мұндай таразыны дәрі-дәрмек дайындайтын дәріханаларда да пайдаланған.

Сұмсуір. Сұмсуірді кейде сым, сымтартқыш деп те атай береді. Сұмсуір деп аталу себебі о баста сымсуырғыш аталып, бертін келе сұмсуір болып кеткен.


Сұмсуір жалпақтау келген, ұзындығы бір қарыс, қалыңдығы




қайшы



таразы



сұмсуір





0,5 мм ен бойында диаметрі (көзі) бірте-бірте жіңішкере беретін, екі қатар бірнеше тесігі бар болат аспап.

Оның көмегімен жуандығы қылдай алтын, күміс сым әзірлеуге болады. Сүмсуірмен суырған алтын сымды қазақ шеберлері зер деп атайды.

...Сөзімді кем тұтпайсың алтын зерден,
Пәш болған бай ұлына Тәңірберген, — деп, Білек
Тұмарбайқызы асыл сөзді алтын зерге балайды.

Сүмсуірден суырылған сым өте әдемі болып көрінеді. Сұлу мүсінді затты «сымға тартқан күмістей екен» дейді.

«Ақтамақ» әніндегі мына жолдар осы ойымызды тірілте түседі:

...Сымға тартқан күмістей нәзік белең,
Қорғасындай балқытар айтқан сөзің.

Сол сияқты Молда Мұсаның:

...Он саусағы күмістен тартқан сымдай,

Сондай жігіт қолына азар салды, — деген өлеңдері күміс сымның әдемілігін паш еткендей.

Сүмсуірдің ең үлкен көзі шамамен 5-6 мм болады, ал ең жіңішкесі қылдың жуандығындай өте нәзік болады. Онымен сым суыру үшін металды қорытып, қауашаққа құйып, суыған соң төрт қырлай соғып, созу керек. Соғу барысында металл қатайып кетсе, жасытып алған жөн.

Соғылған металдың жуандығы сүмсуірдің ең үлкен көзінен өтетіндей дәрежеге жеткенде оның қырларын жұмырлап егеп, саптығырлап бір үшін үшкірлеу қажет. Сонан соң сүмсуірдің көздерін (тесіктері) майлап немесе балауыз жағып, атауызға қысып, созылатын металл шыбықтың үшкір басын ең үлкен көзінен өткізіп, қысқашпен ұшын қысып, шірене тарту керек.

Қысқаштың тұмсығы тайып кетпеуі үшін оның қысатын тұмсығына шапқы балғамен торлай шауып, қышыр салу керек. Белге қайысты орай өткізіп, екі ұшын қысқаш сабының шығыршығына бекітіп, бір толғап қойып, суыратын металды қос қолдап немесе белдің күшімен де тартуға болады.

Сым суыру кезінде жұмыстың ең ауыры алғашқы көзінен өткізу, сондықтан екі адам жабыла тартса оңай суырылады. Әрі қарай жіңішке көздерінен рет-ретімен өткізіп, қажет жуандықта сым әзірлеп алуға болады. 3-4 көзінен өткен соң, металл сымды отқа қызартып, жасытып алған жөн. Қатайып кетсе, сым үзілгіш болады. Сүмсуірдің кезекті тесігінен өткізген сайын сым





жіңішкеріп, ұзара түседі. Ұзара келе сымның ұзындығы 100 м шейін жетеді. Егер сым суыратын орын тар болса, онда сымды созған сайын айланып, бір ұшынан бастап белге орай беру керек.

Осындай әдіспен суырылған сымды отқа салып жасытып, жұмыр ағаш шөмекке төгіп (шумақтап) сақтайды.

Сымды сақтау үшін матадан, теріден тігілген қалта немесе ағаш қобдиша қажет. Оны басқа құрал-саймандардан бөлек ұстаған дұрыс.

Ширатқы. Зергерлер жіңішке металл сымды екі немесе үш қабат етіп ширатып, оны түрлі мәнерде иіп, зергерлік бұйымдар жасайды. Кейде үш-төрт тіпті одан да көп сым талшықтарын өріп те әртүрлі бұйым жасайды. Сол үшін сымды қабаттап бұрай ширатуға арналған ширатқыны қолданады. Ширатқы бұранда темірден иіліп жасалады да, оған ұзынынан кертілген жұмыр ағаш кигізіледі. Содан соң ол аша ағаштың екі бұтағының арасына қондырылады. Енді сабынан жұқа ағаштан жонылып тіл бекітіледі. Оның бір ұшы бұранда тұтқаның сыртындағы жұмыр ағаштың кертігіне тіреледі.


Тұтқаның ұшы имек болады. Сол имек ұшына ширататын сымды іліп алып, сымның екінші ұштарын бір адам екі қолымен керіп ұстап тұруы қажет. Екінші адам бұранданы алға қарай бұраған сайын сым ширатыла береді. Ширатқының тілі әр кертікке тиген сайын жағымды үн шығарады. Тілдің атқаратын қызметі ширатқының тұтқасын кері айналып кетпейтіндей етіп тіреп тұрады.

Істелетін жұмыстың ыңғайына қарай сымды бос немесе ширақ етіп ширатуға болады. Кейде оның тілінің астына көлденең шыбық салып көтеріп қойып, кері қарай бұрап сым ширатады. Сонда кері ширатылған сым «ерсі» деп аталады. Кейде алға бұрап ширатылған сымды «оң», кері бұрап ширатылған сымды «теріс» деп атайды. Осындай әдіспен ширатылған сымды қатар орналастыра металл бетіне дәнекерлесе, оны ерсілі-қарсылы деп атайды. Ол өте әдемі өрнек түзеді. Осындай өрнекті шеберлер «құстаңдай» деп атайды.

Ширатылған сымды жазық металл бетіне әртүрлі өрнек сала дәнекерлеп, лажы, бағдар жалатқанда сым олардың арасын бөлетін су ретінде жүреді.

Шапқы балла — темір, болат бұйымның бетіне шауып, қышыр салуға арналған екі жүзі де асыл балға.

Темірдің бетіне шауып қышыр салғанда балғаның сабына көп





күш түседі. Сондықтан шапқы балғаның төрт қырлы екі ұңғысы болады.

Оған қатты ағаштың аша біткен бұтақтарын кигізіп саптайды да, темір сынамен бекітеді. Шапқы балға мен егеуге, түрпіге де қышыр салады.

Шұбар балға. Бұл балғаны зергерлер темірге күмісті қақтап жалатқанда қақталған күмістің үстінен аптап ұрып, кіріктіру үшін қолданады. Шұбар балғаны жасытып алып, жүзіне шапқы балғамен ерсілі-қарсылы қышыр салып алған соң суарады. Жүзінде айқыш-ұйқыш шабылған қышыры болғандықтан шұбар балға деп атайды.

Шапқы балға мен шұбар балға ертеректе кеңінен қолданылып, бұл күндері ұмыт болған құралдардың қатарына жатады.

Көп жылғы фольклорлық-этнографиялық экспедициялардың материалдарын өңдеп, эксперимент жасаудың нәтижесінде осы екі құрал да бұл күндері қайта түлеп көптеген қолөнер шеберлерінің кәдесіне жарап жүр.

Шапқы балғаның үлгісін көрсетіп, нұсқасын жасаған Ахмет Ергожаұлы (Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Қазатком селосы).

Ал шұбар балғамен жұмыс істеу әдісін көрсетіп, оның бір нұсқасын жасап берген зергер Жәмәли Сұлтанаев (Алматы облысы, Нарынқол ауданы Қарасаз ауылы). Ол саймандар біздің коллекциямызда сақтаулы.

Түртпе. (Су жүргізгіш, жүргізбе, ат салғыш деп те атайды.)


Зергерлердің өте ерте замандардан тұтынып келе жатқан негізгі дәстүрлі құралы. Онымен металдың бетіне үздіксіз сызық жүргізуге, әр түрлі өрнек салуға, сөз, кісі аттарын жазуға болады. Ал түртпе деп аталуы, осы құралдың қиғаш өткір жүзі балғамен ұрған сайын металды түртіп, оның бетіне үздіксіз сызық салып отырады. Балғамен ұрған сайын алға қарай секеңдеп жылжып отыра береді.

Түртпенің ұзындығы 8-10см, жуандығы қарындаштың жуандығындай болады. Төрт қырлы болып соғылады да, сабының саусаққа ілінетін тұсы бұралады. Бұрала біткен тұсы саусақтан таймайды. Әртүрлі ирек сызық, өрнек салғанда саусақпен бұрап, бағдарлап отыруға қолайлы келеді.


Түртпемен салынған сызық өрнекті қазақ шеберлері «су жүргізу» деп атайды, яғни өрнектің контурын (абрис) қуалай сызық салу.



шапқы балға



түртпе



нақыш салғыштар





Тұртпені кезінде қазақ зергерлері кеңінен қолданып, кейін келе мүлдем ұмытылып кеткен. Жиналған фольклорлық-этнографиялық материалдарға сүйене отырып, 1970 жылдары тәжірибе (эксперимент) ретінде тұртпемен жұмыс істеуді қайта жаңғыртқан едік. Сол жұмыстың нәтижесінде қазір осы аспапты меңгеріп, онымен жұмыс істеуді О.Таңсықбаев атындағы колледждің, Т.Жүргенов атындағы Қазақтың Ұлттық өнер академиясының студенттері мен көптеген зергерлер іс жүзінде жүзеге асырып жүр.

Бұл құралды қайта түлетудегі еңбегіміз қайта жанды десек те болады. Тұртпемен жұмыс істеуді республикамыздағы белгілі шеберлер А.Хасенов, А.Құмаров, Д.Сейдуалиев, М.Сыпатаев, Қ.Егізбаев, М.Құлманов, Б.Атамқұлов т.с.с. шеберлер өздерінің творчестволық жұмыстарына кеңінен қолданып жүр.

Нақыш салғыштар. Нақыш салғыш деп металл бетіне түрлі өрнектер түсіруге, бедерлеуге, оймыштауға арналған қол құралын айтады. Оның ұзындығы 8-12 см, жуандығы 0,2-ден 1,0мм-ге шейін болады. Нақыш салғыштардың жүзінде әртүрлі ойық, бедерлі өрнектері болады. Кейбіреуінің жүзі тегіс не дөңес, енді біреулері ойыс, сайлы т.с.с. түрлі мәнерде бедерленеді.

Жүздері жұмыр, шаршы, шар тәрізді, овал, ромб, үшбұрыш, трапеция т.с.с кейіпке келтіріліп жасалады. Содан соң сугарылады. Нақыш салғыштарды көбінесе бедерлеме жұмыстарына пайдаланады.

Нақыш салғыштарды қатты ағашты бұрғылап тесіп, сол тесіктегі жүздерін жоғары қарата шаншып қояды. Сонда жұмыс істеп отырған шеберге қандай бедерлі нақыш салғыш қажет болса, оңай тауып ала қояды.



Безеуіш. Қатты ағашқа сапталған немесе алақанға ұстайтын жағы иіле, жұмырлана біткен, жүзі асыл біз тәрізді құрал. Оның жүзі қашау тәрізді бір жағына қиғаш қайрылады.

Жүзін өрнектелетін металл бетіне көлбей тіреп (45° шамасында), оң мен сол қолдың буынын ары-бері ығыстыра, металл бетіне біркелкі өрнек түседі.

Осындай өрнекті шеберлер «мыңырғақ», «безеуөрнек» деп, ал безеуішті кейде ырғақ деп те атайды.

Тілімізді *безеу*, *безендіру*, *«тілін безеу»* деген сөз тіркестері осыдан қалыптасқан болу керек.

Зергерлер кейде безеуіштің жүзінің ортасын егеп, екі аша кейіпке келтіреді. Ондай безеуішпен салынған өрнекті «тышқан із» деп те атайды. Безеуішпен жұмыс істеуді зергер Мизам Төлегенов көрсетті (Қызылорда облысы, Абай ауылы).





Қысқаш. Зергерлер қолданатын қысқаштар ұсталардікіне қарағанда көлемі шағын, ықшам болады. Жасалатын жұмыс ыңғайына қарай әртүрлі аталады.

Қуыстұмсық қысқаш. Бұл қысқаштың атына заты сай, тұмсығы ішіне қарай қуыс болып келеді. Оның көлденең қимасы жұмыр, төрт қырлы, овал тәрізді, т.с.с. металды қысып ұстауға қолайлы түрлері болады.

Құстұмсық қысқаш. Оны кейде «бізтұмсық», «шымшық тұмсық» деп те атайды. Тұмсығы конус тәрізді сүйірлене бітеді. Онымен сымды июге, іші қуыс металды қысып (түтік) ұстауға қолайлы. Кейде тұмсығы имек түрі де кездеседі.

Жалпақ тұмсық қысқаш. Металды қысып ұстауға қолайлы, тұмсығының ішкі жағында қышыры бар қарапайым қысқаш. Кейде қысқаштың тұмсықтары қиюласқан тұсында арнаулы сым қиятын жылғасы бар түрі де кездеседі.

Тістеуік. Ол жіңішке сымды қиюға арналған қысқаш. Тұмсығының ішкі жағы шапқының жүзі тәрізді қайралады әрі жүздері бір бүйіріне бейімдеу орналасады. Қазақ шеберлері қалжыңдап осы құралды «қыршаңқы» немесе «жатып ішер» дейді.



Жылқының арасында төңірегіндегілерді тістеп, шайнап, «арқасын алып» тастайтын мал болады. Ондай жылқыны қазақ қыршаңқы деп атайды. Ал «жатып ішер» аталу себебі, осы тістеуікпен шегені тойтару үшін ұшының артығын қиғанда қысқашты жантайта, жатқыза ұстайды.

Сол сияқты тістеуіктің кемпірауыз тәрізді де түрі болады. Оның тұмсығы кішірек болады.

Тістеуіктің қысқаштан айырмашылығы — оның жүзінің өткірлігі. Сондықтан тістеуікті тек металл сымды қию үшін ғана қолданады. Жүзіне зақым келмесін деп тістеуікпен шеге суырмайды.

Шымшуыр. Қысқаш сөзінің түбірі қыс, қысу, ал тістеуік тіс, тістеу болса, шымшуыр шымшу яғни қатты қыспай сәл демеп қана ұстау дегенге саяды. Зергерлік өнерінде көбінесе саусаққа ілінбейтін кесер, бүршік т.с.с. ұсақ әрі нәзік заттармен жұмыс істеуге тура келеді. Шымшуыр соларды ұстауға, ыстық металды оттан алуға қолайлы көмекші құрал.

Оны серпімді етіп жасайды. Серпімділігін арттырып, кеміту үшін шымшуырдың сабына шығыршық кигізіп, оны ілгері-кейін жылжытып қояды. Шымшуырдың ұшында ұясы бары, екі аша, үш аша, имек тұмсықты түрлері де болады.





Батырғы. Зергерлік өнерінде жұқа қаңылтырға батырып, түрлі сызық, бедерлі өрнек түсіру үшін ұшы имек, сүйір әрі доғалдау келген батырғы атты құралды қолданады.

Оның жүзі өте асыл болаттан соғылып, өткізсе суғарылады. Ұшын қатты жылтыратып қойса, металл бетіне батыра сызғанда жеңіл жүреді.

Сабын қатты ағаш, мүйіз, сүйектен саптайды. Көлемді жұмыстарға, қалыңырақ қаңылтырды өңдеуге сабын ұзынырақ етіп саптайды. Оның сабын иыққа тіреп, қос қолмен жұмыс істейді.

Түрлі мәнерде батыра асылға түсіруге арналған механикалық батырғы да болады.



Жонғы. Металға жонып, оймыштап бедерлі өрнек түсіруге, бедерлі мүсін оюға, жазу жазуға қолайлы құралды жонғы деп атайды. Жонғы өте асыл болаттан соғылып суғарылады. Жонатын жүзінің қимасы үш бұрыш, төрт бұрыш, трапеция, доғал, бұрыш т.с.с. кейіпке келтіріле соғылады.

Жұмыс барысында металл бетіне түрлі сызық жүргізуге, ойып алуға қолайлы болу үшін жонғының жүзі көлбеу қайралады. Қатты ағашқа сапталады. Сабын алақанға батпайтындай етіп жұмырлап, науықымен ысып, жылтыратып қойған дұрыс болады. Жонғымен жұмыс істегенде мойнына қатты күш түседі. Сондықтан мойнына металл мойнақ орнатылады. Ол сабының жарылып кетпеуіне септігін тигізеді. Қатты болаттан жонатын жонғыларды саптамайды. Онымен жұмыс істегенде жүзіне қарсы жағынан жеңілдеу балғамен жайлап ұрып отырады.

Қуыстұмсық. Қаңылтыр немесе былғары қайысқа металл шегелеген кезде оларды жымдастыра беттестіру үшін қуыстұмсық деген құралды қолданады. Оның ұшында шеге еркін сыятындай тесігі болады. Оны көзі деп атайды. Шегеге қаңылтыр тығырық кигізіп, оның үстінен қуысқұлақтың тесігін шегеге кигізе балғамен ұрса, шегеленетін тұсы жымдаса бірігеді. Шегелер әр түрлі жуандықта болатындықтан, қуысқұлақтың да көзінің тесігі әртүрлі кеңдікте жасалған бірнеше түрі болады.

Егеулер. Түрлі металды егеу, әрлеу үшін қолданатын құралды егеу деп атайды. Егеулердің де көлденең қимасы үш бұрышты, төрт бұрышты, дөңгелек, робм, овал т.с.с. кейіпте жасалатын түрлері болады.

Жүзі қышыры майда немесе ірі егеулер болады. Металл өңдегенде алдымен қышыры ірі егеумен егеу, соңынан майда егеумен әрлейді.





Жүздері бір-біріне тиіп қажалып, мұқалып қалмауы үшін оларды жеке-жеке арнайы тігілген қайыс, былғары қалтаға салып сақтаған жөн.

Балға. Зергерлік өнерінде балғаның көптеген түрлері қолданылады. Жұмыстың ыңғайына қарай оларды болаттан, ағаштан, мүйізден, мыс, жез, қола, алюминий сияқты түсті металдардан жасайды. Кейде қатты резина, пластмассаны да пайдаланады. Басы шар тәрізді үшкір, имек, т.с.с. кейіпте соғылған мәнерлі балғаларды бедерлеме жұмысында көп қолданады.

Ара. Темір (металл) кесетін араны асыл, қатты болаттан жасайды да, өткізе суғарады.

Ол иілуге келмейді, морт сынады. Ондай араны кез-келген шаруашылық бұйымдарын сататын дүкеннен кездестіруге болады.


Лобзик. Бұл металл кесуге арналған жүзі өте жиі, кішкене, нәзік ара (пышқы). Зергерлер оны әр түрлі мәнерде металды ою үшін қолданады.

Қалып. Қазақ шеберлері етік тігу үшін теріден, былғарыдан, металдан әртүрлі бұйымдар жасау үшін қалыпты кеңінен қолданған.


Сол сияқты болаттан соғылып, бедерленіп, оймышталып жасалған қалыпты шеберлер әртүрлі зергерлік бұйымдар, бедерлі жапсырмалар, шеттіктер т.б. жасау үшін кезінде кеңінен қолданған. Қалыпты қолданып жұмыс істеуді қалыптау деп атаған. Соңғы жылдары қалыптау әдісімен жұмыс істеу ұмытылып кеткен еді. Бұл әдісті қайта түлетуге себепкер болған әрі оның қыры мен сырын түгел үйреткен Ахмет Ерғожаұлы еді.

Қалыптың жалаң қабат, екі қабат, тіпті үш қабат темірден жасалатын түрлері болады. Жалаң қабат қалыпты жасау үшін қолыңдағы 2,5-3 мм болатты жасытып, қажетті кейіпке келтіре соғып алып егеп, нақыс салғышпен бедерлеп оймыштап өрнек салу керек. Содан соң тік қырларын көлбеулей егеп, майда науысқымен ысып, киізбен жылтыратады. Оның өткір қырларын жұмырлай егеп, жылмағайлап қоймаса, қалыпқа түсетін (қалыптанатын) жұмсақ металл жыртылып кетеді.

Қалып әзір болған соң суғарылады. Байырғы шеберлер осындай қалыпты «еркек қалып» немесе «іш қалып» деп атаған. Содан соң көлемі де, қалыңдығы да әзір болған «еркек» қалыптан әлдеқайда үлкендеу темірді отқа салып әбден қыздыртады. Оны төстің үстіне төсеп, еркек қалыптың бедерлі жағын оған төңкеріп



Лобзик



шарқалып



қойып, сыртына қалың темір төсеп, шой балғамен еркек қалып қызған темірге түгел батып кеткенше соғу керек. Сонда еркек қалыптың бетіндегі бедерлі өрнек қызған темірге батып, ол да оймыштала береді. Оны «тыс қалып» немесе «үрғашы қалып» деп те атайды.

Содан соң үрғашы қалыпты отқа қайта қыздырып алып, еркек қалыппен беттестіріп, екі арасына жұқа қаңылтыр салып, еркек қалыпқа сіңдіре үру керек. Сонда екеуінің арасында қаңылтырдың қалыңдығындай бос кеңістік пайда болады.

Міне осы жолмен әзірленген қалып қалыптанатын металды қимайды, әрі өрнек бедері айқын болып шығады.

Қалып жасаудың тағы бір тәсілі – қос қабат қалып жасау. Ол үшін қалыңдығы 2,5мм темірді қажет кейіпке келтіре соғып, жиектерін мәнерлей бедерлеп алу керек. Содан соң сыртқы пішіні (жиегі) дәл осыны қайталайтын, бірақ жиектері одан 2мм кем темірді әзірлеу керек. Оның бетіне оймыштап бедерлеп өрнек салып алған соң, екеуін қабаттап, мыспен дәнекерлеу керек. Дәнекерленген кезде жылжып кетпеу үшін беттестіре қабаттап алып, темір немесе нихром сыммен орап, бұрап қойған жөн.


Берік болу үшін бедеріне нұқсан келтірмей, бірнеше жерінен тесіп, темір шегенің бүркеншігін қалыптың бетімен біркелкі етіп тойтарып шегелеп қою керек. Ол үшін тесіктің екі аузын конус тәрізді кейіпке келтіріп алып, шегенің бүркеншігін соның ішіне ендіре шегелейді. Сонда конус тәрізді ойық толады да, бүркеншіктің қызметін атқарады. Содан соң қалыпты әрлеп жылтыратып алып, бір кесек қорғасынның үстіне қалыптанатын металды жасытып төсеу керек. Қалыптың бедерлі бетін майлап, қалыптанатын металға бедерін қарата төңкеріп, үстіне қалың темірді салып, шой балғамен қалып түгел сіңіп кеткенше үру керек.

Бұл жағдайда темір қалып еркек қалыптың, қорғасын қалып үрғашы қалыптың қызметін атқарады.

Үш қабат қалып жасаудың да әдісі осындай.

Ұзындығы 10-12 см төрт қырлы немесе жұмыр болаттың бір басын бедерлеп, оймыштап өрнек салып, екінші ұшынан балғамен қорғасынға ұрып батырып та қалыптар жасайды.

Қобы қалып. Бұл қалыпты білезіктің жиегін жұмырлауға, сақина-жүзіктің бауырын қобылай шығаруға қолданады. Оны әзірлеу үшін көлденең қимасы 3x3 см болатты төрт қырлап соғып, соның бір бетіне егеп, бір немесе қатарынан бірнеше сай салынады. Сол сайдың үстіне өңделетін металды төсеп, сыртынан жүзі





тегіс балғамен ұрып, ұрған сайын металды жылжытып отыру керек. Сонда қалыптың сайлы жылғасы металл бетіне бедерлене қобы болып түседі. Ондай бұйым құйылған металл тәрізді сомданып, әдемі көрінеді. Сақинаның бауырын осы әдіспен әзірлеп алған соң, екі ұшындағы сайлы тұсынан жырып, арасын ажыратып барып бетіне дәнекерлейді.

Білек қалып. Білезік жасағанда металды үнемдеу мақсатымен әрі білезік жеңіл болу үшін оның ішіне қарай қуыстап, қобылай соғады. Ондай білезік құйма білезікке ұқсап, жұмыр сом болып көрінеді. Жұмыр басты балғамен қорғасынға төсеп қобылап алған соң, білезікті біркелкі етіп тегістей жұмырлау үшін білек қалыпқа салып, ағаш балғамен сыртынан ұру керек.



Білек қалыптың басының қалыңдығы 1,5 см, 0,5 см етіп дөңгелектей соғып, сабын 2,5x2,5 см етіп төрт қырлай соғу керек. Басынан 4,5 см қашықтықта тік бұрышты иеді. Жұмыс істегенде сабының басына параллель орналасқан иінін атауызға қысып қояды.

Шар қалып. Іші қуыс жарты шар тәрізді жұмсақ металды бір-біріне дәнекерлеп қуыс шар жасап, одан кішкене қоңырау, сылдырмақ, түйме, т.с. сияқты әртүрлі зергерлік бұйымдарды жасайды.

Осындай жарты шар (сфера) әзірлеу үшін шар қалыпты пайдаланады. Оның ұзындығы 8-10 см, жасалатын жұмыстың ыңғайына қарай жуандығы әр алуан болып келетін болаттан соғады. Жасық кезінде бір ұшын егеп, жарты шар кейпіне келтіріп, жылтыратып алып суғару керек. Мұны еркек қалып деп атайды. Содан соң қалыңдығы 1,5-2 см бір кесек жалпақ темірді отқа қыздырып алып, еркек қалыптың жарты шар тәрізді жонылған ұшын қызған темірге батыра ұрады. Содан ол темірге де жарты шар кейпінде шұңқыр ұя пайда болады. Оны ұрғашы қалып деп атайды.

Әрі қарай ұрғашы қалыпты қайта қыздырып, оған жұқа қаңылтыр төсеп, еркек қалыпты батыра қайта ұру керек. Содан екеуінің арасында қаңылтырдың қалыңдығындай кеңістік пайда болады. Шар қалыптың ең кішісі 3 мм-ден басталып, 2,5 мм-ге шейін бірнешеу болады.

Құйма қалып. Зергерлік өнерінде металды қорытып, оны арнаулы қалыптарға құйып, түрлі зергерлік бұйымдарды жасау өте ерте кезеңдерден қалыптасқан әдіс. Құйма қалыптың ең қарапайым түрлері кәдімгі қаңылтырдан бедерленіп жасалады. Түсті, бағалы, қымбат заттарды құю үшін қалып жасауға темір





қаңылтыр қолданылады. Қорыған металл қалыпқа кірігіп, жабысып қалмауы үшін қалыптың ішкі жағын алдын ала майлап немесе графит ұнтағымен сылап қою керек.

Құйма қалып жасауға саз балшық, графит, гипс, қыш, құм, т.с.с. материалдарды пайдалануға да болады. Ол үшін арнаулы үлгілерді пайдаланып, ағаштан болашақ бұйымның нобайын жасап алып оны майлап, жартысына дейін иленген саз балшыққа немесе гипске батырады. Сол қалпында саз балшық немесе гипс әбден кебуі керек. Кепкен соң қалыптың бетіне жонып, қырып, қорыған металл құйылатын жылға жасалынады. Қалыпты құрған кезде дәл беттестіру үшін бір-екі жерін шұңқырлап, арнаулы ұя жасайды. Оны құлып деп атайды. Оның бетін жақсылап майлап немесе графит ұнтағын жағып, сыртын қаңылтырмен құрсаулап қоршап, үстіне гипс немесе сазбалшық құйылады да, әбден кепкенше сол қалпында қалдыру керек. Кепкен соң қалыптың жігінен ептеп ажыратып, арасындағы ағаш үлгіні шығарып алады. Одан ары металл құйылатын қуысын түгел майлап, қалыпты қайта беттестіріп, сыртынан сыммен, жіппен орап таңып қояды. Суыған соң орауын шешіп, қалыптың жігін ажыратып, құйылған металды шығарып алған соң, қалыпты қайтадан майлап қойған жөн. Дұрыс дайындалған қалыпты бірнеше дүркін дайындауға болады. Сол сияқты құйма қалыпты қоладан да әзірлеп, оған қос қапталын біріктіріп тұратын топса орнатылған көне түрі біздің коллекциямызда сақтаулы.

Құйылған үлгіні балауыздан жасап, оның сыртына балшық жағып кептіріп, қорыған металды құюға болады.

Бұл әдіспен құйғанда үлгі де, қалып та сақталмайды. Балауыз үлгі құйылған металдың қызуына еріп, қалыптың астыңғы тесігінен ағып түседі. Ал қалыптың ішіндегі құйма бұйымды шығарып алу үшін оны сындыруға тура келеді.


Үлгілер.

Ұзынсыз қысқа болмас,
Үлгісіз ұста болмас.

Мақал

Зергерлік өнеріндегі әртүрлі бұйымдар жасау үшін арнаулы үлгі-нұсқалар қолданылады. Оларды көбіне металдан жасайды.

Сақина, жүзіктердің үлгілері. Саусаққа салатын сақина, жүзіктердің мөлшері (размері) болады. Олар саусақ буынына ер-





кін киілетіндей болу керек. Саусақтың жуандығына орай сақина, жүзіктің де көзі (диаметрі) өзгеріп отырады.

Қажетті өлшемде сақина, жүзік жасау үшін мыс, жез, мельхиор қаңылтырдан ретімен бірнеше үлгі жасап, қапталына кішкене шығыршық дәнекерлеп, жинақы болу үшін әрі жоғалып қалмасын деп сол шығыршықтар үлгілері еркін сыятындай үлкенірек шығыршыққа тізіп, оның ұшын тұйықтап, дәнекерлейді. Әрқайсысына мөлшері түртпемен жазылып, ретімен тізілсе, қажет өлшемді табу оңай болады.

Осындай үлгіге салып дайындаманы қиып алып, әрі қарай өңдейді.

Ал қобы сақинаның пішімі жапырақ тәрізді, орта тұсы жалпақ, екі ұшы сүйірленіп барып шорт кесіледі. Оны да шығыршыққа тізіп, мөлшерін жазып қояды.

Білезік үлгісі. Қазақ шеберлері білезіктің көптеген түрлерін жасаған. Сондықтан әр зергер өзі ұнататын мәнерде білезіктің бірнеше түрінің үлгісін әзірлеп алады. Үлгіні басқа құрал-саймандарға қоспай жеке қалтаға, не қорапқа салып сақтайды.


Сол сияқты сырғаның, сулықтың, айылбас т.т. зергерлік өнерінде кездесетін бұйымдарға шеберлер арнаулы үлгі жасап қояды. Ол жұмыс кезінде уақыт үнемдеуге әрі шәкірттерді де үлгі бойынша үйретуге септігін тигізеді. Тіліміздегі «үлгі алу» деген тіркес осыдан қалыптасқан.

Қобы білезіктің үлгісі. Жалпақтығы 18-20мм, екі ұшы сүйір әрі доғалдана бітеді. Ұзындығы білектің жуандығына байланысты 150мм-ден 170мм-ге дейін ауытқиды. Ұзындығына орай ені де өзгереді. 150x18мм, 160x19, 170x20мм үш түрлі үлгі жасап алса, сол жеткілікті.

Олардың ішінде ең көп қолданылатын үлгі 160x19мм. Ұштары тұйықталып дәнекерленбегендіктен білезікті сәл қысып, не жазып, білекке дәлдеуге болады. Ал жас балаларға арналған білезік-сақинаны саусағы мен білегін дербес өлшеу арқылы шығарып алуға болады. Ол үшін саусаққа немесе білекке жіп (сымды) орап өлшеп алуға болады.

(Автор жоғарыдағы үлгілердің мөлшерін өзінің көп жылғы тәжірибесіне сүйеніп алып отыр).

Сол сияқты білезік бетіне түсетін өрнектердің де бірнеше үлгісін жасап қоюға болады. Үлгілерді тесіп, шығыршыққа тізіп іліп қояды.



Зергерлік өнерінде қолданылатын негізгі әдіс-тәсілдер

Зергер қолдан шыққан бұйым зеріктірмейді.

Мақал

Бұл тарауда зергерлер өнерінің сан қилы әдіс-тәсілдері әңгімеленеді. Солардың ішіндегі ең қарапайымы әрі көп қолданылатын негізгісі «су жүргізу» болып табылады.

Су жүргізу. Қазақ ісмерлері киізден сырмақ сырғанда, кесте тіккенде бір-бірімен қатар түсетін екі түстің арасын бөлу үшін басқа түсті жіптен жіңішке сызық бастырады. Осы тәсілді «су жүргізу» деп атайды.

Сол сияқты зергерлік өнерінде де өрнек пен өрістің арасын бөлу үшін металл бетіне жіңішке, үздіксіз сызық жүргізіледі. Бұл әдіс зергерлік өнерінде де су жүргізу деп аталады.


Су жүргізу үшін металл бұйымның бетіне түсетін өрнектің нобайын жұқа қағазға салып алу керек. Оған ақ түсті гуаш немесе бор, әк тасты азырақ желім қосып, суға қоюлау етіп езіп, өрнек түсетін металл бетіне біркелкі етіп майда қылқаламмен жағып, кептіреді. Әрі қарай металл дайындаманың бетіне көшірме қағаз (копировальная бумага) төсеп, үстіне өрнек сызылған қағазды салып, қарындашпен өрнек бойын қуалай сызып шығу керек.

Екінші әдісі. Өрнекті жұқа қағаздан қиып алып, металл дайындаманың бетіне желімдеп, өрнектің өн бойын қуалай үшкір асыл сызғышпен батыра сызып шығу керек.

Үшінші тәсіл. Өрнекті жұқа қағазға сызып, оны металл дайындаманың бетіне желімдеп, қағазға түскен өрнекті бастыра қуалап, түртпемен бірден су жүргізіп шығуға болады. Мұндай әдіспен тек тәжірибелі зергерлер ғана жұмыс істей алады. Өйткені қағаз бен жағылған желімнің қалыңдығын ескеріп жұмыс істеуге тура келеді. Бұл жағдайда металл бетіне түскен сызықтың (судың) қандай тереңдікте екені көзге көрінбейді.

«Су жүргізу» деп кейде өрнектің өн бойын қуалай үшкір қадаубаспен ұрып, бір-біріне қатар жиі ноқат салып шығуды да атайды. Бұл әдісті зергерлік өнерін жаңа бастап жүрген шәкірттер қолданады.

Металл бетіне су жүргізуге өте қолайлы құрал түртпе болып табылады. Онымен тек қана су жүргізіп қоймай, өрнектің өрісін де біріне-бірі параллель сызықтар жүргізіп немесе бір-бірін айқыш-



ұйқыш керегекөз сызықтар жүргізу арқылы өрнектің өрісін толтырып шығуға да болады. Түртпе зергерлердің көп қолданылатын әмбебап аспабы.


Жоғарыда түртпені «ат салғыш» деп те атайды дедік. Осыған байланысты болған бір оқиғаны әңгімелей кетуді жөн көрдік. Жетпісінші жылдары зергерлік өнерімен жаңадан айналыса бастаған кезім. Ол кездері түртпемен қалай жұмыс істеу керек екенін білмейтін едім. Электродрельдің двигателіне бормашинаның (тіс дәрігерлерінің, тіс егейтін машина) жетек білігін (гибкий вал) жалғап, қолдан бор машина жасап алғанмын. Сол машинамен бір бұйымға бір кісінің атын жазбақ болып көп әурелендім. Электр двигателі шуылдап, айналымы аз болып, машинаның инесі металл бетінен тайып кете берді.

Қасымда Ахмет атам тәспі тартып отырған еді. «Балам, не істеп отырсың, мазамды алды ғой», — деп жаныма жақындады. Мен жасап жатқан бұйымға адам атын жазу қажеттігін айттым. Атам: «Балам-ау, мынауың тірлік емес екен, машинаңды дүрілдетпей суыра тұр», — деді де, маған: — Көрікті тұтат! — деп бұйырды. Мен дереу іске кірістім. Көріктің оттығы қызған кезде атам бір кішірек қадаубасты алды да, отқа қыздырып, төрт қырлап соға бастады. Ол оны қайта қыздырып, маған бір ұшын қысқашпен қатты қысып ұстап тұр деді де, өзі қысқашпен екінші ұшынан қыса ұстап, орта тұсын иіріп бұрады. Әрі қарай бір ұшын таптап, суғарды. Ұшын шарыққа қиғаштай қайрап, соңынан жұмсақ қайраққа қайрады да, «ат салғыш» деген міне осындай болады деп бас-аяғы 10-15 минутта бір құрал әзірлеп берді.

Мен дағдарып: «Ата, бұл құралмен қалай жұмыс істеймін», — деп едім, атам бір кесек пластинканы алып, ат салғышпен арабша оңнан солға қарай жазу жаза бастады. Содан соң мен жазып көріп едім, бұрын мұндай құралмен жұмыс істемегендіктен, әріптері ойқы-шойқы болып, ойдағыдай шықпады. Енді не істеу керек? Атама жазып бер деп жалындым. Қағазға орыс алфавитімен қажет сөзді түсіріп бердім де, алдымен мыс пластинкаға жаздырдым. Біз пайдаланып жүрген алфавитті атам танымағандықтан, ол кісінің жазғаны да мандымады.

Бұл жарамайды дегендей сыңай таныттым. Атам сәл ойланып тұрып, араб әрпімен жазсам қалай болады деді. «Сасқан үйрек артымен жүзеді» дегендей, шүршітше жазсаң да, әйтеуір жазып берсең болды дедім.

Атам ат салғышпен әдемілеп бұйымның бетіне араб әріптерін





түсіре бастады. Қолдары жып-жып етеді. Жазып болған соң қарап едім, бұйымның бетіндегі өрнек пен араб әріптері әдемі үндесіп, жараса қалыпты. Қуанып кеттім. Сол күннен бастап, ат салғышпен жұмыс істеуге жаттыға бастадым.

Екі-үш күн өткен соң, осы құралмен жұмыс істеуді жақсы меңгеріп алдым. Бір күні атамның арабша кітабынан бірнеше сөз көшіріп жазып, өзіне көрсетіп едім, атам: «Менен де жақсы жазатын болыпсың ғой», — деп балаша қуанды.

Кейінірек Қызылорда маңындағы Абай ауылында тұратын атақты Мизам Төлегенов ақсақалдың да осындай құралмен жұмыс істегенін көріп, мұның аты қалай аталатынын сұрап едім, «Мұның аты көп, ат салғыш, түртпе, су жүргізгіш, жүргізбе деп атай береді», — деді.

Біз бұл құралдың атын түртпе деп алған себебіміз, балғамен ұрған сайын ол металл бетін түртіп, үздіксіз із салып отырады. Әрі айтуға да жеңіл, қысқа сөз болғандықтан, шәкірттерім де солай атап кетті.

Қазақстанның әр түкпірінде бір құралды бірнеше түрде атайды. Яғни, құрал атауларында да өзіндік диалект кездеседі.

Байырғы шеберлер түртпемен жұмыс істегенде, алдын ала жазып-сызбай-ақ, металл бетіне өрнекті бірден түсіру тәсілін көп қолданған. Бұл әдіс, біріншіден, уақыт үнемдейді әрі шебердің көз мөлшермен жұмыс істеу қабілетін дамытады, тапқырлыққа баулиды.



Түртпемен су жүргізіп өткен соң, оны қайта түзетуге болмайды, қателессең, бұйымды бүлдіресің.

Металл бетіне бірден өрнек түсіріп отырған зергердің жұмысына көрермен де қызығып, сүйсінеді.

1985 жылы Москва қаласында өткен «Жастар мен студенттердің Бүкіләлемдік XII-фестивалінде» шәкірттерім Махмұт, Естай, Дәулет төртеуіміз қатыстық. Біздер фестиваль делегаттары мен қонақтарына қолданбалы өнердің әдіс-тәсілдерін көрсетпекші болып, құрал-саймандарымызды сайлап, көрік пен көмірімізді көтере барған едік. Өкінішке орай, «өрт шығып кетеді» деп, өрт сөндірушілер көрік жағуға тыйым салды.

Одақтас республикалардан осы фестивальға қатысқан әріптестеріміз біреуі бедерлеме жұмысын жасаса, енді біреулері тас қалап, сазбалшықты илеп, түрлі ыдыстар жасап, тоқу өнерінің әдістерін көрсетіп жатыр.

Алғашында не істерімізді білмей дағдарып қалдық. Қажет





болар деп ала шыққан біраз металымыз бар еді. Соны қиып, дайындама әзірлеп алдық та, қазақи үлгіде құрғақ тәсілмен (отқа қыздырмай) білезік-сақина жасай бастадық.

Мен түртпемен көрермендердің көзінше дайындама бетіне өрнек салып, су жүргізіп беріп отырдым. Шәкірттерім бірінен соң бірі алып, Естай өрнектің өрісін толтырып, Махмут қорғасынға төсеп, қобылай иіп, Дәулет электр ысқымен жылтырата әрлеп, әп-сәтте конвейерлік әдіспен дайын бұйым жасап шығарып отырдық.

Фестиваль аяқталғанша төңірегімізден көрермендер тобыры толастамады. Миллиондаған адамдар өнерімізді тамашалады, әрі сыйлық сувенирлер алып қайтты.

Сонда бір байқағаным, көрермен қауымның қызығып, таңғалатыны – металл бетіне жазып-сызбай өрнек салу.


Сол сапарымыз сәтті болды. Фестиваль жүлдегері атанып, диплом алып қайттық.

1988 жылы Венгрияның Кечкемей қаласындағы «Лажышы-суретшілердің халықаралық творчестволық шеберханасының» шақыруы бойынша, степендиат суретші ретінде үш айға (март, апрель, май) жұмыс істеп қайттым. Сондағы әріптестеріммен тәжірибе алмасып, түртпемен жұмыс, «су жүргізу» әдісін көрсетіп едім, олар қатты таңғалды. Әсіресе, Наді Ференц, Чикзентмихан Карол, Вароши Керенц т.б. суретші-лажышылар осы әдісті үйретші деп өтінді. Әрқайсысына бір-бір түртпе жасап беріп, онымен су жүргізудің әдіс-тәсілдерін, қазақша үлгіде ою-өрнек композициясын құру жолдарын көрсетіп бердім. Бұрын металмен жұмыс істеп жүрген шеберлер болғандықтан, түртпемен су жүргізу әдісін мадияр әріптестерім тез меңгеріп кетті.

Су жүргізуді үйрену үшін мыс, жез қаңылтырға түзу сызық, ирек, бір-біріне параллель сызықтар жүргізіп жаттығу қажет. Содан соң шебер овал, ромб, төртбұрыш, үшбұрыш, т.с.с. әртүрлі мәнерде су жүргізіп, қолды әбден жаттықтырып алып, жұмысты жайлап күрделендіре беруге болады. Жүзі тегіс, түртпені ұратын басы дөңгелек әрі жалпақ балға су жүргізуге қолайлы болады.

Су жүргізілетін металл дайындаманы арнаулы қысқымен (струбцина) қалыңдығы 2-3 см жалпақ темірге қысып қою керек. Жұмыс істегенде металл шыңылдамауы үшін дайындаманы бекітетін төсеніш темірдің астына немесе киіз төсеп қойған дұрыс.

Түртпемен ирек өрнек салғанда аяқталған түсын (үшын) ұшында кішкене дөңгелек таңбасы бар (жылан көз) нақыс



салғышпен ұрып, аяқтайды. Осы әдісті зергерлер тую немесе тұжыру деп атайды.

Су жүргізу жұмысында сызықтың жуандығы мен тереңдігін балгамен қаттырақ не бәсең ұру арқылы реттеуге болады. Тұртпенің көлемін үлкенірек жасап, ұсталық өнерінде де қолдануға болады.

Нақыш салу. Ұшында түрлі бедерлі өрнектаңбасы бар нақыш салғыштардың көмегімен металл бетіне өрнек түсіруді, бедерледуді, оймыштауды нақыш салу деп атайды. Тіліміздегі нақыштау, нақышына келтіре ән салу деген сөз тіркесі өрнектеу, әдемілеу деген мағына береді. Сереке ақын мен Сәтина қыздың айтысында Сәтина Серекеге былай дейді:

...Өлең айтам келтіріп нақышына,
Сыймайды жаман қошқар жақысына.

Сонда нақышына деген сөз нәшіне, мәнеріне келтіре айту деген мағынада қолданылатын болып тұр. Металға нақыш салу – қазақ зергерлерінің өте ерте заманнан қолданылып келе жатқан әдісі.

Ұшы жарты ай тәрізді егелген нақыш салғышпен металл бетіне жарты ай кейпінде өрнек салуға болады. Ондай өрнекті «айшық» немесе «тырнақша», «ашқыш», «кілт» деп те атайды.


Айшық өрнегін бір-біріне әртүрлі бұрышта жалғай ұрып, қатарлай тізе, аударып-төңкеріп ұрып, өте күрделі өрнек түрлерін түзуге болады. Тіліміздегі «айшықты өрнек» деген тұрақты сөз тіркесі осыдан қалыптасқан.

Ал тырнақша аталу себебі, өрнек элементі жеке тұрғанда қиылған тырнаққа ұқсас болғандықтан. «Ашқыш» немесе «кілт» аталу себебі, ұшында айшық өрнегі бар нақыш салғышпен бәкінің басындағы шоқтығының тұсына оң жағынан суғармай тұрғанда ұрып, ойық таңба салады. Сол ойыққа тырнақты тіреп, бәкіні ашады. Металл бетіне түскен айшық таңбаның ортасына ұшқанда «жұлдызша» өрнегі бар нақыш салғышты ұрып, ай, жұлдыз өрнегімен нақыштау қазақ зергерлерінің сүйікті әдісі болған.

Нақыш салғыштардың ұшы үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек, ромб т.б. мәнерде бола береді. Жасалған бұйымның мағынасына қарай соларды таңдап алып керегінше қолдана беруге болады.

Сол сияқты нақыш салғыштың металл бетіне салатын ұштарында 0-ден 8-ге шейін таңбасы бар тоғыз түрі болады. Бұларды «сан салғыш» деп атайды. Осы тоғыз сан салғышты пайдаланып, кез келген санды металл бетіне ұрып, таңба түсіруге болады.

Сан салғышты ретімен нөлдік, бірлік, екілік деп атай береді.



Оның тоғыздығы болмайды. 9 санын соғу үшін алтылықты аударып ұрады. Нақыш салғыштардың ұшында әріп таңбасы бар түрі де болады. Оны әріп салғыш деп атайды. Сол сияқты ұшында ру таңбасы бар түрлері де болады.

Қалыптау. Қалыптау әдісіндегі ең басты шарт – қалыптанатын металл жұқа әрі жұмсақ болуы керек. (Алюминий қалыптауға жақсы көнеді, бірақ дәнекерлеуге келмейтіндіктен, оны зергерлер пайдаланбайды). Қалыптанатын металды алдымен жасытып алу керек. Егер мыс немесе жез болса, оны тұз қышқылының 25%-тік ерітіндіге салып майдан, кірден, металл тотығынан тазартып алады. Ондай ерітінді не лажыланған фарфор немесе пластмассадан жасалған ыдысқа алдымен су құйып, сол судың мөлшерінің 25% тұз қышқылын құяды. Керісінше, істеуге болмайды. Өйткені, алдымен қышқыл құйылса, үстіне су құйылған кезде ол реакцияға түсіп шашырап, адамның денесін, киімін күйдіріп кетуі мүмкін. Қышқыл ерітіндісінде 10-15 минут ұсталған дайындаманы шымшуырмен ептеп ерітіндіден шығарып алып, таза сумен мұқият жуып, шаю керек. Содан соң қалыптанатын металды кептіріп, екі жағына да жұқалап қылқаламмен немесе құстың қауырсынымен май жағып шығу керек.

Ол үшін өсімдік майы немесе техникалық іс тігетін машина майы да жарай береді. Әрі қарай ұрғашы қалыпты төстің бетіне ойық жағын жоғары қарата төсеп, оның бетіне қалыптанатын металды (көлемін қалыптың көлемінен 3-4 мм артығырақ етіп қию керек) екі жағында майлап жабады. Оның үстіне еркек қалыптың бедерін төмен қаратып, қалыптанатын металдың үстіне төсеп, үстінен салмақ сала басып, еркек қалыпты батырыңқырап қояды. Екі қалыптың дұрыс беттескендігін мұқият тексеріп алып, еркек қалыптың сыртына көлемі қалыптан асыңқырайтын жалпақ темір немесе арнаулы тегіс жүзді балғаны төсеп, үстінен шой балғамен еркек қалып ұрғашы қалыптың ұясына түгел сіңгенше батыра ұру керек. Содан кейін қалыптан металды еппен ажыратып алып, қалыптың қырлары жыртып кеткен жерлер жоқ па, қалыптың бедері металға анық екенін мұқият тексеріп шығу керек. Егер қалыптан шыққан металл жыртылса, онда еркек қалыптың сол жыртылған тұсқа тура келетін бұрышын егеп, жылмағайлау керек немесе қалыптанатын металды сәл қалыңдау алу керек. Мұқият майлаған жөн.

Металл майланбаса да, қалыпты тот басса да кейде қалыптанатын металл жыртылып кетеді. Өйткені, қалыптану кезінде





металл жұқарып созылады. Қалыптау әдісімен кемер белбеу, кісе белбеу, ат әбзелдері мен ер-тұрман жабдықтары, түйме, шегенің мәймөңкелі бүркеншігі т.с.с. көптеген бұйымдар жасауға болады.

Егер қалыптан металл сәтті шықса, онда қайшымен қалдығын қиып тастау керек. Қалдығы деп қалыптан шыққан металдың артық кенересін айтады. Енді оны тегіс тақтайға керілген науысқыға төңкеріп қойып, әрлі-берлі ысып, кенеріндегі жиектерін тегістейді. Әрі қарай түз қышқылының 25% ерітіндісі құйылған ыдысқа 10-15 минут салып қойып, жұққан майдан, кірден, металл қағынан тазалайды, таза суға салып, жуып-шайып кептіреді. Енді осы дайындама ағашқа шегеленетін болса, оған темір шегені дәнекерлейді. Ыңғайына қарай 1 немесе 4 шеге қондыруға да болады. Егер дөңгелек қалыптан шықса оған жалғыз шеге орнатуға болмайды. Ағашқа шегеленсе, күш түскенде айналып кетуі мүмкін. Ал қайыс, былғары теріге шегеленетін жапсырмаларға мыс, жез шегелер де жарай береді. Егер дайын шеге болмаса, металл сымнан ұзындығы бір келкі етіп тістеуікпен қиылған мыс, жез, темірді қажетті жуандықта таңдап алып, бір ұшын таптап, жалпақтап, тік бұрыш жасай иіп қою керек. Сол иілген жағын немесе шегенің бүркеншігін қалыптан шыққан металдың табанына қарата салып, мәстемірдің саусақтарына қыстырады. Себебі шегенің үшкір жағы қалыптан шыққан металдың табанына тура келсе, шегелеген кезде ол жұқа металды тесіп сыртқа шығып кетуі мүмкін. Мәстемірге шегемен бірге қыстырылған дайындаманың табанына бір шым-шымдай мүсәтір сеуіп, оның үстіне ұсақталған мырышты толтыра салу керек. Шегелерді мәстемірдің саусағынан тайдырып алмау үшін мырышты ұшы сүйір шымшуырмен салған дұрыс. Содан мәстемірді горизонталь бағытта ұстап, дайындаманы көріктің оттығына қыздыру керек.

Бұл жұмысты мәстемірді горизонталь бағытта қыш, асбест, кірпіш тәрізді күймейтін заттардың үстіне орналастырып, көріктен гөрі жалындап жанатын дәнекерлеу лампасын (паяльная лампа) газ немесе бензинмен жанатын жанарғыларды пайдаланған қолайлы. Оттың қызуымен дайындаманың ұясындағы мырыш балқып, қуыс-қуысын қуалай толады.

Егер мырыш дайындаманың ернеуіне шейін толмаса, онда ұзын сапты шымшуырмен қысып алып, бірнеше түйір мырышты әбден толғанша қосу керек. Зергерлердің тілімен айтсақ, «еселеп» отыру керек. Тағы бір ескертетін нәрсе, дене қызғанда көлемін үлкейтетін қасиеті болатынын физикадан білеміз.







Сондықтан балқыған мырыш салқындағанда ыстық кезіндегісіне қарағанда деңгейі төмен түседі. Оны шеберлер «шөгу» деп атайды. Сондықтан металдың шөгетін деңгейін алдын ала ескере жұмыс істеген жөн. Тәжірибелі шеберлер металға мүсәтір сеуіп, қыздырыңқырап алып, мырыш сымды бір ұшынан шымшуырмамен қыса ұстап тұрып, екінші ұшын дайындаманың ұясына тигізе ұстап, толтыра береді. Дайындаманың ұясы толған соң қыздыруды тоқтатып, мырыштың беті қаймақтана бастағанда үстіне және бір шымшым мүсәтір сеуіп жіберсе, мырыш тегістеле жылтырап қайта балқып, дайындаманың қуыс-қуысын қуалай біркелкі толады. Сол қалпында қозғамай суытып, әбден суыған соң таза суға малып, мәстемірден ажыратып, 5% тұз қышқылының ерітіндісіне 1-2 минут салып қояды. Сонда металл қағынан тазарады. Содан соң тұзды суға малып, қыл щеткамен, киізбен, жүн, матамен ысқылап тазартып, кептіріп қойса болғаны.

Егер дайындама өте жұқа металдан жасалса (алтын, күміс), онда мырыш қорығанша сыртқы жұқа металл да балқып, ағып түсуі мүмкін. Сондықтан өте жұқа металды сазбалшықты илеп соған батырып, астына қаңылтыр төсеп барып мәстемірге қыстырып қыздырады. Дайындаманы балшыққа батыруды зергерлер «балшыққа бөлеу» деп атайды.

Егер шегенің орнына металл ілгек немесе шығыршық бекітілетін болса, оның бір ұшы дайындаманың табанына тірелетіндей етіп, екінші ұшын мәстемірдің үстіңгі саусағына темір немесе нихром сыммен көтере дайындаманың ернеуінен жоғарырақ деңгейде байланады.

Көлемі бірдей бірнеше бүркеншікті шеге әзірлеу үшін алдымен шегенің бүркеншігін қалыптап, тазалап, дайындап алу керек. Содан соң қаңылтырдан ұзындығы дайындалған бүркеншіктер түгел қатарынан сыятындай етіп жолақ қиылады. Қиылған қаңылтыр жолағын қорғасынға төсеп, басы жұмыр балғамен арасын біркелкі етіп бүркеншіктің санына тең ұя жасалады. Сол ұяларға бүркеншік дайындамаларды қуыс жағын жоғары қарата орналастырып, екінші қаңылтыр жолаққа бүркеншіктің орта тұсы дәл келетіндей қашықтықты бүркеншік санына тең тесік тесіледі. Тесіктің көзі шегенің ұшы ғана сыятындай мөлшерде тесіледі де, шегенің ұшын сол тесіктерге қадап, бүркеншіктердің арасына қыстыра орналастырып, екі-үш жерінен жайлап нихром сымымен орап қояды. Содан соң бүркеншіктердің қуыс ұясына мүсәтір сеуіп, мырыш толтырып, жанарғымен жайлап қыздырып, бірнеше шегені бірден әзірлеп алуға болады.





Жону. Арнаулы жонғылардың көмегімен металға түрлі сызық-сызық оймыштап өрнек салуды жону деп атайды. Жону зергерлік өнерінің күрделі түрі. Жонуга мыс, жез, қола тәрізді металдар қолайлы болады. Алдымен жонылатын металдың бетіне қажетті өрнекті түсіріп алу керек. Ол үшін металл бетіне шамалы желім қосылған ақ гуаш немесе суға езіліп желім қосылған бор жағып кептіреді. Оларды жағар алдында ұсақ науысқымен ысып, металл бетін сәл шұбарлап алады.

Содан соң өрнекті жұқа қағазға түсіріп, көшірме қағаздың көмегімен металдың өңделетін (жонылатын) бетіне қотарады. Металл бетіне түскен өрнек жұмыс үстінде өшіп қалмау үшін жұқалап нитролак жағып қою керек. Содан соң дайындаманы көлемі өзінен сәл үлкен ағаш тұғырға желімдеп немесе ерітілген смола (шайыр) жағып, шегелеп те бекітуге болады.

Жонылатын дайындаманың астына қайыстан немесе былғарыдан тігіліп, ішіне құм толтырылған жастықша қойылады. Жұмыс кезінде жоңғының сабын алақанға тіреп ұстап, оң қолдың бас бармағын металл бетіне тіреп, сұқ саусақпен жанғыны қажет бағдарға бағыттап, әрі әртүрлі бұрышта ұстап отыру керек.

Сол қолмен өңделетін металды оң қолдағы жонғыштың ұшына жылжытып беріп отырады.

Металл жонғанда бірден терең алуға ұмтылмаған дұрыс. Тәжірибесі аз зергерлер терең батырып жібереді де, ол қақалып әрі қарай жүрмей қояды. Шеберлер осы құбылысты «қарпыту» деп атайды.

Сондықтан жонғыны қарпытпай салып, жұқалап жону керек. Жонғыны дұрыс қайрай білудің маңызы зор. Дұрыс қайралмаған жонғы металл бетінен тайып кетіп, сол қолды жарақаттайды. Металл неғұрлым жұмсақ болса, жонғының ұшы соғұрлым көлбеу қайралады. Жону әдісімен әр түрлі түзу сызық, ирек, ойық т.с.с. жұмыстарды атқаруға болады. Әріп жазуға, түрлі қалыптарды әзірлеуге де жону тәсілін қолданады. Кейде жону әдісімен қоса әр түрлі нақыш салғыштарды қолданып, нақыштауға болады. Болаты жонуга асыл жонғыларды пайдаланады. Оны ағашқа саптамай жонатын ұшына қарсы жағына жеңіл балғамен ұрып отырып жонады. Бұл жағдайда жонылатын металл атауызға қыстырылады. Жонғыны сол қолмен, балғаны оң қолмен ұстап жұмыс істеу керек.

Ию. Металмен жұмыс істеген кезде сымды әртүрлі кейіпте июге тура келеді. Бәрі біркелкі шығыршық ию үшін иілетін сымды



жасытып алу керек. Одан кейін қажет жуандықта жұмыр темір алып, сымның бір ұшын жапсыра қабаттап атауызға мықтап бекітеді. Әрі қарай сымды жұмыр темірдің бойын қуалай шиыршықтай орау керек. Орап болған соң сымның екінші ұшын жұмыр темірге орап бекітіп, темір кесетін арамен жұмыр темірдің өн бойын қуалай сыртындағы сымды көлденең кесіп шықса, көлемі біркелкі көптеген шиыршық жасап алуға болады. Сол сияқты сымды үш қырлы, төрт қырлы, ромб, овал, т.с.с. темірге орап қажетті кейіпке келтіруге болады. Ал спираль тәрізді ию үшін темірге орап, суырып алып, орамын жаза созу керек. Жіңішке сымды ширата июге құстұмсық қысқаш қолданылады. Іші қуыс түтікті дұрыс ию үшін түтіктің ішіне майда, еленген құмды тығыздап толтырып, екі ұшын тығындап, иетін тұсын отқа қыздырып исе, ол деформацияға ұшырамайды. Ішіндегі құм илетін тұсының жапырыла жабысып қалмауына септігін тигізеді де, жұмыр түтік бастапқы қалпын сақтайды.

Лобзикпен қию. Металды лобзикпен қию, ою (кесу) үшін оның астына екі ұшы айыр ағаш төсеніш төселеді. Ол верстакка арнаулы қысқыштың көмегімен бекітіледі. Ойылатын тұсынан лобзиктің тұсы еркін өтетіндей тесік тесіледі де, сол тесіктен лобзик жүзін өткізіп алып, оны садақшаға бекітіп, ерсілі-қарсылы қозғау арқылы жұмыс істеу керек. Лобзик оң қолға, ойылатын металл сол қолдың сұқ саусағы бас бармағымен баса ұстап, қажетті бағытқа бұрып отыру керек. Лобзикпен өте жұқа металды кесу қажет болған жағдайда екі ағаш тақтайдың арасына қысып қойып бәрін бірге кеседі.

Бедерлеме (бедерлеу). Металл бетіне әр түрлі нақыш салғыштардың көмегімен бедрлі өрнек, бедерлі бейне түсіру тәсілін бедерлеме деп атайды. Бұл әдістің металды көркемдеп өңдеуге мүмкіндігі мол. Батырған сызық түрінде өрнек бейне түсіріп қана қоймай, металды бедерлей қобылауға, тіпті мүсін жасауға болады.

Бедерлеуге қолайлы металдар: мыс, алюминий, жез болып табылады.

Қымбат бағалы алтын, күміс тәрізді металдар бедерлеуге өте қолайлы. Кейде мельхиор, нейзильбер тотықпайтын болат, шатырға жабатын қаңылтыр да бедерлеу өнерінде қолданылады. Бедерлеу өнерін жаңа бастап, үйренушілерге жұқа алюминий, мыс, өте ыңғайлы.

Үйреншікті жұмысына қалыңдығы 0,5 мм-ге дейінгі қаңылтыр





таңдап алған жөн. Осы аталған металдың барлығын бедерлеу жұмысын бастамай тұрып жасытып алу керек.


Бедерлеуді алғашқы кезде өте күрделі емес, қарапайым өрнек немесе суреттен бастаған дұрыс. Ол үшін жасыған дайындаманың бетіне алдын ала өрнек сызылған жұқа қағазды желімдеп, өрнектің сызығын жағалай үшкір қадаубаспен жиірек етіп, ноқат сала ұрып шығу керек. Қадаубастың ұшын металға көрінер, көрінбестей батыра ұру керек. Өйткені соңында қадаубастың ұшына түсірген терең дақты жою қиынға түседі. Содан соң қағазды металл бетінен ажыратып, дайындаманы жұмсақ резина төсеніштің үстіне салып, екі-үш жерінен ысқымен (струбцина) қысып бекітеді.

Әрі қарай дайындама бетіндегі ноқаттардың бойын қуалай өсімдік майын немесе техникалық май жағып шығу керек. Майланған металдың бетіне батырғының жүзі тұтылмай жеңіл жылжиды.

Содан соң батырғы мен ноқат дақтардың бойын қуалай, батыра су жүргізіп шығуға болады. Егер металл 0,3 мм-ден қалың болса, ұзын сапты батырғының сабын иыққа тіреп, қос қолмен жұмыс істеген абзал. Енді ұшында түрлі өрнек бедері бар нақыш салғышпен өрнектің өрісін толтыра әрі деңгейін төмен батырып ұрып шығуға болады. Ол үшін металды көлденең кесілген ағаш дөңбектің үстіне төсеп қою керек. Металл дайындаманы отқа қыздырып, жасытып алған дұрыс. Жасыған металды беті тегіс жалпақ темірдің үстіне төсеп, ағаш балғамен қабысқан жерлерін жалап ұрып, тегістеп алу керек. Содан соң, жалпақ темірдің бетіне төсеп, дайындаманы бірнеше жерінен темірге қысып бекітіп, өрісін батыра ұрып, жиектерге су жүргізуді пысықтап қойса, бедері айқындала көтеріледі, өрісі біркелкі төмендейді. Өрнектің бедерін көтере созу қажет болса дайындама еркін сыятындай металл ыдысқа шайыр (смола, гудрон) қайнатып, үштен бір бөлігіндей мөлшерде күл, құм немесе құрғақ топырақ қосып араластырып суытып қояды.

Суыған шайырдың беткі қабатын газ немесе бензинмен жұмыс істейтін жанарғымен сәл қыздырып, металл дайындаманы соның бетіне арасына ауа қалмайтындай етіп, жапсыра төсеу керек. Суыған соң нақыш салғыштармен өрнекті көтере, өрісін баса ұрып, бедерін айқындай түсуге әр металды қобылай созуға болады. Осы әдіспен дайындаманы аударып-төңкеріп тыс жағынан да, астар жағынан да ұрып жұмыс істеу қолайлы.

Осындай тәсілмен металды шар тәрізді созып, шұңғылдап





түрлі ыдыстар, музыка аспаптарын жасауға болады. Мұнда бір ескертетін жай, неғұрлым шұңғыл немесе дөңес бұйым жасау үшін металл дайындаманы да соғұрлым қалыңдау етіп алған жөн.

Тәжірибелі шеберлер металл бетіне өрнек түсіру үшін (су жүргізу) тұртпенің ұшын жұмырлау етіп қайрап алып, алдын ала металл бетіне сызылған өрнектің бойын қуалай бірден тұртпемен батыра ұрып жұмыс істей береді.

Бедерлеме жұмысында дайындаманың астына төсеуге резина, ағаш, қорғасын, ішіне тығыздап құм толтырылған тері немесе мықты кенептен тігілген қапшықты да пайдалануға болады. Сол сияқты болат нақыш салғыштармен қатар, мүйіз немесе қатты ағаштан жасалған нақыш салғыштарды да қолданады. Көлемі үлкен жұмыстарды қобылау үшін бірден қатты ағаштан жасалған балғамен ұрып жұмыс істей береді.

Жұмыс барысында металды созып, дөңестеу немесе шұңғылдау кезінде өте абай болу керек. Металл жарылып кетпеуі үшін дайындаманы оқтын-оқтын жасытып тұру керек.

Бедерлеме жұмысын өрнек өрісін толтыру үшін ұшында әртүрлі бедерлі өрнектері бар нақыш салғыштарды қолданып, түрлендіре түсуге болады. Өрісі бірдей біркелкі тегіс, жатық болса, бірде мәнерлей өрнектеп, әртүрлі айшық, жұлдызша, балықкөз, жыланкөз, құс таңдай өрнектер салынады. Кейбір бұйымдарды жасағанда өрнектің өрісін мүлдем қиып түсіретін де тәсіл бар. Ол үшін су жүргізілген өрнекті, ұшы шапқы сияқты, арнаулы нақыш салғыштарды пайдаланады. Өрнек әдемі түсу үшін су жүргізгенде екі қатар етіп жүргізеді. Кейде өрнек өрісін безеуішпен безеп те толтыруға болады, немесе өрісін қиып түсіріп оның астына түсті мата, былғары тері т.б. шикізаттармен астарлап, өрнектің реңін аша түседі.

Бедерлеме өнерінде әртүрлі металды астастыра қолдануға бедерлеумен қатар жону, бүршіктеу, лажылау, бағдарлау т.с.с. әдісті қатар қолдануға болады. Бұл әдіспен жасалған бұйымдарға өрілген тері, былғары, оймышталған ағаш, әртүрлі мата, мүйіз, сүйек сияқты шикізаттарды қосып әшекейлесе тіпті құлпырып кетеді.

Кейде бедерленген бұйымдарға түрлі шыншыр шығыршықтан үзбе жасап, сәндеуге де болады.





Металдан шынжыр жасаудың әдіс-тәсілдері

Көптеген зергерлік бұйымдарына үзбелеп салпыншақтар бекітіп, нәзік шынжырлармен шашақтау – қазақ зергерлерінің ертеден қолданып келе жатқан тәсілдері.

Металдан шынжыр әзірлеу үшін алдымен қажетті диаметрде сым суырып, әрі қарай жұмыс істеуге жеңіл болу үшін сымды жасытып бүктеу, орау әлдеқайда жеңіл болады.

Әр түрлі металл сымнан дәнекерлемей шынжыр дайындау әдістері

Шідер үлгісімен шынжыр әзірлеу

Қажетті жуандықта іріктеліп алынған сымды күстүмсық қысқышпен екі ұшын тұйық шеңбер түрінде иіп, ортасын қажетті ұзындықта екі қабаттай бүктеп, сымның ұзын ұшын осы екі қабат сым толғанша спираль тәрізді етіп орап шығу керек. Содан соң тістеуікпен сымның артығын қиып алып, дәл осы тәсілмен шынжырдың келесі үзбесін бастапқының тұйық шығыршық басының біреуінен өткізіп алып, жұмысты жалғай беруге болады.


Осы жолмен үшінші, төртінші т.с.с. ұзындыққа шейін үзбелерін біріне-бірін жалғап, өте әдемі шынжыр әзірлеуге болады. Осы әдіспен әзірленген шынжырды зергерлер «шідер» деп атайды. Ол өте берік болады. Кейде шынжыр өте берік болуы үшін үзбелерін қосатын шығыршықтарын да екі қабаттап орауға болады. Шынжыр өте әдемі болу үшін үзбелерін біркелкі ұзындықта жасау керек.

«Сырма» үлгісімен шынжыр әзірлеу

Қажетті жуандықта іріктеліп алынған сымды жасытып, шынжыр үзбелерінің ұзындығын біркелкі етіп қиып алу керек.

Сымның ұзындығын біркелкі етіп қиюдың жөні мынадай: алдымен қажетті көлемде шынжырдың бір үзбесінің үлгісін жасап алған жөн. Ол үшін сымды доғал тәрізді иіп, екі ұшын сырғаның ілгегіне ұқсатып, шығыршықтай ию керек. Осы үлгінің сырға деп аталуы сондықтан.

Содан соң осы үлгіні жасытып, жазып, жазылған сымды бір орауға келетіндей жуандықта жуан темір таңдап алу керек. Әрі қарай осы темірді шынжыр әзірленетін сымның ұшымен бірге атауызға қысып бекітеді.



Енді сымды біркелкі етіп, жұмыр темірге арасына жік қалдырмай орап шығу керек.

Сымның орауын жазбай жұмыр темірден суырып алып, бір шетінен орамды қайшымен қиып шықса, диаметрі біркелкі бірнеше шығыршық шығады. Әрі қарай осы шиыршықтардың екі ұшын тұйықтап иіп, сол иілген ұштарының арасынан шынжырдың келесі үзбесін өткізіп алып, оның да ұштарын алғашқы үзбенікіндей етіп тұжыра иеді.

Осы жолмен қажетті ұзындыққа дейін үзбелерді бір-біріне тізіп, жұмысты жалғай беруге болады.

«Сырға» үлгісімен әзірленген шынжыр әдемі болғанымен, онша берік болмайды. Оны берік етіп жасау үшін әр үзбенің келесі үзбе өтетін шығыршықты ұштарын дәнекерлеу керек.

Дәнекерленбей әзірленген шынжырды көп салмақ түспейтін жағдайда ғана қолдануға болады.

Дәнекерлемей, шығыршықтарды бір-біріне кигізу арқылы шынжыр жасау әдісі

Қажетті жуандықтағы сымды жасытып алып, жұмыр темір білікке біркелкі етіп, қатарлай орап шығу керек. Содан соң сымды орамын жазбай біліктен суырып алып, екі немесе үш орамнан қиып шығу керек. Әрі қарай екі-үш қатарлы шығыршықты біріне-бірін кигізе жалғай беруге болады. Бұл әдіспен әзірленген шынжыр да айтарлықтай берік болмайды.

«Шығыршық» үлгісімен шынжыр жасау жолдары


Сымды жасытып, жұмыр темір білікке орау керек. Содан соң сымның орамын жазбай біліктен суырып алып, орамның бір шетінен бастап қиып, біркелкі шығыршықтар әзірлеп алуға болады. Әрі қарай осы шығыршықтарды бір-біріне кигізе жалғап, жапсарларын дәнекерлесе, шынжыр әзір болады. Бұл шынжырдың әр үзбесі дөңгелек шығыршық тәрізді болады. Егер үзбесін сопақтау етіп соғу керек болса, онда әр шығыршықтың көзін құстұмсық қышқашпен керіп, дөңгелек шығыршықтарды созып, овал тәріздендіруге болады.

«Бұрама» (кейде тұсау деп те айтады)


үлгісімен шынжыр жасау

Көзі кеңірек, бәрі біркелкі шығыршықтар әзірлеп, оларды біріне-бірін тигізіп, дәнекерлеу керек. Содан соң әр үзбені құстұмсық қысқашпен керіп, сопақша кейіпке келтіреді.

Әрі қарай үзбенің екі тұйық үшін жұмыр екі қадаубастың ұшымен кере, бір-біріне қарама-қарсы бағытта бұраса, үзбе айқасып ширатылады.









Шығыршық үзбенің ортасы ширатылады да, қадаубасқа кигізілген екі ұшы тұйықтала кішкене шығыршық тәрізденіп қалады. Осылай барлық үзбелерін біркелкі бұрап ширатып шықса, шынжыр әзір болады.

Үзбелері ат тұсайтын тұсауға ұқсағандықтан зергерлер шынжырдың бұл үлгісін «тұсау» деп атап кеткен. Мұндай шынжыр өте берік болады.

«Шұбыртпа» үлгісімен шынжыр жасау

Көздері кең, біркелкі металл шығыршықтар әзірлеп алып, әр шығыршықты жеке-жеке дәнекерлеп шығу керек. Содан соң, әр үзбені құстүмсық қысқашпен керіп, орта тұсын қысып біріктіріп, сол қылта жерінен бүктеу керек. Әрі қарай әр үзбені бір-біріне кигізе шұбыртып жалғай беруге болады. Осы үлгімен әр үзбені қосарлап, бір-бірінен өткізе жалғайды. Ондай шынжыр өте әдемі әрі берік болады.

«Кері толғау» үлгісімен шынжыр жасау


Қажетті жуандықта ұзындықтары біркелкі сым қиып алып, әр үзбенің екі ұшын бір-біріне қарама-қарсы бағытта латынның S әрпіне ұқсата иіп шығу керек. Содан соң әр үзбені бір-біріне кигізе жалғап, жапсарларын дәнекерлеу керек. Сонда әр үзбе 8 санына ұқсайды. Кері толғау аталу себебі үзбенің әр ұшы бір-біріне қайшы, қарсы иілетіндіктен.

Қазақ зергерлері қолданған шынжыр әзірлеудің негізгілері осылар болып табылады. Бұлардан бөтен шынжыр әзірлеудің көптеген әдістері бар. Біз осы негізгілерімен шектеліп отырмыз.

Болат бұйымды түсті металмен оймыштап әшекейлеу

Алдымен болат бұйымды жасытып алып, жонғы, шапқы сияқты құралдардың көмегімен түсті металл кірігетін тұсын сол металдың қалыңдығындай етіп ойып, қырып, жонып шығу керек. Ойылған жерінің жиектерін тұртпемен ішіне қарай кеулей қобылап, металл түсетін түбі кішкене шапқымен шұбарланады. Ол үшін шапқымен бір-біріне параллель жылғалар шауып, екінші рет көлденең шабу керек. Қажеті болса, тор көзді жиілетіп үшінші рет шауып шығуға да болады. Сонда шұбарланған жерде көптеген үшкір қылау пайда болады.

Үйреншік үшін болатқа алюминий, жез, мыс қаңылтырды оймыштап жалатқан жөн. Аталған металдың біреуін алдын ала жасытып, болат бұйымның ойылып, шұбарланған бетіне төсеп, үстінен





шұбар балғамен таптай ұрып шығу керек. Сонда болат бұйымның қылау кірігетін металға қадалып, балғаның соққысынан ұштары кері қайырылып, кірігетін металл бұйымның бойына тарта қысып қалады.

Әрі қарай оймышталған металдың бетін майда қышырлы егеумен егеп, науысқымен, киізбен ысып жылтыратуға болады. Ең соңында бұйымды қарайғанша қыздырып, майға батырып қарайту керек. Суыған соң жұмсақ матамен майын құргата сүртіп алып, оймышталған металдың бетін алдымен ағаш көмірмен, содан соң былғарының астар жағымен ысып әрлеуге болады.

Болат бұйымға түсті металды «қақтап» жалату

Болат бұйымды жасытып шапқы балғамен түсті металл қақталатын қапталын үш дүркін ерсілі-қарсылы шауып, шұбарлап шығу керек.

Содан соң жалататын жұқа металды болаттың шұбарланған бетіне төсеп, шұбар балғамен біркелкі таптай ұрып шықса, ол болат бетіне жабысып, берік кірігіп қалады. Соңынан егеп, ысып, жылтыратып, қарайту керек.

Болат бұйымның бетіне қақталып, жалатылған түсті металды тұртпемен, безеуішпен, нақыш салғыштармен қосымша өрнектеп, әшекейлеп қоюға болады.


Болат бұйымға «қарала» немесе

«жалған қара» әдісімен түсті металл жалату

Қазақ зергерлері ертеден қолданып келе жатқан бұл әдіс көбінесе болатқа күміс сым жалату арқылы жасалады. Сонда қарайтылған металл бұйымның бетіне күміс сым әдемі жіңішке өрнек күйінде аппақ болып түседі. Осы әдісті «ала», «қарала», «жалған қара» деп атайды. Ала, қарала деп аталатыны өрнектің өрісі қара болып, оған жалатқан күміс ақ, өрнек күйінде түскендіктен. Ал «жалған қара» деп аталу себебі, күмісті үнемдеу мақсатымен жіңішке күміс сымды болат бетіне өрнектей қақтағандықтан.

«Нағыз қара», «кавказ қара» немесе «бағдар» деп керісінше сом күмістен соғылған бұйым бетіне «бағдар» деп аталатын арнаулы ұнтақпен ақ күміске қара өрнек түсіруді айтады.

«Жалған қара» әдісімен болат бұйымды әшекейлеу үшін оны жасытып, өрнектелетін қапталын шапқы балғамен шұбарлап шығу керек. Содан соң жіңішке күміс сымды (үйреншік үшін күмістің орнына алюминий сым да жүре береді) жасытып алып, бір ұшынан бастап болаттың шұбарланған бетіне сымды батыра ұрып, сіңіріп өрнектеуге болады. Алғаш үйренушілерге сым-





ды түзу сызық бойымен, содан соң ирек, үшбұрыш, төртбұрыш, шеңбер т.с.с. мәнермен өрнектеп қолды жаттықтырып алған жөн. Қол біраз жаттыққан соң өрнекті бірте-бірте күрделендіре беруге болады.

Болат бетіне иректей өрнектеу үшін зергерлердің ертеден қолданып келе жатқан оңай әдісі бар. Ол үшін жасыған жіңішке сымды инеге орап, спираль тәрізді жиі етіп ширатып, инені орамнан суырып, оралған сымның екі ұшынан ұстап сәл созу керек. Содан соң шұбарланған болаттың бетіне бір ұшынан бастап жеңіл балғамен қақтай ұрса, біркелкі ирек түрінде әдемі өрнек түседі.

Ирек сирегірек болу үшін оралған сымды қаттырақ созу керек. Ертеректе осындай ирек өрнекті болат бетіне қақтап, ұстазы шәкіртінен:

– Мына өрнекті қалай деп атаймыз? – деп сұрапты. Сөйтсе пәтуасыз шәкірт желкесін қасып, біраз ойланып отырып:

– Диірменге астық тасып бара жатқан өгіздің жолдағы түскен кіші дәретінің ізі, – деп жауап берген екен.

Сымды мүйіздей иіп, иректің иініне ұрып толтырып шықса, «шырмауық» деп аталатын әдемі өрнек үлгісі шығады.

Бір ескертетін жай, күміс сымды қақтайтын балғаның жүзі шұбар әрі сәл дөңестеу болғаны жөн. Ал қарсы жағындағы жүзі шапқы тәрізді өткірлене қайралады да, онымен күміс сымның артығын қиып отыруға қолайлы болады.


Бұл әдістің оймыштау әдісінен ерекшелігі, қақталған сым болат бетіне сәл көтеріңкі бедер қалпында түседі.

Жұмыс соңында қақталған металды алдымен майда науысқысымен, содан кейін ағаш көмірмен ең соңынан былғарының астар жағымен ысып, жылтырату керек.

Сонда қарайтылған болат пен ақ күміс әдемі астасып, жарасымды үндестік табады да, қарала өрнек пайда болады. Өрнек пен өрісі біркелкі түссе әдемі болып көрінеді. Егер өрнек сұйықтау болса, онда үстінен балғамен жапырыңқырай ұрып, таптап, күміс сымды жалпайта түсуге болады.

Болат бұйымды «ендірме» әдісімен әшекейлеу

Болат бұйымның бетіне тұртпемен тереңірек өрнек салып, жылғаның түбін жүзі төрт қырлана қайралған асыл қадаубаспен шұбарлап шығу керек. Жуандығы сол жылғаға еркін сыятындай сымды жасытып алып, бір ұшынан бастап жеңіл балғамен жаныштай ұрып, кіріктіре сіңіру керек. Сонда болат бұйымға сым түгел еніп, бетімен бет болып жабысады. Үйреншік үшін алю-



миний, мыс, жез сымды пайдаланған жөн. Соңынан бұйымның бетін тегістеп егеп, науысқымен, киізбен ысып жылтыратқан соң, болатты қарайту керек.

Алтынмен аптау

Тілімізде: «*Алтынмен аптап, күміспен күптеп*» деген тұрақты сөз тіркесі бар. Алдымен *аптау* мен *күптеу* сөзінің мағынасын ашып алайық.

Металл бетіне түрлі әдіспен күміс жалатуды зергерлер қысқартып, «күптеу» деп айтады. Шамасы, күмістеу сөзі қысқара келе күптеуге айналған болуы керек. Немесе қабық, қабыршық, қап, қапшық, кебін, кебенек, қабыр, көбе, күбі, күпшек т.с.с. сөздердің түбірі қап, қаб, кеб, күп болып келеді де, олардың барлығы да бір затты қаптау, қоршау, құрсау деген мағынада айтылады. Олай болса, күптеу сөзі күміспен қаптау, қоршау деген ұғымға саяды. Ал аптау сөзін алатын болсақ, қазақ тіліне парсыдан енген «аб» сөзі «су» деген сөз. Мысалы, абдыра, абжылан, абдәсте, мұрап, абажа т.с.с.



Олай болса, металдардың ішінде сынап – сұйық металл. Қазақта «алтынды сынапқа сындыр» деген ұғым бар. Ол алтынды сынапқа сіңдіру болуы керек. Яғни, алтынды сынапқа салса, амальгама пайда болады. Міне, осыны қазақ тілінде «сынық алтын», «су алтын», «сұйық алтын» дейді.

Сынапқа сіңген «сынық алтынды» күміс не мыс бұйымның бетіне жағып, көмірдің қозына қоздырса, сынап буга айналып кетеді де, металдың бетіне алтын жұғып қалады. Алтынмен аптау дегеніміз осы. Яғни металға алтын жалатуды қазақ зергерлері қысқартып аптау дейді.

Көркем әдебиеттерде кейде «алтынның буына үсталған бұйым» деген сөздер кездеседі. Шын мәнінде алтын буланбайды, сынап қана буланып ұшып кетеді. Бір орында пайыз тауып отыра алмайтын дегбірсіз адамды «сынапша сырғиды» дейді.

Алтынмен аптағанда өте абай болған жөн. Сынаптың буы өте улы болады. Сондықтан бұл жұмысты арнаулы ауа сорғыш қондырғының астында атқарған жөн болады. Немесе ашық ауада көріктің жел жағына тұрып, бетке үш-төрт қабат дәкеден жасалған тұмалдырық байлап, сабы ұзын қысқашпен жұмыс істеу керек. Көріктің ық жағында адам, мал болмауын қадағалау керек.

Кейде бұйымның бетін түгел аптамай, белгілі жерлеріне ғана





жұқалап алтын жалататын жайлар болады. Ол үшін бұйымның апталмайтын жеріне «шіркеу» жағу керек.

Шіркеу дегеніміз — 1 өлшем қарағай шайыры, 2 өлшем балауыз, 3 өлшем өсімдік майын қосып қайнатылған қоспа. Шіркеу жағылған жерге алтын жұқпайды.

Тіліміздегі «бетіңе шіркеу түсірме» деген сөз тіркесі осыдан шыққан. Ол — ар-ұятыңа кір келтірме, абыройыңды сақта деген мағынада айтылады.

Ал шіркеу сөзінің байыбына баратын болсақ, оның төркіні, яғни этимологиясы былай болу керек, «бойына шыр жұқпаған» деп кедей адам туралы немесе өте арық қатпа адамдарды айтады. Шыр, сірі сөзі төркіндес сөздер. Ұзақ уақыт жуылмай киген киімнің тізесі, шынтағы майлана жылтырап сірі болып кетеді.

Сонымен шыр, шір түбірі май сөзімен сабақтас жатыр, әрі жоғарыда аталған шіркеу атты қоспаның құрамында да май болады. Сондықтан шіркеу жағылған металдың бетіне алтын жұқпайды.

Алтыннан сом күмістен соғылған бұйымдарды немесе күмісті қақтап жалатқан бұйымдарды да аптауға болады. Апталған бұйымның бетін түртпемен, безеуішпен, нақыш салғыштармен өрнектеп қойса, жарасып тұрады.


Сол сияқты күміспен күптелген бұйымдарға да күмістің үстің бастыра өрнек салуға ширатпа, бүршік дәнекерлеуге, байдар, лажы жалатуға түрлі тастардан көз орнатуға да, қалыптасу әдісін қатар қолдануға да болады.

Ширатпа (скань)

Металл сымды (мыс, жез, мельхиор, нейзильбер, алтын, күміс) сүмсуірден өткізіп, жасытып, содан соң ширатқымен екі қабаттап ширату керек. Сым неғұрлым тығыз ширатылса, одан жасалған бұйым әдемі болады. Қатты, тығыз ширатылған сымды «ширақ» деп атайды. Оны әртүрлі мәнерде гүлдеп, өрнектеп, иіп, металл бұйымның бетіне дәнекерлеуді «ширатпа» деп атайды.

Зергерлер бұл әдісті қолданғанда жұмыр сым мен төрт қырлы сымды, жуан сым мен жіңішке сымды қатар дәнекерлейді. Немесе сымды ерсілі-қарсылы ширатып, екеуін қатар дәнекерлесе, «күс таңдай» атты өрнек пайда болады. Ал сымды ерсілі-қарсылы ширатуды кейде итіс-тартыс деп те атайды.

Ширатылған сымды бұйымның бетіне дәнекерлер алдында майынан арылтып, ағартып алу керек. Содан соң өрнектей иіп, иректеп, шымшуырмен ұстап, бұйымның бетіне жүйелі түрде ор-





наластырады. Әрі қарай ұнтақ кепсерге қуырылған ақ дәнекер қосып, сымның үстіне жұқалап себу керек. Кепсерді ұнтақтау үшін ағаштан істеген шеге қысып, астына таза қағаз төсеп, ұсталмаған егеумен егейді.

Қағазға жиналған кепсер (дәнекер) үгіндісін магнитпен таза-лап алу керек. Өйткені, егеудің қылауы үгіндіге араласып кетсе, дәнекерленгенде іске нұқсан келтіреді.

Содан соң кепсер ұнтағын фарфор ыдысқа салып, үстіне су құйып, бірнеше дүркін шайқау керек. Сонда кепсер қоқым, ағаш үгіндісі т.с.с. бөгде заттардан тазарады. Егеудің қышыры іскенжеге тиіп кетсе, ағаш үгіндісі кепсерге араласып кетуі ықтимал.

Содан соң ұнтақ кепсерді металл қалбырға салып, жылы жерге қойып кептіру керек.

Ақ дәнекерді қуырып алып, кепсерге қосады. Қуырылмаған ақ дәнекер қызған кезде ісініп көтеріледі де, бұйым шетіндегі ширатылған сымды орнынан жылжытып, жіберуі мүмкін.

Оны қуыру үшін қаңылтыр қауашаққа салып, отқа қыздырып, қоймалжың тартып, сұрғылт түске енгенде қуыруды доғарып, суыту керек. Суыған соң темір келіге салып түйіп, ұнтақтап, әйнек ыдыста сақтауға болады.

Бір өлшем ақ дәнекерге екі өлшем ұнтақ кепсер (дәнекер) қосып, жақсылап араластырып, бұйымның бетіне біркелкі етіп себу керек.


Содан соң көріктің оттығына салып қыздырса, дәнекер біркелкі балқып, бұйым бетін шайып шығады. Сол кезде оттан шығарып алса, ширатылған сым берік дәнекерленеді.

Содан соң бұйымды ағартып, киізбен және матамен ысып жылтыратады. Қажет болса, түрлі тастан көз қондыруға да болады. Ол үшін көз орнайтын қоршауды ширатқан сыммен бірге дәнекерлеу керек.

Бүршіктеу (зерно)

Зергерлер металл бұйымға бытыра тәрізді ұсақ жұмыр металл бүршіктерді белгілі жүйемен дәнекерлеу арқылы өте әдемі сәндік мүліктер жасайды. Осы тәсілді бүршіктеу деп атайды.

Ол үшін алдымен бүршіктерді әзірлеп алу керек. Бүршік әзірлеудің бірнеше жолы бар. Оқбақырға бүршік әзірленетін металды қорытып, қорытпаны қаңылтыр ыдыстың ішіне лықсыта шашып жіберсе, шашыраған металл бытырап, қатқан кезде ұсақ, домалақ бүршік кейпіне келеді. Суыған соң бүршіктердің көлемі біркелкілерін іріктеп, жеке-жеке шыны құтыға салып жинау керек.



Бұл әдістің қолайсыз жері, бүршіктердің үлкендігін көз мөлшермен ғана анықтап, іріктеуге болады.

Бүршік әзірлеудің екінші әдісі – сымды біркелкі етіп қиып алып, шымшуырман ұстап, әрқайсысын ағаш көмірдің үстіне жеке-жеке орналастырып, газ немесе бензинмен жанатын жанарғымен қыздырса, сым балқып, жұмсақ жұмыр түйіршікке айналады.

Суыған соң шымшуырман теріп, әйнек ыдысқа салып сақтау керек.

Бұл әдіспен бүршік әзірлеуге көп уақыт кеткенімен, бүршіктер біркелкі болып шығады. Бүршікті бұйым бетіне дәнекерлер алдында бүршік түсер орынға желім жағу керек. Дәнекерлеген кезде оттың қызуымен желім күйіп кетеді де, дәнекердің сапасына нұқсан келтірмейді. Бүршіктеу әдісі мен ширатпа әдісін қатар қолдануға да болады. Ондай бұйым өте әдемі болады. Әсіресе ширатылған сымның иіріліп, мүйіз тәрізденіп бітетін тұсына бүршік дәнекерленсе, жұмыс тыңғылықты болады.

Осы әдісті зергерлер «түпсыру» деп атайды.

Жалған бүршік

Металл бұйымның нақыш салғыштың көмегімен бүршік тәрізді өрнек түсіруді (имитация) «жалған бүршік» деп атайды.

Ұзындығы 8-10см, жуандығы 8-10мм болат шыбықты жасытып алып, бір ұшына ұшы жұмыр қадаубаспен ұя салу керек. Ұларды үшбұрыш, төртбұрыш, ромб, т.с.с. тәртіппен орналастырады. Содан соң сугарып, металл бұйымның бетіне ұрса, ұшындағы ұялардың таңбасы металға батып, олар бедерленіп, бүршік тәрізді болып көрінеді.

Панжаралау

Ширатылған сымды түрлі гүл, өрнек пішініне келтіре иіп, оны мөлдір қағаздың бетіне желімдеп, үстіне ұндық кепсер мен ақдәнекер сеуіп дәнекерлесе, сымның бөлшектері бір-біріне берік дәнекерленеді. Астындағы қағаз жанып кетеді.

Дәнекерлер алдында қағазды қыш, кірпіш, асбест сияқты отқа төзімді заттың үстіне төсеу керек. Осындай тәсілді «панжара» деп атайды.

Панжара әдісінің ерекшелігі – оны металл негізге дәнекерлемей-ақ дербес бұйым әзірлеуге болады. Ондай бұйым шілтер тәрізді керегекөз болады. Бұл әдісте бүршіктеу әдісін қосып қолданса тіпті тамаша. Панжара әдісімен жүзік, сырға, т.б. бұйымдар жасалады. Ондай бұйым әрі жеңіл, әрі әсем болады. Дәнекерлеп болған соң қорғасынға төсеп қобылауға болады.





Металл бұйымды қышқылмен оймыштау

Майынан арылтып, ағартылған металдың бетіне біркелкі етіп шіркеу жағып шығу керек. Содан соң сызғышпен немесе тұртпемен бұйымды өрнектеп шығады. Сонда металл бетіндегі өрнек түскен жері шіркеуден аршылады, жалаңаштанады. Әрі қарай бұйымды қышқылға батырса, біраз уақыт өткенде қышқыл металдың өрнек салынған жерлерін ойып жібереді.

Сол ойықтарды шұбарлап, басқа түсті металдармен оймыштауға болады.

Күміс бұйымды азот қышқылына, ал алтынды бір өлшем азот қышқылы мен екі өлшем тұз қышқылының қоспасына, мысты, жезді тұз қышқылына батыру керек.

Түсті металды тотықтыру тәсілдері

Түсті металдар ауадағы әр алуан химиялық қосылыстардың әсерінен білінбеуі үшін әр түрлі әдістермен тотықтырады. Тотықтыру, біріншіден, металды сыртқы атмосфералық ауытқулардан (ыстық, суық, ылғал, т.б.) қорғаса, екіншіден, металл бұйымға әдемі рең беріп ажарлайды.

Түсті металдарды тотықтырудың бірнеше жолы бар. Тотықтыру арқылы металға әртүрлі рең беруге болады.


Бұл жұмысты бастамастан бұрын қауіпсіздік шараларын ойластырған жөн. Әртүрлі химикаттар мен қышқылдарды тығыны тығыз жабылатын арнаулы әйнек ыдыстарда сақтап, оттан, тағамнан аулақ жерде сақтау керек. Ал күкіртті басқа химикаттардан бөлек қойған дұрыс. Өйткені күкірт буы басқа химикаттармен реакцияға түсіп, жарылыс тууы мүмкін. Химикаттармен жұмыс істегенде қолға жұқа резина қолғап киіп, көзге көзілдірік тағып алу керек. Жұмыс соңынан қолды жылы сумен сабындап, мұқият жуған жөн.

Әртүрлі қышқылдардың ерітіндісін түзу үшін фарфор немесе пластмасса ыдыстарды пайдаланған жөн.

Су мен қышқылды қосқанда тек суға қышқылды құю керек. Керісінше істеуге болмайды.

Жұмысты ашық ауада (жаз күндері) күн салқын кезде арнаулы ауа соратын қондырғысы бар тұрқылық астында істеген дұрыс. Денеге жазатайым қышқыл тамса, дереу таза сумен жуып, ас содасының ерітіндісін жағу керек.

Кез келген металды толықтырар алдында тазартып, майынан арылтып, ағартып алу шарт.



Тазалау. Металл бұйымның бетіне жұққан шайыр, металл тотығы тағы басқа бөгде заттарды егеп, қырнап, науысқымен немесе арнайы металл щеткалармен ысып, тазартып алған жөн. Артығынан тазарту үшін металды сәл қыздырып, кез-келген қышқылдың 10%-тік ерітіндісіне ыстық күйінде батырып алуға да болады. Соңынан таза, жылы суға салып жуу керек. Кейде металды тазарту үшін тіс шаятын ұнтақ, соданы да пайдалануға да болады.

Майынан арылту. Металл бетіне адамның қолынан жұққан май тотықтыруға залалын тигізеді. Сондықтан металл бұйымды жұққан майдан арылту үшін жұмсақ матадан (дәке) былғауыш жасап, оны спиртке, бензинге, ацетонға батырып, бұйымды мұқият ысқылап, соңынан таза матамен сүртіп алу керек.

Ағарту. Майынан арылған металл бұйымды жылы сумен жуып, кептіріп алған соң, оны арнаулы ерітіндіге салып ағартады. Ондай ерітінді әзірлеу үшін азот, тұз, күкірт қышқылының кез келгенін суға езу керек. Қышқылдың суға қосатын мөлшері 10-15% болуы керек.

Осындай ерітіндіге металл бұйымды 4-5 минут батырып қойып, шымшуырмен ерітіндіден шығарып алып, таза сумен жуып кептіреді.


Жезді қоңыр, қара сұр түске тотықтыру

Бір литр суға 60 грамм натрий тиосульфатын (оны гипосульфит фотофиксаж деп те атайды) қосып ерітінді әзірленеді. Оған 5 грамм мөлшерінде азот, күкірт немесе тұз қышқылының кез келгенін қосып ағаш таяқшамен араластырса, реакция пайда болады да, күкіртті газ бөлінеді. Ерітінді сүт қатқан шайдың түсіндей болып шығады. Оған жез бұйымды бірнеше секунд батырып, қысқашпен немесе шымшуырмен ерітіндіден шығарып қарау керек.

Егер бұйымның түсі қоңырланып, көңілдегідей болса, оны таза сумен жуып кептіру керек.

Осындай ерітіндіде жезді тотықтыру үшін жарты сағат уақыт жетеді. Одан асқан соң, оның металды тотықтыратын қасиеті әлсіреп, жойыла бастайды.

Гипосульфиттің қышқыл қосылмаған ерітіндісін шыны ыдыста ұзақ уақыт сақтауға болады. Егер жоғарыда аталатын қышқыл қолда болмаса, гипосульфит ерітіндісіне 1 ас қасық сірке суын қосып та жезді тотықтыруға болады. Бірақ мұндай ерітіндіде жез бұйымды жарты сағаттай уақыт ұстауға тура келеді. Содан соң





бұйымды жылы сумен жуып кептіріп алып майласа, ол жылтырап әдемі көрінеді. Майды қалың жағуға болмайды, жұқалап жағып, жұмсақ матамен жылтырата ысып, сүртіп алу керек.

Жезді қоңыр, қара қоңыр түске тотықтыру

Екі өлшем мысты хлор тотығы (хлорокись меди) мен төрт өлшем мүсәтір спиртін бес өлшем суға қосып, ерітінді тұзу керек. Өлшем ретінде қасық немесе кез-келген шыны ыдысты алуға болады. Мысалы, екі қасық мыстың хлор тотығы, төрт қасық мүсәтір спиртін бес қасық суға қосып ерітінді әзірлеуге болады. Сол сияқты өлшем деген ұғымға грамм, литр да жүре береді.

Ерітіндіні ағаш немесе әйнек таяқшамен араластырса, ол қара көк түске енеді. Осы ерітіндіге жез бұйымды біраз уақыт батырып қойса, ол қоңырқай түске енеді. Ал ерітіндіде одан көбірек жатқан металл қоңыр түске әрі қарай қара қоңыр түске айналады.

Металл бұйымды ерітіндіден оқтын-оқтын шығарып қарау керек. Қара қоңыр түске тотыққан кезде шығарып алған дұрыс, ерітіндіде ұзақ ұсталған металл бетіндегі тотық берік болмайды. Қышқыл металдың сыртқы қабатын қатты күйдіріп жібереді де оның тотығы сумен жуған кезде-ақ көшіп кетеді.

Жезді сарғыш қызыл түске тотықтыру

1 литр суға 5 грамм күкіртті калий (калий сульфиті) қосып езу керек. Осы ерітіндідегі ұсталған жез бұйым бірнеше минуттан соң сарғыш қызыл түске тотығады. Содан соң ерітіндіден шығарып, жуып кептіріп, майлап қою керек.



Мыс, жез бұйымдарды қара қоңыр, қара сұр түске тотықтыру

Қаңылтыр қауашаққа бір өлшем күкірт ұнтағын, екі өлшем поташ қосып ағаш таяқшамен араластыру керек.

Содан соң қаңылтыр ыдысты отқа қыздырып, ішіндегісін араластыра отырып қуырады. Қуырған кезде күкірт буы тұтанып, лап етіп жанып, көгілдір жасыл түсті жалын шығарады. Оны сөндіріп әуреленудің қажеті жоқ. Ол тотықтырғыштың сапасына нұқсан келтірмейді. Шамамен 10-15 минут қуырған соң, отты сөндіріп, қуырылған күкірт – поташ қосындысын суытып, ұнтақтау керек. Міне, осыны «қуырған күкірт» деп атайды.

Ерітінді әзірлеу үшін 1л суға 15-20 грамм қуырылған күкірт қосып езу керек. Қуырылған күкіртті талқандап, ұнтақ күйінде аузы нығыз жабылатын әйнек ыдысқа салып сақтап, қажет кезінде суға езіп пайдалануға болады.

Қуырылған күкірт қосылған ерітіндіге түскен жез, мыс, қола





сұр түстен қара сұр түске, қоңыр түстен қара қоңыр түске дейін тотығады. Қажетті түске тотықтырып алып, металл бұйымды таза сұмен жуып, кептіріп, жұқалап майлап қою керек.

Мыс бұйымды сұрғылт түске тотықтыру

1л суға 2-3 шымшым (гр) ас тұзын ерітіп (езіп), осы ерітіндіге мыс бұйымды салса, ол сұрғылт түске тотығып, көне бұйымның түсіндей болып (имитация) шығады.

Мыс бұйымды қызылт қоңыр түске тотықтыру

Бір өлшем хлорлы мырыш (хлористый цинк) бір өлшем титаниинды (медный купорос) араластырып, екі өлшем суға езу керек. Осындай ерітіндіге түскен мыс әдемі қоңыр қызыл түске тотығады.

Алюминий бұйымдарды ажарлау


Біздер ажарлау деген сөзді алып отырған себебіміз, алюминийді химиялық жолмен тотықтыру өте қиын. Алюминийден жасалған бұйымды өңдеп, ажарлаудың ең тиімді тәсілі сырлау болып табылады. Ал сырлау сөзін қолданып отырғанымызда да мән бар. Орайы келгенде ол ойымызды да айта кетуді жөн көрдік.

Сыр сөзі туралы сыр

Арнайы әдебиеттер мен мерзімді баспасөз беттерінде қазіргі қазақ тіліне «майлы бояу» деген сөз етене еніп, қалыптасып барады. Біздің топшылауымыз бойынша майлы бояу сөзі орыс тіліндегі «масляная краска» деген сөзден жасалған калька. Әйтсе де майлы бояу деген сөзді біз түбегейлі қолдай алмаймыз. Орыс халқында «назовем каждую вещь своим именем» деген қанатты сөз бар. Сол сияқты май сөзі мен бояу сөзінің сорпасы қосылмайтынын айта кетпекпіз. Осы тұста марқұм Оспанхан Әубәкіровтың «Иттің аты ит те, құстың аты құс емес пе, ал қасқыр дегенің сақылдап тұрған тіс емес пе?» – деген сөздері еріксіз еске түседі.

Олай болса, қазақ суға езетін барлық бояуларды акварель, гуашь, анилин т.с.с.-мен қына, рауғаш, томар бояу (тамыр бояу) т.б. әртүрлі өсімдіктердің тамырын, жапырағын, жемісін, сүйегін, қауызын, сабағын қайнату арқылы алынатын бояуларды жалпылама бояу деп атайды. Ал майға шыланған (бұлғанған, езілген) түрлі-түсті пигменттерді сыр деп атайды.

Ел аузында «Бояушы, бояушы десе сақалын бояйды» деген сөз бар. Қазіргі жазылып жүргеніндей майлы бояумен боялса, сақалда қандай қасиет қалмақ.





Ертеректе сақал, шаш, тырнақ бояу үшін қазақ қынаны қайна-тып, содан алынған бояуды пайдаланған.

Сол сияқты өсімдік бояуларымен қағаз, қамыс, ши, ағаш, мата, тері, жүн т.с.с. бояған. Жүн бояған кезде балалар бояу қайнатып жатқан қазанға асықтарын қосып салып жіберіп бояп алатын.

Әк, тас, жоса т.с.с. түрлі пигменттерді майға былғап, әзірлеген сырды сыр деп атау қазақ тілінде ежелден берік қалыптасқан құбылыс.

Бұл күндері еденнің, есік-терезенің ағаш жақтауларын, т.б. сырлайтын сырды сыр дейміз де, суретшілер керілген кенепке картина жазатын сырды «майлы бояу» деп мәймөңкелегенде не ұтамыз. Орыс тілінде осы екеуін де «масляные краски» деп атай-ды.

Екеуінің де әзірлену әдістері бірдей. Тек суретшілер тұтынатын сырдың сапасы жоғары, оның пигменттері өте ұсақ ұнтақталады әрі еденге жағатын сырдан гөрі тәуірлеу пигменттер, май қосылады.


Айтар ауызға да жеңіл, естір құлаққа да жағымды әрі қысқа, әрі нұсқа түп-тұнық сыр сөзі тұрғанда құлаққа жүрек айнытатын майлы бояу деген әрі ауыр, әрі «семіз» сөздің қажеті қанша? Әлде бабаларымыз ежелден қолданып келе жатқан сыр сөзінің сыры көше бастағаны ма? Дегенмен, «Сырлыаяқтың сыры кетсе де сыны кетпейді» демеуші ме еді?

Алюминий бұйымның бетіне сырды жұқалап жағып, соңынан қобы жерлерінің сырын құрғақ матамен жайлап ысып қойса, ойлы жерлеріндегі сыр қалыңдау, ал қобы дөңес тұсында жұқпалау бо-лады да бұйымның бедері айқындала түседі.

Сырдың орнына майға шыланған графит ұнтағын осы әдіспен жақса, бұйым әдемі, сұрғылт түске енеді.

Алюминий бұйымды қарайту үшін оның бетіне матамен жұқалап өсімдік майын жағу керек. Содан соң қайыңның тозын немесе керосинге жағылған шүберекті жағып, бұйымды ыстауға болады. Ыстап болған соң жайлап жалынға қақтау керек. Жақсы қақталған металл бетінде май біркелкі жұқа қабат түзеді. Оған жұққан ыс берік сақталады. Қақтаған кезде майдың қатты күйіп кетпегенін қадағалау керек.

Сол сияқты өсімдік майы жағылған алюминий бұйымды ыс-тамай шоқтың табына қақтаса ол қоңыр қызыл түске енеді. Ал скипидар жағылып, шоққа қақталған алюминий бұйым алтын түсті сарғыш қоңыр түске енеді.



Қаңылтыршы

«Елге елек те керек, шелек те керек» дегендей, күнделікті тұрмыста тұтынатын бақыр, шелек, леген, пеш, қалақ, керней, шоқаяқ т.б. бұйымдарды түрлі-түсті қаңылтырдан иіп, бүгіп, дәнекерлеп жасайтын қаңылтырмен үйдің түрлі шаруашылыққа қажетті қосалқы құрылыстарының шатырын жабатын шеберді қаңылтыршы деп атайды.

Қаңылтыршы шебердің негізгі құрал-саймандары мыналар:

Белтемір. Ұзындығы бір құлашқа жуық, қырлы тұзу темір. Ол қаңылтыршының негізгі құралы. Бір ұшы жалпақтау болып келеді. Оған қарсы ұшы шорт кесіледі де, сол ұшына жақынырақ жерде бірнеше тесік және әр түрлі мәнерде көлденең иілген (төрт қырлы, үш қырлы, ойық, т.б.) бірнеше сайы болады. Қаңылтырды ию, бұғу, жапсырмалау, құсыру, белдеулей бедерлеу, тесу, шегелеу сияқты жұмыстардың барлығын белтемірдің көмегімен атқаруға болады.

Өнбес істі бәтшағар қыласың деп,
Ұста келді ұрмаққа тоқпақ алып.

Молда Мұса


Ағаш балға. Ағаш балғаны (тоқпақ) үр тоқпақ деп те атайды. Үйеңкі, қайың, қарағаш, емен, т.б. қатты ағаштың безінен (үйілі, беріші) жасайды.

Безден жасалып майға қайнатылған ағаш балға өте төзімді, берік болады, жарылмайды, қаңсымайды.

Ағаш балғаның басы жұмыр не төрт қырлы болады, қатты ағаштан сап орнатылады. Бұтағы Т әрпі тәрізденіп, діңіне көлденең тік бұрыш жасай біткен ағаштан жасалған балға жұмыс істеуге қолайлы әрі жасалуы да жеңіл. Ол берік болады. Әрі сабы өзінің табиғи қалпын сақтап тұтас біткендіктен басы босамайды. Ағаш балғаның басына жарылып кетпесін деп қаңылтыр құрсаулап қояды. Әдетте ағаш балғаның қаңылтыр ұратын басы тегіс болады да, оған қарсы жағын дөңестеу етіп жасайды. Дөңес жағын қаңылтырдан шұңғыл бұйымдар жасау үшін қолданады.

Ағаш балғамен қатар қаңылтыршы темір балғаны да қолданады. Темір балғадан ағаш балғаның ерекшелігі онымен ұрғанда қаңылтырға дақ түспейді. Дыбысы баяу естіледі, ағаш құралдарын соққанда олардың сабы жарылмайды. Құрал-саймандарға сабы берік орнауы үшін ағаш сына қаққанда тек ағаш балғамен қағады, болмаса сына сынып не жарылып кетеді.





Қайшы.

Шебер қыздың қолында
Балдағы алтын қайшыдай.

Қобыланды батыр

Қаңылтыршының қаңылтыр кесуге (қиюға) арналған аспабы. Қалың қаңылтыр кесу үшін үлкен қайшы қолданады. Ондай қайшының астыңғы сабы төмен қарай тік бұрыш жасай бітеді де, ауыр ағаш дөңбекке қағылады немесе үлкен атауызға бекітіледі. Ал кішігірім жұқа қаңылтырды қию үшін жеңіл, қол қайшы қолданылады.

Сым қырыққыш – жуандығы әртүрлі сымды жылдам қырып түсуге арналған құрал.

Сым қырыққыштың құрылысы өте қарапайым. Қалыңдығы 2см, ұзындығы 25см, астыңғы жағында ағашқа қағуға арналған екі сирағы бар пластинкаға диаметрі бірте-бірте жуандай беретін бірнеше тесік тесіледі. Ең үлкен тесік тесілген басына тағы және бір тесік тесіледі. Оған сым қырыққыштың үстіңгі пышағы шегеленеді. Үстіңгі пышақтың ұзын сабы болады. Әрі жүзі астыңғы пышаққа қарай көлбеу (45° бұрыш жасай) қайырылады. Екі пышақ та суғарылады. Сымды қырку үшін үстіңгі пышақты көтеріп тұрып, астыңғы пышақтың тесігінен қажет мөлшерде сұғып тұрып, үстіңгі пышақты төмен баса қосса болғаны.


Сызғыш. Қаңылтыршылар қаңылтырды өлшеуге, қиятын түсын белгілеп сызу үшін ұзындығы бір метр темір сызғышты пайдаланады.

Сол сияқты тік бұрышты табу үшін қолданатын темір бұрыштаманы (иін) (угольник) да қолданады. Қаңылтыр бетіне түрлі сызық сызып белгі салу үшін ұшы үшкір әрі асыл қадаубасты тұтынады.

Сызбар. Қаңылтыршы ұстайтын сызбар темір ұстасының сызбарындай темірден емес, ағаштан жасалады да әлдеқайда ұзын болады. Ағаш сызбардың екі сирағының ұшына үшкір әрі асыл темір бекітіледі. Онымен қаңылтыр өлшеуге әрі қаңылтыр бетіне түрлі шеңбер сызуға болады. Қаңылтыршы дәнекерлеу жұмысын да жақсы білу керек. Дәнекерлеу үшін қажет құрал-жабдықтың барлығы да қаңылтыршы шеберде болуға тиіс.

Дәнекерлеу

Мыс, жез, темір, қола т.б. металдардан жасалған түрлі бұйымдарды жасағанда дәнекерлеу әдісі жиі қолданылады. Дәнекерлеу дегеніміз металдың екі бөлігін жапсарлап, бір-біріне тиісті-





ре қиюластырып, балқу температурасы сол металдан төменірек басқа металмен немесе басқа металл қоспасымен бекіту, біріктіру. Ол үшін металдың қосылған жерін де екеуін қысатын металды да, яғни дәнекерді белгілі температурада қыздыру керек.

Дәнекердің өзі тез балқитын жұмсақ және баяу балқитын дәнекер болып екіге бөлінеді.

Тез балқитын дәнекерлер қатарына қорғасын, қалайы, мырыш жатады.

Ал баяу балқитын дәнекерлерге мыс-мырыш қоспасы, мыс-күміс қоспасы жатады. Бұл дәнекерді қазақ шеберлері кепсер деп атайды. Алтын бұйымдарды дәнекерлегенде кепсерді күміс пен алтынның қоспасынан жасайды. Кепсерді әр шебер өзі жасап алады.

Жұмсақ (тез балқитын) дәнекермен жұмыс істеуге қажет құрал-саймандар

Қырғыш – бір жүзі тегіс, қарсы жағындағы жүзі дөңес келген асыл, өткір құрал. Дәнекерлеу үшін қажет құралдардың бірі:

Дәнекер балла. Оның жүзі шапқы тәрізді кесек мыстан жасалады. Сабына ұзындығы екі қарыстай темір бекітіледі. Оны көріктің оттығына газбен, бензинмен жұмыс істейтін жанарғыға қыздырып дәнекерлеуге болады.


Электр тогының қуатымен қызатын жеңіл электр дәнекерлегішті ұсақ заттарды дәнекерлеуге қолданады. Сонымен қатар дәнекерлеу жұмысына шымшуыр, егеу, науысқы, қалайы, мүсәтір, тұз қышқылы қажет болады.

Дәнекерлеу үшін металдың дәнекерленетін тұсын бір-біріне қиыстырып, науысқымен ысып, егеумен егеп, қырғышпен қырып, мұқият тазалап алады.

Содан соң 50 гр тұз қышқылына 1 түйір қалайы немесе мырыш салса, ол қышқылда ериді. Осыны шеберлер «дәнекер жұтқызу» деп атайды. Осы қышқылды қылқаламмен немесе құс қауырсынынан буылып жасалатын қаламмен дәнекерлейтін жерге жағады.

Әрі қарай қызып тұрған дәнекер балғаның жүзін мүсәтірге немесе қарағайдың шайырына батырып алып, оған шымшуырмен қысып бір кесек қалайы жұқтырып, дәнекерленетін жерге тигізе әрлі-берлі жүргізу керек. Сонда дәнекер аз болса ұсақталған қалайы түйіршігін шымшуырмен қысып, дәнекерленетін металға





қосуға болады. Ал қалайы қалың болса, суыған соң артығын қырғышпен қырып тастайды. Қалайыны еш уақытта егеумен егеуге болмайды, өйткені ол егеудің қышырына толып қалады да, егеуді істен шығарады.

Дәнекерлеп болған соң дәнекерленген жерді мұқият жуып тастау керек. Өйткені тұз қышқылының қалдығы металды тотықтырып, бүлдіріп жібереді.

Сол сияқты электр дәнекерлегішті де, дәнекерлегіш лампы бензинмен, газбен қызатын ашық жалынды жанарғыларды да дәнекерлеу жұмысына пайдалануға болады.

Дәнекерлеген кезде жұмысты асбест төселген темір верстактың үстінде істеген жөн. Өрт шығып кетпеуі үшін жанармай, қағаз, ағаш тәрізді жылдам жанатын заттарға жақын жерде жұмыс істеуге болмайды. Тұз қышқылымен жұмыс істегенде оны теріге, көзге тигізіп алудан сақ болу керек. Дәнекерлегенде ауаны сыртқа тартып әкететін тұрқылығы бар бөлмеде немесе ашық ауада жұмыс істеген жөн, мүсәтір, қызғанда өткір иісті улы түтін шығады. Ол адамның денсаулығына зиян келтіреді.

Қалайылау

Ұстаса қашағанның құрығы,

Қалайылаған тасты орданың сырығы.

Қазтуған жырау

Жез, мыс, қалайы, қоладан жасаған мүлік жылдам тотығып, қарайып кетеді. Сондықтан оларға қалайы жалатып қойса тотықпайды, әрі күміс тәрізді ашық түске еніп, әдемі көрінеді.

Ол үшін қалайылайтын бұйымды тұз қышқылының ерітіндісіне (25% тұз қышқылын қосып) салып тотығын тазартып алады. Содан соң суға салып жуып, кептіріп, үстіне біркелкі етіп қыздырып, былғарыдан жасалған бұлғауышпен (тампон) қалайыны біркелкі етіп бұйымның бетіне жағу керек.

Егер қалайыланатын бұйым кішірек болса тазартып алған соң оқбақырда балқып тұрған қалайыға батырып алуға да болады. Міне, осыны металға қалайы жалату дейді. Мырышты да осы әдіспен жалатуға болады.

Кейде мүйіз, сүйек, ағаштан жасалған бұйымдарды әшекейлеу мақсатымен қалайымен құрсаулай қоршап, өрнектейді. Ол үшін бұйымның сыртын айналдыра торлап, ойық сала егеді. Осы жұмыста ойықтың барлығы бір-бірімен өзара байланысып жа-

туы шарт. Егер ол байланыспай түйықталып қалса, онда әрі қарай қалайы жүрмей қояды. Құрсаулай егеп алған соң жұқа қаңылтырмен бұйымның сыртын орап, өзара жалғасып жатқан ойық құрсаудың кез келген бір шетінен тесік қалдырып, сол арқылы қорып тұрған қалайыны ойықтар түгел толғанша құйып жібереді. Қалайыны суыған соң артық жерлерін қырып, тазалап, науысқымен ысқылап, ең соңынан киізге, былғарыға үйкеп әрлеу керек. Қызған қалайы қатты күйдіріп кетпес үшін ойықтарды қалайы құяр алдында майға ұсақ күл, графит, балауыз араластырып майлап қою керек. Сол сияқты қалайыдан әртүрлі ойыншық, дойбының, шахматтың тастарын, ұршықтың басы, т.б. толып жатқан ұсақ бұйымдар құйып шығаруға болады.

Ол үшін сазбалшықтан, гипстен, қыш кірпіштен, қаңылтырдан қалып жасалады. Қалып кебу болуы шарт. Әрі қалыпты қиярдың алдында ішкі бетіне графит ұнтағын немесе май жағып барып қорыған қалайыны жеткілікті мөлшерде құюға болады.



Қалайыдан түрлі ұсақ бұйым құюдың екінші әдісі қалайыдан бұйым жасап оны әбден езіліп, иі қанған қоймалжың сазбалшыққа батырып алып, кептіру керек. Әбден кепкен соң оның сыртына сазбалшық жағып, қалыңдатып кептіру керек. Содан соң оның астыңғы жағын абайлап тесіп, оған қарсы жағынан кішірек тесік шығарып қорыған қалайы құяды. Қалайының қызуымен балауыз еріп екінші тесіктен ағып кетеді. Оның орнына қалайы толып құйылады. Суыған соң сазбалшықты еппен сындырып, ішіндегі қалайы мүсінді шығарып алуға болады. Қалайыланған мыс, жез бұйымдардың бетіне түртпемен өрнек салып, өрнектің өрісін безеуішпен безеп қоюға болады.

Сонда ақ түсті қалайы мен мыстың қызыл, жездің сары түсі әдемі астасып үндестік табады.

Қаңылтыршының қолданатын негізгі әдіс-тәсілдері

Ию. Қаңылтырдан пеш, керней, құбыр, суағар т.б. жасағанда шеберлер оны білтемірге салып иеді. Иген кезде ағаш балғамен демеп ұруға да болады.

Бугу. Керней, құбыр т.б. қуыс бұйымдарды жапсарластыра қиыстырып бекіту үшін оларды қажетті (диаметрде) жуандықта пішіп алу керек. Егер кернейге «шынтақ» шығару яғни екі кернейді қиыстырып тік бұрыш шығару керек болса, онда қиюласатын бастарын арнаулы үлгімен пішіп, қиып алады.



А.С.В. НАСЛАХ. II. ҚЫПШАҚ. П.Г.П. ҚОНЫРАТ. X. □. +. КЕРЕЙ. П.Х.Т.С.С. АРБАҢ. ∞. ∞. ∞. ТАМЫРЛАР ТАРАПА БЕРСІН. УАҚ.



Әрі қарай жапсарласатын жиектерін белтемірдің қырына салып, ағаш балғамен енін 0,5 см етіп бүгеді. Сыртқы жапсары оған қарама-қарсы әрі одан 2 мм артық алынады да, ол да осы әдіспен бүгіледі. Әрі қарай бүгілген жерлерін бір-біріне тістестіре қаусырып дәлдеп қиюластырып, белтемірдің қырына салып, ағаш балғамен жапыра ұру керек. Шынтақ та осы әдіспен жапсарласады. Тек оны түгел жапсыра ұрмай бүгілетін тұсын 900 – тік бұрыш күйінде қалдырады.

Пештің қақпағына, есігіне (аузына) самауырдың кернейіне тұтқа орнатарда оны қаңылтырды бүкпей тұрып шегелеп алу керек. Тұтқаны қаңылтырдан қабаттап бүктеп жасайды.

Шегелеу. Қаңылтыр бұйымдардың бөліктерін (кернейдің тұтқасы, пештің сирағы т.б.) бір-біріне шегелеу үшін қаңылтыр қиындыларынан шеге әзірленеді. Мұндай шеге әзірлеудің бірнеше әдісі бар. Бірінші әдісі: қаңылтыр ұзындығы 2см ромб тәрізді қиылады.

Оның екі жағындағы екі бұрышын ішіне қарай үшкірлей бүктеп ширатып, үшкір жағын белтемірдің тесігіне сұғып, төбесіндегі бұрышын балғамен ішіне қарай соқса, бүркеншікті шеге шығады.

Шегені қаға білмесең, қолыңды ұрасың.

Түймені таға білмесең, қолыңа ине тығасың.

Мақал

...«Болаттан шеге соқтырып,

Шаңырағын торлатқан»...

Бұқар жырау



Шеберді шеге қағысынан таны.

Мақал

Екінші әдісі – қаңылтырды ромб тәрізді қиып, ұзын жағындағы бір бұрышын доғалдай қиып, ен жағын ішке қарай шиыршықтай бүктеп, балғамен ауната ұрса, конус тәрізді шеге шығады. Бүркеншік шығару үшін белтемірдің тесігіне сұғып, төбесінен балғамен жайлап ұрса болғаны.

Үшінші әдісі – қаңылтырды шаршылап (төрт бұрышты) қиып алып, ортасына кішкене өзек қалдыра шиыршықтай бүктеу.

Содан соң шегеленетін бөліктерге осы шеге еркін сыятындай тесік тесіп, содан шегені өткізіп, шегенің ортасындағы қадаубастың үшкір жағын қадай ұрып, шегенің бір басын кере кеңітіп алған соң, екінші басын да осындай кеңітіп, балғамен жапсыра ұрып шегелейді. Болмаса, жез, мыс, алюминий шыбықтарды қажетінше қырқып алып, шегенің екі басын тойтара шегелеуге де болады.





Сәндік үшін шегенің астына қаңылтырда дөңгелете (шеңбер) қиып шығырық салып, оның жиектерін шашақтай қиып гүл тәрізді желбіретіп қояды.

Терезенің әйнегін бекітетін шегені де қаңылтыр қиындысынан жасауға болады. Ол үшін қаңылтырды ұсақтап үш бұрыштап қияды да бір бұрышын терезенің рамасына қадап, қарсы қырынан жалпақ қашаудың қырымен шегені әйнекке тақай соғады. Қаңылтыр бұйымдарды тот баспасын деп, металға арналған қара сырмен сырлап қояды.


Мыс, жез, мельхиор қиындыларын үш бұрыштай қиып, ағаш бұйымдарға батыра ұрып, өрнек салуға болады.

Ол үшін ағашқа алдын-ала өткір пышақтың ұшымен сызып, өрнек салынады. Содан соң үш бұрышты қаңылтыр қиындысының үшкір жағын сызықтың бойын қуалай қадап, қарсы қырынан балғамен ендіре ұрады. Сөйтіп сызылған өрнектің өн бойын қуалай қаңылтыр шеге ұрып шығу керек. Болған соң, науысқымен ысып жалтыратады.

Құрсаулау. Қаңылтырмен түрлі ағаштан жасалған мүліктерді жарылып кетпесін деп, әдемілеп шегендеп құрсаулап қояды. Ер-теректе фаянс ыдыстардың тапшы кезінде, сынып қалған шыны-шәйнек ыдыстарды құрсаулайтын.

Сол сияқты жарылып кеткен ағаш, науа, астау, шанақ, келі т.б. ыдыстар да қаңылтырмен құрсауланады. Қаңылтырмен ағаш сандық, қобди т.б. бетін қаптап бедерлеп, өрнек салып қояды.

Қаңылтыр қиындыларынан балаларға түрлі ойыншық та жасауға болады.



Applied art (arts and crafts) of Kazakh people

From ancient times our people developed its art that agreed with the spirit of times along with its labor activity. It emerged in high antiquity and became one of the important fields of arts and crafts. With the course of time applied arts advanced and excelled in accordance with historical, economical, social and political conditions of people's life.

The masters of applied art of "andron culture" (X-VIII BC.) tribes made different types of bronze arms, knives, arrows, crescents, axes, swords and various jewelry items, clay dishes decorated with geometrical ornaments even at those times.

It has been proved scientifically that the tribes of saks, hunn, uysin, zhalayir, naiman and kanly who inhabited the territory of modern Kazakhstan are the main groups which made Kazakh nation. The skiffs of east Europe, the people of Central Asia, far East, Siberia and Altay had a great impact on the development of our people's culture and art. The art of neighboring people enriched thanks to relations, traveling, trade and art. The valuable specimens of applied arts found on the territory of Kazakhstan since the times of Stone Age are kept in museums.

Applied art is a reflection of people's culture. It is a rich spring of arts and crafts which has excelled for ages and gone through test of times. It is a traditional art which is passed from one generation to another transformed and renewed.

Applied art (arts and crafts) of different nations develops in harmony with history, customs and traditions and national consciousness and awakens lovely/superb feelings. It raises one up to the peak of world art. We get spiritual-esthetical upbringing through it. Every single thing starting from little tiny button up to different items of house, caparison, musical instruments, clothes, dishes, decorations is the creation/work of people's applied art. The people who make the items of applied art decorated and perfected in conformity with high creativity and esthetical requirements are called masters. Every master has its own technique of creating things and also his favorite type of raw material. The mostly used raw materials by Kazakh masters are wood, metal, stone, leather, bone, wool, chee grass, reed and etc. Oyushi is a master of ornaments. Agash ustasy is a master who makes things from wood. Temirshi is a master who makes things from metal. Zerger is a master who makes articles from valuable metals and jewels. There are masters such as masters making saddles, shoemakers, tailors, weavers, masters making stranded harness, lapidaries, dyers and etc.

Kazakhs have a proverb: “Even seventy skills are not enough for a dzhigit (young fellow). If one perfectly acquired several types of art people say that “He is a jack-of-all-trades” or “handyman”.

The authors of this publication are famous artists: ethno-designers, Professor art historian, professor, honored art worker of Kazakhstan Darkenbai Shokparuly and master-jeweler Daulet Darkembaiuly. They are recognized masters of Kazakh applied art (applied arts and crafts).

The Kazakh people arts and crafts facets are fully described in this book. A reader will be caught by the history of applied arts products origin and by the extracts from speakings works. There are descriptions of instruments and raw materials required for making applied arts products, their areas of application and technological techniques are given in the book.

The book consists of five chapters. It is very rare that the products of the masters are not decorated with tracery and ornaments. Therefore the first chapter gives the description of general elements applicable to all types of applied art. It is called “Tracery and ornaments are high art”. It has the names of the ornaments connected with their structure, the ways of putting them on items and people’s beliefs connected with the tracery and ornaments. The second chapter is “Wood work”. Wood is one of the first materials used by man. You can find the extracts from speaking in this chapter. They describe this material, its peculiarities and features. It gives detailed description of types of wood, paints, the decoration of wood items, wood processing and etc. The third chapter is called “When a bone comes to life”. The chapter begins with the clarification of the etymology of the word “bone”. Further it gives interesting information about beliefs connected with this material, system of measurements of Kazakhs involving the sizes of human bones and the types of products made from bones. Leather processing was very important in everyday life and arts and crafts of Kazakh people. Chapter four “Finishing skin of domestic and wild animals” introduces currying techniques, the names of skin parts and the types and quality of leather products. The last chapter is “Metal processing/working”. It gives the secrets of metal working/processing mastery. There is also information on metal work instruments, types of metal, the ways of processing and traditional jewelry art.

The book has the illustrations of products specimens made by masters in different times. The book would be very helpful to those studying applied art, to ethno graphs, young people and to people who are interested in making the products of applied arts.

Мазмұны

I тарау.

Қазақтың ою-өрнек өнері

Ою-өрнек – өрелі өнер

Су жүргізу 13

Ою ойып, өрнек салам десеңіз 15

II тарау.

Ағаш өңдеу

Шеберлік сыры 39

Ағаш бояулары 40

Желім..... 42

Шебердің шеберханасы..... 45

Құрал-саймандар 45

III тарау.

Сүйектерге жан бітсе

Атау төркіні..... 73

Нанымдар мен ұғымдар 75

Өлшемдер 75

Бұйымдар 77

IV тарау.

Аң терілері мен

мал терілерін өңдеу

Аң терілерін өңдеу 89

Аң терілерін илеу 89

Мал терілерінің

түрлері мен атаулары 91

Терінің бітімі мен болмысы 93

Таспа 95

Тарамыс 95

Көн 97

Көннен жасалатын бұйымдар 97

Былғарыдан жасалатын бұйымдар 125

Иленген теріден жасалатын бұйымдар	135
Теріден жасалған ыдыстарды ыстау	141
Теріні бояу тәсілдері	143

V тарау.

Металл өңдеу

Ұсталық-зергерлік өнері	151
Дүкен (Ұстахана)	159
Ұстаның құрал-саймандары	161
Металды меңгерген ұста-зергерлер.....	174
Ұсталық өнеріндегі қолданылатын негізгі әдістер	177

VI тарау

Зергерлік өнер

Зергерлік өнер	191
Үлгілер	215
Зергерлік өнерінде қолданылатын негізгі әдіс-тәсілдер	218
Металдан шынжыр жасаудың әдіс-тәсілдері	236
Болат бұйымды түсті металмен оймыштап әшекейлеу	241
Алтынмен аптау	245
Түсті металды тотықтыру тәсілдері	250
Алюминий бұйымдарды ажарлау.....	255
Қаңылтыршы	257
Дәнекерлеу	259
Жұмсақ (тез балқитын) дәнекермен жұмыс істеуге қажет құрал-саймандар	261
Қалайылау	262
Қаңылтыршының қолданатын негізгі әдіс-тәсілдері	263
Applied art (arts and crafts) of Kazakh people	268

Баспа жобасының жетекшісі **Э.Н.Баталова**

Әдеби-танымдық басылым

Дәркембай Шоқпарұлы, Дәулет Дәркембайұлы
ҚАЗАҚТЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІ

Кітапқа Шахан Маханбетов түсірген фотосуреттер мен
«Ұста Дәркембай» мұражайының мұрағат материалдары пайдаланылды.

Ағылшын тіліне аударған **Н. Дүйсебекова**

Редакторы **А. Сужикова**
Компьютерде көркемдеп, беттеген **Ш. Маханбетов**
Корректоры **А. Ахметова**

Басуға 21.05.2007 қол қойылды. Пішімі 84x90^{1/16}.
Офсеттік басылым. Әріп түрі "SvetlanaD". Офсеттік қағаз.
Есептік баспа табағы 28,22. Шартты баспа табағы 23,8.
Шартты бояулы бет таңбасы 92,5. Таралымы 5000 дана.
Тапсырыс № 177.

«Алматыкітап» ЖШС,
050012, Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 111-үй,
тел.: (327) 250-29-58, факс: (327) 292-81-10.

Кітаптарды «Алматыкітап» ЖШС-нің Алматы қаласындағы кітап дүкендерінен
және Астана қаласындағы Абай көшесі, 73-үй, тел.: (3172) 32-77-67,
Иманов көшесі, 14-үй, тел./факс: (3172) 22-33-03
филиалдарынан сатып алуларыңызға болады.

Кітаптарды «Кітап-пошта» дүкені арқылы алуыңызға болады.

Мекенжайымыз: 050000, Алматы қаласы, а/я 145.

Тел.: (327) 221-34-06, 221-25-21; маркетинг бөлімі: 292-57-20

Кітаптар мен жаңа басылымдар туралы мағлұматтарды «Алматыкітап» ЖШС-нің

E-mail: alkitap@asdc.kz, alkitap@intelsoft.kz;

www.almatykitap.kz.

сайты арқылы білулеріңізге болады.

Көп мөлшерде алушыларға жеңілдіктер беріледі.

ISBN 9965-24-806-0



9 789965 248061